

05.392

Шириной Досова

Менің
Мәңгілік
Көктелім

Мен Өзбекстанда, Балалық шағымды мұсылман отбасында дүниеге келдім. Менің ата-анам – ағам мен әкем, әлі күнге дейін біздің үйімізде өмір сүріп отыр. Менің ағам мен әкем менің өмірімдегі ең маңызды адамдарым. Менің ағам мен әкем менің өмірімдегі ең маңызды адамдарым.

Менің мәңгілік көктемім



«ШЫҒЫС
СӘУЛЕСЬ»

ББК 86.3

Д 64

Шығыс Сәулесі

64 Досова Ш. Менің мәңгілік көктемім: Өмірбаян.

Аударған Өміржанов Т. Қ.

Алматы: – «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ», 2007 – 112 бет.

ISBN 9965-9969-6-2

Менің мәңгілік көктемім: Өмірбаян. – «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»

Орта Азияда мұсылман отбасында дүниеге келген, кейіннен Мәсіхті қабылдап, Мәскеудегі Арбат пен вокзалдарда Ізгі хабарды батыл жариялаған әйелдің өмірі мен қызметі жайлы.

ББК 86.3

Д 0403000000

00(05)-07

05.392

ISBN 9965-9969-6-2



«ШЫҒЫС
СӘУЛЕСІ»

Анамның жарқын бейнесіне арналады...

Мен Өзбекстанда, балалы-шағалы мұсылман отбасында дүниеге келдім. Жанұямызда он ағайындымыз. Әкеміз – тәжік, ал шешеміз украин қызы болатын. Шешемнің ата-анасы, менің нағашы атам мен әжем православиеліктер еді. Олар бізге Мәсіх туралы еш нәрсе айтпайтын, бірақ мен олардың, әсіресе әжемнің мінәжат етіп отырғанын жиі көретінмін. Бірде әжемнің көз жасын төгіп, шешеме: «Сен дүниеге он бала әкелдің, ал олардың бәрінің Мәсіхті білмей өтетіндері қандай өкінішті» дегені есімде.

1941 жылы «отанын сатқан» деп айып тағылған адамдардың отбасыларын жер аударған кезде, атам мен әжем Украинадан менің шешеммен және өзге де жер аударылған отбасылармен бірге Өзбекстанға келген. Шешемнің бауыры Александр Сталиннің қылышынан қан тамған тұста өзге де миллиондаған жазықсыз жандар секілді «халық жауы» ретінде қаза болған.

Ол кезде адамдар қиындықтан бас сауғалап, Украинадан Америка мен Канадаға қоныс аударды. Атам да отбасымен бірге солай кетпек болыпты, бірақ ол жаққа бару үшін кемемен жүзуге тура келетін, ол кезде әжем қатты науқастанып, жолда өліп қалсам сүйегім теңіздегі балықтарға жем болар деп қорқыпты. Бірақ, Өзбекстанға келгеннен кейін ол: «Бұдан да сол кезде балықтарға жем болғаным артық еді...» деп жиі қайталайтын. Олар Өзбекстанға жету үшін мал тиеген вагондарда бір ай бойы жүріп келіпті. Ақыры оларды күні күйіп тұрған далада вагоннан түсіріп, мал қоралары секілді барақтарға орналастырады. Адамдар аштықтан ісініп, әсіресе іш сүзегінен баудай түсіп қырылып жатты. Олар алғашқы кездері тасбақа ұстап жеп күнелтті, бірақ арада көп өтпей олар да таусылды. Мұндайды бұрын көрмеген әжем оларды «жылан бастылар» деп атайтын. Қазанда қайнап жатқан суға тірідей тастағанда, ол сауытынан басын шығарып, аянышты дауыс шығарған сайын, әжем талып қала береді екен. Оның көз алдына барлық жерден тасбақалар елестеген. Бірде мінәжат етпек болып Мәриям бейнесін қолына алғанда, сол бейнеден өзіне тасбақа қарап тұрғандай болып елестеген соң әжем оның етін жеуден мүлде бас тартады. Су да таусылып, елді індет жайлай бастайды.

Кіші ұлы Федорды алып, әжем «өзінің туған Украинасына» қашады, өйткені онда оның тағы да үш баласы қалған еді. Бірақ, «өзінің туған Украинасында» оны ұстап алып, Красноярск

қаласындағы түрмеге жібереді. Оған ол жерден де қашып шығудың сәті түседі. Кішкентай Федорды көтеріп алған ол жасырына жүріп пойыз бекетіне келеді. Арада бір жарым ай уақыт өткенде ол кереметтің күшімен Өзбекстанға, өзінің туыстарына келіп қосылады. Аман қалу үшін олар өздерінде бардың бәрін сатуға мәжбүр болады. Менің сол кезде жиырма жастағы анам өзінің әдемі көйлектерінің бәрін нанға айырбастапты. Кейіннен ол: «Егер қолымда бір жапырақ қатқан қара наным болса, мен ашпын деп ешқашан айтпайтын боламын» деп өз-өзіне берген уәдесін жиі еске алып отыратын.

Ол кездері Өзбекстанда әскери тұтқындар – немістер, италиялықтар, жапондар көп болатын. Олар да аш-жалаңаш еді, бұған қоса оларды аяусыз ұрып-соғатын. Сол кездері олардың басым көпшілігі қырылды. Әскери тұтқындар тиелген эшелон келген кезде, алдымен оларға тұздалған балық беретін. Содан соң олар жата қалып шалшықтағы суға бас қоятын. Көпшілігі орындарынан тұра алмай, сол жатқан жерлерінде жан тәсілім ететін. Олардың денелерін бір шұңқырға лақтырып тастайтын. Ал Сталин қайтыс болғаннан кейін, Мәскеуден тексеру келеді деген кезде, әр тұтқынды жеке-жеке көміп, оған қоса басына айқыш орнатып отырған секілді етіп, бір түнде бүкіл алаңқайға айқыш ескерткіштер орнатып шықты. Нағашым бір дөңес жерді егістік үшін жыртқан кезінде, артында адамның бас сүйектерінің бақшадағы қарбыздардай шашылып жатқанын айтатын.

Бірде, әскери тұтқындарды жұмысқа егістік алқабымен айдап бара жатқан кезде, аяғының астындағы кішкентай қызанақты жұлып алмақшы болып еңкейген бір тұтқынды атып тастайды. Бұл оқиға өмір бойы анамның есінен кеткен емес.

Шешемнің отбасында адам өмірінің құндылығы жайындағы тәрбие күшті болды. Мысалы, үш соғысқа қатысып, патша заманында Георгий айқышымен марапатталған менің атам, шешемнің әкесі Степан Сидорович өз өміріндегі басты нәрсеге: үш соғыста бірде-бір адамды өлтірмегеніне қуанатын. Ал оның Георгий айқышын алуы былай болыпты: шабуыл кезінде ол австриялықтардың бекінген орына бірінші болып секіріп түседі, ал күтпеген жерден сасып қалған австриялықтар бірде-бір оқ шығармастан қолдарын көтереді. Сол айқыш үшін оған ай сайын үш сом ақша төлейтін, ол кездері бұндай ақшаға бір сиыр сатып алуға болатын еді. Атам өте қарулы болған адам екен, оны күрестен өз

ауылынан ғана емес, көрші ауылдардан да ешкім жеңе алмапты. Соғыста жүрген кезінде мәдени бағдарламамен алғы шепке келген жауынгерлердің ішіндегі ең күштісі әскерлерге күш сынасып көруді ұсынады. Сонда менің атамнан өзге ешкім шықпапты. Кейіннен өзі: «Әлгінің қолынан былай ұстап қысып едім, ол: «Бауырым, босатшы!» деп жалбарынды», – деп есіне алып отыратын. Бірде атам партизандық жорық кезінде бір австриялық жауынгермен бетпе-бет келіп қалады. Екеуінің де қолдары еріксіз қаруларына қарай созылады, алайда атам кенеттен қабынан асығыс нанды алады да, әлгіге ұсынады. Бұған жауап ретінде ол қабынан шошқаның майын шығарады. Олар ағаштың түбінде отырып нан мен шошқаның майын жеп алады да, содан соң атам оған: «Ну, тепера тоби – туда, а мени – сюда» (Ал, енді сен алай кет, мен былай кетейін), – дейді. Сөйтіп олар өз алдарына кетіп қалады. Тағы бірде жау солдатты ол күзетіп тұрған қойманың жанына еңбектеп келіп, оған қарай граната лақтырады. Бірақ граната жарылмай қалады, сонда атам қорқып кеткен дұшпанына: «Тикай, тикай, хучей тикай! (Қаш, тезірек қашып кет!) – деп айқайлап, мылтығын аспанға қаратып екі рет атып жібереді. Шабуылға шыққан кезде атам да өзгелермен бірге алға қарай жүгіреді екен, бірақ ылғи да мылтығын тек аспанға қаратып атқан. «Бірде-бір адамның өліміне себепкер болмағаным қандай жақсы болды. Ол да – адам ғой! Ажалың жетіп, Құдайдың алдына барған кезде адам өлтіргенің үшін не деп жауап бермексің?» – деп атам жиі қайталайтын.

«Чапаев» киносымен тәрбиеленген біздер, оның қылышын оңды-солды сілтеп, ақтарды қырып жүргенін көріп атамыздың соғыста бірде-бір дұшпанды өлтірмегеніне ұялатынбыз. Оны қорқақ деп мазақ етіп, тіпті: «Ата, сенің бұған мақтанғаның ұят, тым болмаса бұл туралы ешкімге айтпасаңшы, әйтпесе мектепте балалар бізді мазақ етеді», – деп ақыл айтатынбыз. Қазір мен өзгенің өмірі үшін өз өмірін қатерге тіккен ержүрек атама бас иер едім.

Менің атам соғысқа адамдарды өлтіруге шақырылған солдат болды, бірақ, сірә, Мәсіхтің өсиеттері оның жүрегінен терең орын алған болса керек. Егер адамдардың бәрі атам секілді соғысқан болса, онда соғыс та болмас еді. Мен дәл сол үшін де Құдай менің атамның өмірін сақтап, оның отбасына батасын берді ғой деп ойлаймын: аштық жайлаған жерге анық өлімге айдалған оның әйелі мен бес баласы да аман қалды. Ол кездері баласы қайтыс болмаған бірде-бір отбасы жоқ болатын. Тіпті төрт, бес баласы

бірдей қайтыс болған отбасылары да бар. Атам өзінің сенімі туралы көп айта бермейтін, ол оңаша қалғанды жақсы көретін. Бірақ, біз оның тозығы жеткен Киелі кітапты оқып отырғанын жиі көретінбіз. Атамның тағдыры өте ауыр болды: ол қандай жерлерде ғана болмады десеңізші! Тіпті ауылдың старостасы болғаны үшін «қарғыс атқан Кеңестер өкіметінің» кесірінен итжеккенде де (Сібір) болып қайтты. Сталинды мақтаған кезде, әкем айылын жимастан оның суретіне түкіріп: «Сталиннің суретін, тіпті, әжетханаға іліп қоюға да тұрмайды», – дейтін. Менің атам 84 жасында қайтыс болды. Өлерінің алдында ол төсегінен басын көтеріп: «Әне, есікте патшалар тұр, олар мені алып кету үшін келді», – деді де, көзін жұмды.

Мен жер аударылып келген украиндар, немістер, орыстар, финдер, кәрістер, әзірбайжандар, болгарлар, қырым татарлары, эстондар, шешендер, гректер, қарашайлар, еврейлер тұрған ауылда өстім. Тіпті, онда бір қытайлық та болды, оны жергілікті адамдар орысшалап Володя деп атайтын. Қытайда ол кеме капитаны болыпты, ал бұл жерде әупірімдеп жүріп өлімнен аман қалды. Ол трактор айдайтындардан жиі керосин сұрап алып ішіп жүретін және: «Сендер ештеңені түсінбейсіңдер, керосин – барлық ауруға дауа», – дейтін. Тағы да Абдулла атты қарашай шал болды. Балалар оны өте жақсы көретін. Ол өсіретін аяқтары түкті әдемі көгершіндерді көру үшін оның жанынан шықпайтын. Қарт ішінде бір темір төсек, ас ішетін үстел және өзі сүт ашытып ішетін ағаш сандығынан өзге еш нәрсе жоқ кішкентай жер үйде тұрды. Маңайымызда тәжіктер де көп болды. Сірә, көп ұлтты адамдардың арасында өскендігімнен болар, мен ұлтшылдықтың кез келген түрін жек көремін.

Бізде жай ғана жер ауып келгендер емес, еліміздің таңдаулы адамдарының тұрғанын айтуға тиіспін. Олар өте өнегелі, еңбексүйгіш адамдар болатын. Олардың арасында белгілі адамдар да аз болған жоқ, бірақ ол кезде ешкімнің бұлармен ісі болмады. Сөйтіп, олардың көпшілігі атаусыз күйінде қалды. Мысалы, біздің ауылда Москва консерваториясының доценті, тамаша пианиношы Рудольф Адольфович Керер жұмыс істеді. Ол «Аппассионата» фильмінде ойнаған. Онда мынандай бір эпизод бар: Горькийдің үйіне Ленин келіп, Керердің орындауындағы «Аппассионатаны» тыңдайды да, оның атына мақтау айтады. Ал байғұс Керер біздің ауылда лай айдап, кірпіш құйды. Ауылдың байырғы тұрғындары осынау түсініксіз жер аударылғандардың ауыр жұмыс күнінен кейін ескі радиоқабылдағыштың жанына жиналып, дәл сондай

түсініксіз «созылмалы» әуен – классиканы немесе операны тыңдап отыратындарын еске алады. Ал жұмыс өте ауыр болатын: қырық-елу градус ыстықтың астында жүріп мақта жинау оңай шаруа емес. Күннің ыстығынан ішіндегі суы қайнап кеткен жалғыз тат басқан бөшкеден су ішу үшін бүкіл егіс даласын басып өтіп баруға тура келетін. Біздің ауылдағы сегіз жылдық шағын мектепте ақсүйек тұқымынан шыққан Елизавета Рудольфовна атты тамаша әйел сабақ берді. Ол үш тілде еркін сөйлейтін, өзі Москвада шет тілдер институтында неміс және француз тілдерінен сабақ беріпті. Өкіметке бір нәрсесі жақпай қалып, бізге жер аударылып келген. Қазір сол адамдардың бәрі қайда? «Кейбірлері қайтыс болды, ал қалғандары алыста...» Қайта құру басталғанда олар Германияға, Ресейге кете бастады. Дәл осы жер аударылғандар өздерінің мінәжаттарымен «жерді жыртып», Ізгі хабарды таратып, себу үшін даярлап кетті. Қазір мен көптеген жергілікті тұрғындар – тәжіктер, өзбектер, қазақтар, қарақалпақтар мен қырғыздардың Исаға бет бұрып, Оны өздерінің жеке Құтқарушысы ретінде қабылдап жатқандарының куәсімін.

Қазір біздің ауылда жер аударылғандардан ешқайда кетуге шамасы жоқ, ешкімге керексіз болып жұртта қалған бірнеше ғана отбасы қалыпты. Жетпіс жастағы жалғызбасты Мария әжей өзінің жасы жүзге келген, сал болып жатқан шешесін бағып отыр. Олар ұдайы жылыну үшін, ең бастысы шешесінің жаялықтарын келтіру үшін отқа жағатын отынды қайдан аламын деп жылайды. Дәл осындай жастағы Лена әжей қырық жасар жарымес қызы Надямен бірге өмір сүріп жатыр. Ал балалар бақшасының меңгерушісі болып істеген біздің көршіміз финдік Эди қайта құрудан кейін жұмыссыз, зейнетақысыз қалып, жалғыз сиырының арқасында күн көріп отырған еді. Бірақ, бір күні оның сиыры да ауырып, аяқ астынан өліп қалды. Мен бұдан өткен ауыр қайғыны көрген емеспін – ол дәл бір жалғыз баласынан айырылғандай болды.

Көшіп кеткендердің үйіне Тәжікстаннан келген босқын қазақтар қоныстанды. Сөйтіп, ауылдың келбеті мүлде өзгеріп шыға келді. Өйткені қазақтар кең далада киіз үй тігіп, жылқы бағып өскен халық қой. Оның үстіне, экономикалық жағдайларға байланысты ауылда жарықты, газды қиып тастады да, адамдар отқа жағу үшін ағаштарды кесе бастады. Осылайша, бір кездері жасыл желекке малынып тұрған ауыл ағаштарынан айырылып, қаңырап қалды. Ең жаманы: ауылдағы барлық қоғамдық орындар – балалар бақшасы,

кеңсе, екі қабатты мәдениет үйі – бәрі қиратылды. Адамдар оларды қиратып, кірпіштерін, есік-терезелері мен шиферін тасып алып кетті. Осы қираған ғимараттардың ішінде тек 1937 жылы Карелиядан келген финдер салған монша ғана бүлінбей, сол күйінде тұр. Елдің айтуынша оның мықты қаланғаны сондай, бір кірпіші де орнынан қозғалмай қойыпты. Ал менің ойымша адамдар оны басқа себеппен бұза алмай отыр, өйткені бұл монша сол кездегі зұлматтың куәсі іспетті. Әскери тұтқындарды аптасына бір рет сонда жуынуға алып келетін. Ол жерден әлгілердің бір бөлігі ғана өз аяқтарымен шығатын, ал қалғандарын көтеріп алып шығып арбаның үстіне үйетін. Тұтқындар өте әлсіз еді: олар моншаның ыстығына шыдай алмай өліп кететін. Содан соң әлгі арбадағыларды ауыл шетіне шығарып, денелерін үлкен шұңқырға аудара салатын.

Қазіргі жастарға ақшадан өзге ешнәрсенің қажеті жоқ деп ойлайтын үлкендер бұл туралы естеріне алмайды. Сол кездегі ауылымда болған оқиғалар туралы ой толғап, осы кітапты жазып отырған кезімде, мен іштей өзімнің туған ауылыма барып, ауылдастарыммен бірге сол жерде мінәжат етіп, Құдайдан кешірім сұраудың қажеттілігін сезіндім, мүмкін, содан кейін біздің өміріміз бен ауылымыз жақсы жағына қарай өзгере бастар. Дереу ағама барып, нарцисс гүлдерінен бір құшақ үзіп алдым да, көшеде ойнап жүрген балаларға келіп: «Табытгүл қоюға қатысқысы келгендерің менімен бірге моншаға жүріңдер», – дедім. Балалар менен: «Моншада кімнің басына табытгүл қоямыз, онда қоқыстан басқа ешнәрсе жоқ қой?» – деп сұрады. «Жүріңдер, барған соң бәрін білесіңдер», – дедім. Менің соңымнан қырық-елу бала ерді, оларға жолдан ересектер де қосыла бастады. Сол жерде болған оқиғаны естіген балалардың таңқалыстарын көрсеңіз ғой! Бірнеше бала үйлеріне жүгіріп барып қызғалдақ гүлдерін алып келді де, оларды моншаның қабырғасына қойды. Біз сол жерде тұрып мінәжат еттік, содан соң мен қаза болғандарды еске алып, балаларға көмпиттер таратып бердім. Маған осы уақыттың ішінде балалар ересек тартып кеткендей болып көрінді. Ресми деректер бойынша сталиндік қуғын-сүргін кезінде біздің аймақта екі миллион адам қаза тауыпты. Ал тұтқындар туралы ешқандай мәлімет жоқ, оларды ешкім санамаған.

Жаны жаннатта болғыр, шешем үлкен жүректі адам еді. Менің ойымша, ол өзі бұл туралы ештеңе сезбесе де, Құдай оны соғыстан кейінгі Өзбекстанда алғашқы уағыздаушы етіп белгілеген секілді. Ол Мәсіх туралы ештеңе айтпайтын, бірақ оның арқасында ауылдағы

тәжіктердің бәрі мәсіхшілердің екі үлкен мерекесі Исаның туылу күні (Рождество) мен Құтқарылу мейрамы (Пасха) туралы білетін. Шешем бұл мерекелерге күні бұрын дайындалатын: үйді әктейтін, ерте көктемнен бастап жұмыртқалар жинайтын. Әлі есімде: мерекеге бір апта қалғаннан бастап ол мүлде дерлік ұйықтамай мерекелік тағамдар әзірлейтін. Ал таңертеңгісін егіс басына жұмысқа баратын. Оған, әсіресе мақта теру науқаны кезінде ауыр тиетін, өйткені бір адам күніне 60-80 килограмм мақта жинауға тиіс болатын. Бұған қоса ол күніне үш мәрте егіс басынан балалар бақшасына жүгіріп келіп, емшектегі балаларын емізіп кетуіне тура келетін. Біз отбасында он бала болдық, олардың үшеуі егіс болды. Ол кезде ешкімнің жұмыстан қалуына болмайтын. Тіпті жас босанған әйелдер де жұмыс істеуге тиіс болды. Менің шешем босанғаннан кейін екі апта өткенде балаларды балалар бақшасына алып, өзін жұмысқа жіберді.

Кешкісін жұмыстан оралған шешем жұмысты неден бастарын білмейтін: қорадағы малға шөп беріп, суару керек, сиырды сауу керек, бақшадағы жемістерді суару керек, көрпе тігу керек, балаларды шомылдырып, тамақтандыру керек. Түнде ол шұлық тоқып, көрпеге салатын мақтаны тазалайтын. Шешем сауатсыз бола тұрса да, бізге өлеңдерді, әсіресе Тарас Шевченконы жатқа айтып беретін. Ол бұл ақынды тұлдыр жетім және басы еріксіз болғандығы үшін жақсы көретін.

Шешем гүлдерді, әсіресе раушан мен «кілемшені» жақсы көретін. Осы «кілемше» тіпті біздің үйдің тұсында, көшеде де гүлдеп тұратын. Шешем оны ары-бері өткен адам гүлдерге қарап қуансын деп жыл сайын отырғызатын. Осының бәрін ол жүгіріп жүріп істейтін. Ал әкем жұмыстан келген кезде (ол бригадир болып істейтін) шешем бәйек болып оның етігін шешетін, шынтағының астына жастық қойып, шайын беретін. Әкем үй шаруашылығына қол ұшын тигізбейтін, өйткені мұсылман заңында үй шаруасын тек әйелдер ғана атқаруға тиіс. Сондықтан да шешемнің мерекеге әзірленуге тек түнде ғана қолы тиетін. Мереке күні ауылдағы тәжіктердің бәрі біздің үйге жиналатын, әбден шаршаған, бірақ қуанышты шешем олардың бәріне тәтті нандар мен боялған жұмыртқалар үлестіретін.

Бұл оның сенімінің күәсі еді және ол мұны шын жүрегімен, көңілінің қалауы бойынша істейтін, сол үшін де ауыл адамдары оны әлі күнге дейін ыстық ықыласпен еске алады. Ол «урус», яғни

орыс болғандықтан әкемнің туыстары оған үйлендіргілері келмей, айыр-балталарын көтеріп келіп, шешемді өлтірмек те болған. Бірақ, арада уақыт өте келе олардың көзқарастары мүлде өзгерді. Менің атам, әкемнің әкесі, өте қайырымды адам болатын. Ол біздің үйге жиі келетін және келіндерімнің ішіндегі ең жақсысы осы «орыс» келінім деп отыратын. Оның сол халықтың рухымен сіңісіп кеткені сондай, тіпті сыртқы бейнесі де тәжікке ұқсап кетті.

Шешем 64 жасында қатерлі ісіктен қайтыс болды. Оның өлімі де өз өмірі секілді өте ауыр болып, ұзақ қиналды. Екі жыл бойы ол операциялардан кейінгі жан қиналысының азабын тартты. Себебі астыңғы жағын, тілінің жартысын, өңешінің жартысын және бетінің бір бөлігін алып тастаған еді. Оған ауруды бәсеңдететін дәрілер де көмектеспеді. Қатты шыңғырған дауысына шыдай алмай, бөлмедегілердің бәрі сыртқа шығып кететін. Бұл адамның не аңның емес, жаны қиналған әлдебір құбыжықтың дауысына ұқсайтын. Бірде, ағам шешемнің төсегінің басында жылап отырып: «Құдай жоқ! Егер бар болса, шешем соншалықты қиналып жатқанда Ол қайда жүр?» – дегенде, шешем дауысын әрең шығарып: «Ешқашан олай деме. Құдай бар», – деді. Шешемнің өлгісі келіп, оны мереке күткендей күтті. Ауылдағы біреудің қайтыс болғандығы туралы естігенде ол қызғанышын жасыра алмай, көздерінде: «Оның орнында неге мен болмадым екен?» деген сұрақ пайда болатын. Сол кезде мен өлімнің қуаныш, арылу, тіпті бақыт болатынын түсіндім.

Мен өз есебімнен демалыс алып, шешемді күтіп-бақтым. Онымен бірге Ташкенттегі емханада, содан соң Мәскеудегі онкологиялық орталықта бірге жаттым. Шешемді ол жерге «Батыр ана» кітапшасының көмегімен әзер деп орналастырған болатынбыз. Бірақ шешем қайтыс болардан бір ай бұрын, ол Өзбекстанға барып алған кезде, мен ұдайы ұйқысыздыққа шыдай алмай Мәскеуге кетіп қалдым. Кешір мені, анашым. Ол күтіп-бағудан кенде болмаса да, мен өзімді кінәлі сезінемін. Бауырларым оның жанында болды, тіпті бір бауырым шешеме қарау үшін басқа қаладан отбасымен көшіп келді. Шешемнің соңғы деміне дейін оның басы-қасында болып, қызмет еткен сол бауырымның әйелі Катяға алғысымыз шексіз.

Мен Мәскеуден шешем қайтыс болардан бес күн бұрын келдім. Ол енді тынышталып, жүзі жарқырып, көздері айрықша сүйіспеншілікке толып жатыр екен. Оған: «Мама, сен өлейін деп жатырсың...» – деп, оның дүниеде бәрінен де артық күтіп жатқан сөзін айттым. Ол күлімсіреп, басын изеді. «Мама, не үшін

қиналғаныңды сен енді білесің бе?» Ол басын изеді. (Ол кезде мен шығыс діндеріне қызғушылық танытып, жанның басқаға қонатынына сенетінмін). «Мама, біз міндетті түрде кездесеміз. Бірақ сен жер бетіне қайтадан келгенде, енді ешқашан бұлай қиналмайтын болып кел, жарай ма?» – дедім. Ол тағы да күлімсіреп, басын изеді. Біз мүлде дерлік тыныс алмай жатқан оның әлі тірі жатуын түсіне алмадық. Сөйтсе, Украинадан келе жатқан оның сіңлісі ауа райына байланысты жолда төрт тәулікке кідіріп қалыпты. Сіңлісі бөлмеге кіре салысымен шешем оған қолын созды да, он мейнеттен кейін жан тапсырды. Шешемізді мұсылмандардың рәсімі бойынша жерледі, оны соңғы сапарға шығарып салу үшін сол аймақтағы тәжіктердің барлығы келді.

Қазір мен өткенге көз салып, шешемнің өмірі мен өлімі туралы ойланып отырып, ол өте тақуа адам болды деп ойлаймын. Өз өмірімде мен одан өткен момын, мойынсұнған және құрбандыққа даяр адамды кездестірген емеспін. Мен мұны өз шешесін жақсы көретін қызы ретінде ғана айтып отырған жоқпын. Оның бұл қасиеттерін ауылдастары да растайды. Әдетте олар бұған: «Сендердің шешелерің өте қайырымды, ақылды және көп сөзі жоқ әйел болатын», – деп қосады.

Ауыр да қасіретті өмірі арқылы оның жаны киеленіп, тазарды. Украинада шешемнің көршісі өзіне күйеуге шығудан бас тартып, басқа біреуге тимек болғаны үшін шешемнің інісі Александрды бендеровшы деп органға арыз жазады. Былай қарағанда, бұл біреу жақсы көріп, ал екіншісі жақсы көрмейтін әдеттегі, қарапайым жайт болып көрінеді. Бірақ мұның салдары қандай болды десеңізші: осы жаланың кесірінен бүкіл отбасы азап көрді. Шешемдер Өзбекстанға барып алғаннан кейін, арада үш ай өткенде әлгі адамды өз үйінде біреулер бауыздап кетеді. Сірә, ол тағы біреулердің үстінен арыз жазып, сол үшін жазасын тартса керек. Мұндайда халық: «Залымды Құдай атады» дейді. Ал шешем күйеуге шықпақ болған жігіт бір үйдің жалғыз баласы екен. Шешемдерді жер аударатын болғанын естіген ол бірге кетпек болады, бірақ баласын айдалада өліп қалар деп қорыққан шешесі оны жібермей қояды. Ол бір жылдан кейін соғыста қаза тауыпты. Ұлының қалыңдығының аман қалғанын естіген оның шешесі өкініштен бармағын тістейді. Шешем оңашада жігіті айтатын әнді жиі ыңылдап айтып, көзіне жас алатын.

Біздің кішкентай, ал өзінің жас кезінде шешем: «Кенже ұлым Боряны әскерге шығарып салатын жасқа жетсем болды, ал ол

оралғанша өліп қалсам да арманым жоқ», – деп жиі қайталайтын. Дәл солай болды да шықты: шешем қайтыс болғанда Боря әскерде болатын. Оны жібергенімен, шешемді жерлеуге үлгере алмады, өйткені мұсылман рәсімі бойынша өлген адамды сол күні, күн батқанға дейін жерлеп қояды. Тағы да жас кезімнен есімде қалғаны, шешемнің үлкен жолдың бойына жерленгісі келетіні. Шешемді жерлеу үшін туыстары жатқан зираттың жанынан жер қаза бастағанда, ол жер ылдида болғандықтан су шығып кетіпті. Сөйтіп, оны үлкен жолдың бойындағы дөңес жерге жерлеуге тура келді.

Біз оның осы пайғамбарлық сөздерін кейін есімізге түсірдік. Осы жолмен зиратқа қарай келе жатсаң: сол жағыңда шулы базар, адамдар ұрлап кетпесін деп ақша салған қалталарын қолдарымен басып жүреді, саудаласады, айқайласады, күледі – өйткені бұл шығыс базары, мұнда өмір қыз-қыз қайнап жатады. Ал жолдың оң жағында, сәл алға таман – қақпа бағаналарының екі ортасына қойлар кіріп, таптап кетпес үшін бір қабат сым темір тартылған тып-тыныш зират. Мен осы екі орталықта, «өмір мен өлімнің арасында» тұрып, ылғи да: өмірдің шындығы қайда – оң жақта ма, әлде сол жақта ма? – деген ойға қаламын. Сол жақта тып-тыныш жатқандардың барлығы күні кеше ғана оң жақта – әлгі шулы базарда жүрді және қазір бізге қажет нәрселер оларға да қажет болды. Ал енді қазір оларға ештеңенің қажеті жоқ – тек бір үзік сым темір ғана... Маған ылғи да сол жақта – қандай да бір театр, өмір ойыны, ал оң жақта – талассыз шындық жатқан секілді болып көрінеді. Үлкендер бізге: «Өмірге өлімді ойыңа алып қара, ал өлімге өмір туралы ойлап қара», – деп үйретеді. Жолдың бойында жатқан шешем дәл осы жайында айтып жатқан секілді болып елестейді.

Әкеміз шешемізге қарағанда өте қатал адам болатын. Менің көз алдымнан мынадай бір мұңды сурет кетпейді: тіп-титтей шешем дүкеннен үйге қарай бір қап пиязды төбесіне көтеріп алып келе жатыр, ал оның артында тепсе темір үзетін еңгезердей әкем екі қолын артына ұстап, жайбарақат аяңдап келеді. Бұған таң қалатын да ештеңе жоқ: мұсылман заңында ер мен әйелге осындай рөлдер бөлінген. Ал бірде шешемнің белінің құяңы ұстап, қатты ауырғаны сондай, арқасына ыстық құм мен үтік басып, орнынан қозғала алмай жатып қалды. Бір кезде бөлмеге әкем кіріп, шешеме қарады да: «Демалып жатырсың ғой...», – деді де, түнеріп шығып кетті. Сунниттердің салты бойынша отбасында әйелдің жұмыстан қолы бір сәтке де босамауы тиіс.

Әкемнің жұмыс «ауруы» бар еді – ол балаларының бәрін әйтеуір бір жұмысқа «шегіп» қоятын. Біз тыным көрмей жүгері мен мақта және малдың астын тазалайтынбыз, қой бағып, бір жерлерді қазып, бір нәрселерді алай тасып, былай тасып, әйтеуір құмырсқалар секілді бір тыным таппайтынбыз. Әсіресе байғұс бауырларымыздың түні бойы жоңышқа шабуға мәжбүр болатындарын аянышпен еске аламын. Оны арзан бағаға сатып алуға да болатын еді. Бірақ жергілікті тәжіктердің салты сондай: түнде жоңышқа шабу керек. Бейшара бауырларым таңғы сағат 3-4-терде жоңышқаны арбаға басып үйге алып келіп, шешемді және бізді, қыздарды оятатын, біз шығып оны түсіріп алатынбыз. Әкем таң атпастан тұрып алып: «Қашанға дейін ұйықтай бермексіңдер, күн түс болды ғой!» – деп айқайлап, бізді оята бастайтын. Үйдің іші әсіресе қыста суық болатын, біз ұйқымызды аша алмай, бұрыш-бұрышта мектепке барар уақытты күтіп дірдектеп отыратынбыз.

Ол бізді жалаңаш тіземізбен жүгерінің үстіне отырғызып жазалайтын, кейде тіпті болмашы нәрсе үшін де жазалайтын. Әлі есімде, есік алдында көрші қыздармен әңгімелесіп отырған мені әкем шақырып алды да, бәрінің көзінше жағымнан шапалақпен бір тартып: «Үйге кір, жұмыс істеу керек!» – деді. Мен ол кезде он-он бір жаста едім. Неге екенін білмеймін, олар бұл туралы сұрамаса да, кейін әлгі қыздарға әкем мені шақырып алды да, бетімнен сипап: «Үйге жүре ғой, қызым, сабағыңа дайындал», – деді деп ұзақ түсіндірдім.

Таяқтың ұшы ересектерге, әсіресе жеті бауырыма көбірек тиетін. Әкем оларды өздерін ұратын таяқты өздеріне әкелдіріп «тәрбиелейтін». Таяқтардың неше түрін байқап көргеніміз сондай, біз қандай таяқтың ақырын тиетінін жақсы білетін болдық. Содан соң бір-бірімізге қандай таяқты таңдау керектігі туралы құпиямызды ашатынбыз: ол шыбық секілді болмауы керек, өйткені шыбық дененді ашытады, содан соң таяқтың бүрлерін тіспен алып тастау керек, әйтпесе бұталары денені жаралап кетеді. Бірде бауырларым ішіне шөп өсіп кеткен арықтың ішінде балық аулап жүрді. Бұлар оны жасырынып, әкеме көрсетпей істеп жүрген, өйткені ол балық аулауды еріккеннің ісі деп есептейтін. Бірақ, есекпен өтіп бара жатқан әкем қамыстың арасынан оларды байқап қалды да: «Бүгін мен сендерге балықты көрсетемін!» – деп айқайлады. Сол күні үйге балалардың қандай көңіл-күйде оралғанын көз алдыға елестетуге болады. Әкемнің өзі домино ойнайтын, бірақ қарта ойынын да өте

жақсы көретін. Кейінірек балаларының бәрінің де осы ойынға құмар болғандықтары таң қаларлық нәрсе емес. Өкінішке орай, біздің кейбірімізге оның балаларға деген қаталдығы да мұра болып қалды. Бірде үлкен ағамның баласы маған әкесінің оны тіл алмағаны үшін қардың үстіне жалаңаш жатқызып жазалағанын айтты. Енді бірде қораның ішіне аяғынан шынжырлап байлап қойыпты. Осыдан қырық жыл бұрын әкем дәл осы бауырымды әлдебір кінәсі үшін шешіндіріп, қардың үстіне жатуға мәжбүр еткен, ал әжем – әкемнің шешесі – немересін аяғынан есектің қазығына байлап қойып жазалаған болатын. Жақсылық та, жамандық та ұрпақ арқылы дәл солай болып қайталаанады. Ол адамның санасына терең орнығып, сыртқа шығар сәтін күтіп жатады.

Шешем әкемнен: «Сен қайда болдың?» – деп сұрай алмайтын. Одан қорқатыны сондай, ондай сұрақ қою тіпті ойына да кіріп-шықпайтын. Ол шешемнің көзіне шөп салатын, соның кесірінен анам көп жылап, уайымдайтын. Бірақ шығыс еркектері үшін жұбайының көзіне шөп салу әдеттегі іс, олар мұны тіпті мақтаныш көреді. Бірде әжемнен шешемнің қалай үйленгені және тойының қандай болғаны туралы айтып беруін сұрадым. Әжем ауыр күрсінді де: «Шешелеріңді аяңдар, ол өте көп қиыншылық көрді», – дегеннен басқа ештеңе айтпады.

Бірде шешем бізге базардан жаңа жылдық бет перделер сатып алып келді. Құдайым-ай, біз үшін бұл қандай бақыт болды десеңізші! Қуанғаннан қатты шулағанымыз сондай, көрші бөлмеде ұйықтап жатқан әкеміз туралы ұмытып кетіппіз. Өйткені ол үйде болған кезде ұшқан шыбынның ызыңы естіліп тұратын. Оянып кеткен ол төсегінен тұрып келді де, бет перделердің бәрін қыртып, шешемнің де, біздің де сазайымызды берді. Бет перделері құрысын, шешемізге жанымыз ашып кетті. Ол көз жасын көрсеткісі келмей, кішкене бөлмеге кірді де ұзақ жылады. Ал әкем табалдырыққа отыра кетті де, өзіне-өзі: «Өттеген-ай, неге бұлай істедім?» – деп күбірледі. Бұл сөздерді естіп қалған әпкем оны шешеме айтты. Бейшара шешем қуанғанынан одан жиырма рет қайталап сұрады: «Айтшы, айтшы, ол қалай айтты, тағы да айтшы».

Бізде ешқашан ойыншық та болған емес. Ұлдардың жалғыз ермегі ләңгі болатын. Ол бір түйір қорғасын құйылған қойдың терісінен жасалады. Балалар оны теуіп ойнайды. Інім оны танкі деп елестетіп, кірпішті асфальттің үстімен сырғытып ойнайтын. Ал мен өзіме шыбықтардан қуыршақ жасап, оны газетпен киіндіріп

қоятынмын. Нағыз қуыршақтары бар көршінің қыздарына қызғана қарайтын едім, бірақ оның мүмкін еместігін түсінгендіктен, маған қуыршақ сатып әперу жәйлі әңгіме аузымнан ешқашан шыққан емес. Біздің сыныптың озат оқушысы Лариса Пономареваның түрлі-түсті бантиктері дәл қазіргідей есімде. Мен шаштарымды жіппен байлап жүретіндіктен, оның бантигіне қатты қызығатынмын. Бірақ бантик сатып әперулерін сұраған жоқпын. Басым да жиі биттеп кететін. Шешем бәрімізге бірдей қарап үлгере алмайтындықтан, ол тек жатар алдында бізді түгендеп қана үлгеретін еді. Кейін биттерден де қалай құтылудың жолын тауып алдым. Басымды керосин құйылған шелекке тығамын да, сонан соң шүберекпен орап байлап тастаймын.

Лариса қатерлі ісіктен қайтыс болды. Жеті жыл бойы мен оған Мәсіх туралы айтумен болдым: алғашында оның тыңдағысы келмей, сен жынданғансың дейтін. Бірақ өлерінен бір жыл бұрын Құдайға шын бет бұрып, Киелі кітапты көп оқыды. Қатты ауырып жатқан кезінде, ол менен Інжілді оқып, рухани әндер айту үшін көршілерді жинап келуімді сұрайтын. Сол кездері оның ауруы басылып қалушы еді. Ал өзі қайтыс болған кезінде табытының басында Құдай Сөзі айтылса деп тілейтін, ауылдағы адамдардың бәрі бір жерге жиналып, Құдайды мадақтаса деп армандайтын. Оның тілегі Құдайдың құлағына шалынды: ол қайтыс бола салысымен ауылда қауымның аяқ астынан құрылғаны сондай, бұған таң қалғаннан басқа амалың жоқ. Алғашқы жеті тәжік суға шомылу рәсімінен өтіп, Құдайдың адамдарына айналды.

Лариса қайтыс болған кезде мен Мәскеуде едім. Оны жерлегенде менің ағам көрші қаладан бақташы Иван Братанды алып келіпті. Ол 700-ге жуық неміс мүшелері өз отандары – Германияға көшіп кеткен қауымды сақтап қалу үшін Молдавиядан Қазақстанға көшіп келген уағыздаушы еді. Жақында мен сол қауымда болып қайттым: қабырғаларда Құдай Сөзінен неміс тілінде үзінділер келтірілген плакаттар ілініпті, ал сәкілерде қазақтар тізіліп отыр. Мүмкін, немістер дәл осы – қазақтарға орын босату үшін көшіп кеткен болар?... Олардың сол жақта жиналып көрші елдер, оның ішінде мұсылман халқы үшін еткен дұғалары зая кеткен жоқ. Мінәжаттарының жемісін өз көздерімен көре алмаса да, мәңгілікте олардың көпшілігі өздері мінәжат еткен адамдармен қуана қауышатындарына сенемін.

Мұсылмандар немістердің көшетініне қатты өкінді. Өйткені

олар сүтті мол беретін асыл тұқымды сиырлар ұстайтын және жергілікті тұрғындардан айырмашылығы, сүттеріне ешқашан су араластырып жібермейтін. Мұсылмандар көшіп кеткен адамдар үшін әлі күнге дейін өкінеді: еврейлер тамаша дәрігерлер, орыстар – инженерлер болды, кәрістер дәмді күріш өсіретін, финдер құрылыс ісін жетік меңгерген, ал гректер асты дәмді даярлайтын, жергілікті тұрғындардың бәрі тосап қайнатуды солардан үйренді; осылайша жалғастырып кете беруге болады – әр ұлттың өзіне тән, қайталанбас ерекшеліктері бар. Жергілікті тұрғындар, тәжіктер мен өзбектер қонақжайлықтарымен аттары шыққан. Үйге келген адамды олар алдымен тамақтандырып алып, тек содан кейін ғана келген шаруаларын сұрайды. Олар бір қалыпты, жайбарақат өмір сүреді, жерді сүйеді және оның тынысын тыңдағандай, жердің үстімен абайлап басады.

Бақташы Ларисаны жерлеу кезінде оның сенуші болғанын, Иса Мәсіхті сүйгенін, сондықтан да оның жаны тірі, бізбен бірге екенін айтқанда, Ларисаның арақ ішіп алған күйеуі боқауыз сөздер айтып: «Ол тірі ме? Оның ауруынан шаршап біттім... Әлі тірі ме? Оны тездетіп бұл жерден алып кетіңдер?» – деп айқайлай бастады. Ол кезінде мектепте озат оқушы болған, әскери академияны бітіріп, әскери шен алған, бірақ уақыт өте келе араққа салынып кетті. Міне, бір қарағанда білімді орыстар отбасы, ал байқұс Лариса үш баласымен күйеуінен қаншама азап тартты десеңші. Мәсіхсіз өмір осылай болады: орыстардың көбінде күйеулері маскүнем, ал мұсылмандардың күйеулері қатігез болып келеді.

Мен бауырларыма осы кітаптан әкем туралы жазылған беттерді оқып бергенімде, олар мұны кітапқа енгізбеуімді сұрады, өйткені әкеміз үшін бәріміздің жанымыз ауыратын. Мұның бәрі біздің кішкентай кезімізде болып кеткен және кейін ол мүлдем өзгерді, мүмкін, үйдегі қоқысты сыртқа шығарудың қажеті болмас. Бірақ, шындығына келгенде, әңгіме тек менің әкем туралы ғана болып тұрған жоқ қой. Мен тағдырлары біздікіне ұқсас көптеген адамдарды кездестірдім. Және тек мұсылмандардың ғана әкелері қатігез емес. Жақында мен осы беттерді Наташа атты таныс орыс әйеліне оқып бердім, сонда ол жылап жіберді де: «Біздің әкеміз сендердікінен де жаман болған, ол менің бауырымның бас сүйегін сындырып жіберген», – деді. Егерде бұл бүгінгі күнге қатысты болмаса, онда біздің кеше не істегенімізді еске алуымыздың қажеті болмас еді.

Киелі кітап былай дейді: «Әділдер тамағын тойып ішер, арамдар

аштықтан азап шегер» (Нақыл сөздер 13:25). Бірақ жазаның бәрі бірдей емес. Мәсіхшілдік жаза – бұл жазалау керек болғандықтан туындаған шара емес, керісінше, оны сүйіспеншілікпен тәрбиелеу. Киелі кітап үйрететін жаза мен менің әкемнің қолданған жазаларын салыстыруға келе ме? Мынандай бір мысал келтірейін. Бірде бейпіл сөз айтқаны үшін (бұл мұсылмандар үшін аса ауыр күнә) әкем бауырымның тілін шығартып қойып, тілінен белдікпен ұра бастады. Бұған шыдай алмаған шешем заттарын сейсепке түйіп алды да, кетпек болып көшеге шықты. Бірақ жас балаларымен қайда бара алады? Оның үстіне жер аударылғандар тұтқындар секілді тұратын, олар комендатураның арнайы рұқсатынсыз төрт шақырым жердегі базарға да бара алмайтын еді. Біз ержетіп қалған кезде отбасымызда мынадай бір оқиға болды. Әпкем Фатиманы кішкентай кезінен біреуге атастырып қойған болатын, бірақ ол институтта оқып жүрген кезінде басқа біреуге күйеуге шығып кетті. Әкем бұған қатты ашуланып: «Үйдің бәрін өртеп жіберемін!» – деп айқайлады, өйткені атастырған адамына берген уәдесінде тұра алмағанына намыстанды. Мен түн ішінде шошып оянып далаға қарай жүгіретінмін. Бір нәрсе тықыр еткен сайын маған, көрші бөлмеде ұйықтайтын әкем орнынан тұрып келіп, бәрімізді үлкен пышақпен бауыздап тастайтындай болып көрінетін. Бұл пышақ ылғи да оның жастығының астында жататын, өйткені мұсылман дәстүрі бойынша жастықтың астына пышақ пен бір тілім нан қойып қояды. Сол кезден бастап менің жүрегім шанши бастайтын болды және біздің отбасында бәрінің дерлік жүректері ауырады.

Осындай қиын сәтте екінші әпкем Зина әкемнің көңілін тапты: ол Фатиманың атастырған жігітіне күйеуге шығуға келісті. Бұл да мұсылман заңына сай еді: егер үлкен қызын бермесе, орнына кіші қызын беруге болады. Оған күйеуге шығуға келіскен әпкем көз жасын көл қылып: «Мұны мен тек шешем мен сіңлім Шира үшін (үйде мені осылай атайтын) жасап отырмын», – деп жылады. Осы оқиға мен сегізінші сыныпта оқып жүрген кезде болған еді. Сол кезде әкем маған үлкен әпкемнің істегенін қайталамауым үшін мектепті тастап, қой бағатынымды айтты. Бірақ Зина күйеуге шығуы арқылы мені құтқарып кетті де, мен тоғызыншы сыныпқа бардым. Саған көп рахмет, Зина.

Кішкене кезімде менің қатты оқығым келіп, жылап жүріп алты жасымнан мектепке бардым. Бойым аласа болғандықтан мен партада отырғанда көрінбей қалатын едім, сондықтан бір

апта оқығаннан кейін мектеп директоры маған келесі жылы кел деді. Келесі күні таңертең мен тағы да мектепке келдім, бірақ мұғаліміміз мені сыныпқа кіргізбей қойды. Мектептен үйге қарай сөмкемді сүйретіп, бүкіл көшені басыма көтере жылап келе жатқан кезімде алдымнан оқу ісінің меңгерушісі Александр Иванович кездесіп: «Шира, сен неге жылап келе жатырсың?» – деп сұрады. «Мені мектептен қуып жіберді, – дедім, – сен әлі кішкентайсың дейді... Олардың өздері кішкентай!» Бес жасымда бір ай бойына емхананың бір бөлмесінде жалғыз жатып, өзіме-өзім қараған мені кішкентайсың деп сендіру қиын еді. Менің қасымда жатуға шешемнің басқа жұмысы бастан асатын, ал қалғандары оқуда болатын. Шешем келіп: «Түнде қасыңа қонайын» деген кезде мен оған: «Жоқ, маматай, мен енді үлкенмін, сен үйге бар, үйде сені кішкентай Боря күтіп отыр», – дедім. Боря ол кезде екі жаста болатын. Шешем көзіне жас алып, жылап кетті.

Біздің үйдің жұмысы ешқашан таусылмайтын. Төртінші сыныпта оқып жүрген кезімде мен сиыр сауып, нан ашытатынмын. Ал мектепте біз жылына үш-төрт ай ғана оқып, қалған уақытта егіс басында жүретінбіз. Қыркүйек айынан желтоқсанға дейін бүкіл мектеп оқушыларын мақта жинауға алып кететін. Ал сәуір және мамыр айларында қайтадан мақта отырғызуға баратынбыз. Біздің, тіпті, жаңа жылды егіс басында қарсы алған кездеріміз де болды. Бұл нағыз қорлық еді: жинайтын ештеңе жоқ, ал біздер суықтан дірдектеп, шылқылдаған егістікте кешкі сағат алтыға дейін жүреміз, өйткені жоғары жақтан бүкіл республика жоспарды орындап болғанша барлық аудандардың адамдары мақтаның бар-жоғына қарамастан егіс басында болсын деген бұйрық келген. Мақта осылай үлкен азаппен жиналатын. Ал түнде бункерде мақтаны өртейтін: бес тонна өртенсе, жоғарыға елу тонна өртенді деп есеп береді. Жоспарды осылайша орындайтын. Оқуымыздың түрі осылай болды. Сондықтан да, Мәскеу университетінен шақыру алып (мен сырттай дайындық курстарында оқыдым), емтихан тапсыруға келген кезде білімімнің қандай болғанын көз алдыға елестету қиын емес. Негізгі сабақ – әдебиетті бес деген бағаға тапсырғаныммен, бәрібір конкурстан өте алмадым, өйткені сынақ өте үлкен болып, бір орынға сегіз адамнан келді. Мен ауылға қайтпай, Мәскеуде қалып қойдым.

Әкем туралы көп ойладым. Біз, балалар, ол бір жаққа кетсе, әсіресе алысқа, мысалы, курортқа кетсе қуанып қалатынбыз.

Балалар не туралы армандайды? Космосқа ұшу туралы, қызықты саяхаттар туралы... Ал мен тек әкем курорттарда жиі демалса екен деп қана армандадым. Бұл менің құпия балалық арманым еді! Бірақ, бұл маған мүлде орындалмас армандай болып көрінетін. Әкем қайтыс болған кезде, мен 32 жастағы ересек адам едім. Сол кезде мен әкемді аяп, қалай көз жасымды көл қылып жыладым десеңізші! Оның өмірі өте ауыр болды. Мүмкін, ол бізге тым қаталдық көрсеткен болар, бірақ, бұл оның өзі де жас кезінде осындай жағдайды басынан кешіріп, енді соны өзінің балаларына көрсетуі еді. Біздің жадымыздан көп нәрсенің ұмыт болып кететіні қандай жақсы. Арада уақыт өтіп, біз бәріміз отбасын құрдық және тек сонда ғана әкемізді түсініп, оны жақсы көріп кеттік.

Өкінішке орай, бұл тек біздің отбасында ғана болған жағдай емес: көптеген мұсылман отбасыларында еркектер бұдан да өткен қаталдық көрсетеді. Бір жамағайынымның қолына шынжыр ұстап алып балаларын қуалайтыны әлі есімде. Тіпті сауаттылық пен кеңес жүйесі де ешнәрсені өзгерте алған жоқ. Кейінгі ұрпақ та алдыңғысынан жақсы болып өскен жоқ. Мысалы, менің жиенім осыдан жеті жыл бұрын тәжік туысымызға тұрмысқа шықты. Аяғы ауыр оны күйеуінің інісі ішінен бір теуіп, ішіндегі баласын өлтіріп тастады. Дәрігерлер әйелдің өзін әрең құтқарып қалды, енді ол ешқашан бала көтере алмайды. Жиенім болса әлі сол күйеуінің отбасында тұрып жатыр, ол бүкіл отбасының, оның ішінде әлгі қайнысының де киімдерін жуып, тамақтарын жасайды. Ал үстілеріне керосин құйып өртенген бейшара мұсылман әйелдері қаншама! Көрші ауылда тұратын бес баланың анасы, қырық жастардағы әйел өзін-өзі өлтірмек болып мұнарадан секірді, бірақ аман қалды. Енді қазір екі аяғынан бірдей айырылып жатыр. Тек еркектер ғана қатігездік жасай бермейді. Мысалы, көршінің балаларына рұқсатсыз нан бергені үшін енесі жас келінінің үстіне керосин шашып өртейді де, қораға қамап қояды. Арада бірнеше күн өткенде оның ыңырсыған дауысын естіген көршілері тауып алады, бірақ оны құтқарып қала алмайды, өйткені оның денесіне құрт түсіп кеткен екен. Егерде мұсылман қызы зинақорлық жасап қойса, онда оған ешқандай аяушылық болмайды. Еркектер мұндай іспен емін-еркін айналыса береді, тіпті, көбінде бұларын жасырмайды да. Дегенмен Құран бойынша зинақорлық еркек үшін де, әйел үшін де күнә болып табылады. Мұхаммед пайғамбар ондайларды таспен ұрып өлтіруді бұйырған.

Бізде мынадай бір оқиға болды: ауылдың бір қызының аяғы ауыр болып қалады да, ол мұны бәрінен жасырып жүреді. Бұл туралы білген шешесі қорыққанынан қызына өзі “операция” жасап, жасанды түсік тастатпақ болады. Қыздың ішін жарған кезде ол өліп кетеді, шешесі оны одеялға орап өртеп жібереді де, ал нәрестені әжетханаға тастайды. Осы оқиғадан әйелдің күйеуінің, туыстарының, көршілерінің, бүкіл жалпақ елдің алдындағы барша қорқынышы көрінеді. Бұл санаға терең орныққан және өлімнен де жаман қорқыныш.

Әкем туралы тағы да біраз айтқым келеді: ол ешкімге ұқсамайтын және мінезі өте қиын адам еді. Өз әулетінің ішіндегі сыйлы ақсақалы болды, сондықтан одан ақыл сұрап біздің үйге көптеген адамдар келетін. Әкем дау-жанжалдарды да ептілікпен шешіп беретін. Өзі көп сиынатын. Әкемнің арғы атасы Тош белгілі молда болған адам екен. Мүмкін, сондықтан да болар, әкем үйге молданы шақырғанды жақсы көретін және оның қасиетті кітаптарын ала келуін өтінетін. Молда әлгі кітаптарды дауыстап оқыған кезде әкем мұқият тыңдайтын, кейде, тіпті, жылап та алатын. Ол оқымаған сауатсыз еді, бірақ білімді жоғары бағалайтын, балаларының бәріне дерлік жоғары білім берді. Балаларының оқуы үшін ақшасын аяған жоқ, өйткені Өзбекстанда ақшасыз жоғары оқу орнына түсу мүмкін емес болатын. Біздің арамызда мұғалімдер, дәрігерлер бар, бесеуі юристік білім алды.

Әлі есімде, әкем маған бірінші рет Мәскеуге келген кезде, бірден менің он бір шаршы метрлік кішкентай бөлмеме көршілердің бәрін палау жеуге шақырды. Оған Мәскеуде ешкімнің бұлай істемейтінін айтқанымда ол мұны мүлде түсіне алмай: «Онда мен кетемін», – деді. Мен тұрған пәтерде алты отбасы тұратын, солардың бәрі келді. Әкем оларды палаумен сыйлап, арақ құйып берді, бірақ өзі арақ ішпейтін. Ауылға келген кезде әкем ең алдымен: «Көршілеріңнің қалдері қалай?» – деп, жеке-жеке олардың жағдайларын сұрайтын.

Бірде мен әкеме өзім тұрған пәтердегі бір әжейдің қатты ауырып жатқанын, ал өзімнің оны күтіп-бағып жүргенімді айттым. Әлгі әжейдің басқа ауданда тұратын баласы менің өз бөлмеімді оның бөлмесіне ауыстырып алуымды сұрады, өйткені ол менікінен үш есе үлкен болатын және кемпір өлген соң ол бөлмені басқа біреулер алып кететін еді. Бірақ менің ауыстыру жұмысымен айналысқым келмеді, өйткені менің бөлмеім ең кішкентай болғандықтан, атқару

комитеті кемпір өлгеннен кейін оның бөлмесін маған беретініне сенімді едім. Әкем бірден ештеңе айтқан жоқ, бірақ қоштасарда қолымды қысып тұрып: «Бөлмеңді ауыстырып алғаның дұрыс» деген бір-ақ ауыз сөз айтты. Мен бөлмеңді ауыстырып алдым. Кейіннен білсем, біздің пәтердің бөлмелерінің бірінде бұл жерде тұрмайтын біреулер тіркелген екен, солар әлгі бөлмені алмақшы болып жүріпті. Мың шақырым жерде жүрген әкем мұны қалай білді екен? Жекешелендіру заманы келіп, пәтер ауыстырар кезде маған әлгі артық метрлердің көп пайдасы тиді.

Әкем аса қонақжай адам болатын: біздің үйден қонақ үзілмейтін және үйдегі бар дәмді тамақ солардың алдына тартылатын. Бірде әкем бір шелек бал алып келіп, оны сарайға кілттеп қойды. Бірақ байқамай мысықты да бірге қамап қойыпты. Әлгі мысықты шелектегі балға мойнына дейін батып, шыңғыра мияулап жатқан жерінен шығарып алдық. Ал бал қонақтарға салуға жарамай қалды, ішінің бәрі мысықтың жүні болып кетіпті. Біз әлгі мысықтың үстіндегі балды қырып алдық. Сол кездегі балға бір тойғанымыз әлі есімде. Курорттан әкем ылғи да апельсин алып келетін, ондайды бұрын көрмеген біздер оны қабығымен қоса жеп алатынбыз. Мен апельсиннің қабығын қазір де жақсы көремін: ол менің жастық шағымды есіме салады. Әкем ақша жинай білмейтін, үйге немесе балаларға бір нәрсе сатып алуға тырысатын. Ол бізге шамасы келгенше қамқорлық жасады. Ешқашан аш болған жоқпыз, үйде нан, сүт, ал кешкі асқа әрқашан етіміз болды. Әкем өзі өтірік айтқан емес және мақтаншақ адамдарды жек көретін. Біз совхозда ең алғашқы болып «Волга» мәшинесін міндік. Әкем оны 1959 жылы сатып алды. Машинасы болғаннан соң, өзгелерге көмектесуді борышым деп санады: тіпті машинасы толып келе жатса да аялдамаға тоқтап, орталыққа ала кету үшін адамдарды сиғанынша кептеп басып алатын және бұл үшін ешқашан ақы алмайтын. Бірде ашыққан бір қарашай отбасы бір қап жүгері үшін оның ата-анасына кілемдерін беріп кетеді. Жұмыстан келіп, мұны естіген әкем қатты ашуланады да, әлгі кілемді, оған қосып тағы бір қап жүгеріні есекке артып алады да, әлгі қарашай отбасына апарып береді. Олар мұны әлі күнге дейін ұмытпайды.

Өмірінің соңына қарай әкем қатты өзгерді: мінезі жұмсарып, немерелерін еркелететін болды, (бірақ әрқашан да жастығының астында шыбығы дайын жататын) тіпті, қораға барып сиырға шөп салып жүрді. Оның екі отбасы болды. Туыстары оған тәжік әйелін

тоқалдыққа әперген болатын, сондықтан да біздің бір мезгілде екі шешеміз болды. Оған өте қатал қарағанына қарамастан, ол шешемді жақсы көретін. Мұны түсіну қиын, бірақ бұл солай болатын. Сірә, шешем де оны өте жақсы көрген болуы керек. Әкем шешеммен бірге бірнеше рет оның жетпісінші жылдары Украинаға көшіп кеткен туыстарына барып келді. Бұл көптеген адамдарға түсініксіз болып көрінетін, өйткені, әсіресе сол уақытта мұсылман еркектерінің әйелдерімен бірге қыдыруы өте сирек ұшырасатын. Шешем өлгеннен кейін әкем өзін ешкімге керексіз, далада қалғандай сезіне бастады. Екінші әйеліне бармай, біздің үйде тұрып қалды. Екінші әйелі Жаңғыл өте жақсы әйел бола тұрса да, әкем бізден бір шақырым жерде тұратын оның үйіне көп бара бермейтін. Жаңғылдың жақсы адам болғанын мен қазір түсіндім, ал ол кезде мен шешем үшін қатты уайымдайтынмын. Көп ұзамай шешемнен кейін екі жылдан соң қайтыс болды. Ол қайтыс болған кезде біз: «Апа! Апа!» – деп жоқтау айтып жыладық. Менің шешем қайтыс болған кезде оның балалары да дәл осылай жылаған болатын. Өлген адамды мұқият жуындырып, оның құлағын, тістерін, мұрнын тазалайды. Содан соң 22 метрлік ақ шүберекке орайды да, үйден үлкен бесікке салып көтеріп шығарады. Бесікті көтергендер жүгіріп жүреді, ал қалған еркектер олардың артынан ілесе жүгіріп отырады. Ал әйелдер бұл уақытта есіктің алдында жылап тұрады, олар бейіт басына тек келесі күні ғана бара алады.

Шешемнің өлімінен кейін әкем қайғыға батып, шөгіп кетті. Көрші әйел бірде одан: «Мурза, сен көңілсізсің ғой. Қал-жағдайың жақсы ма?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Хоти болса жоқ, қазір мен өзімді ешкімге қажетсіз сезініп жүрмін», – деп жауап беріпті.

Әкем қант диабетімен ауыратын, бірақ ешқашан дәрі ішпей кетті. Ол өмір бойы тыным көрмей, үнемі қозғалыста болса да, қайтыс болары алдында жүрегі сыр бере бастады. Қайтыс боларынан бір апта бұрын төбеті жоғалып кеткен оған: «тамақ ішсеңізші» деп қыстаған әпкеме: «Менің өлейін деп жүргенімді көрмей тұрсыңдар ма?» – деді ашуланып. Бірақ, көбіне біз мұндай сөздерге мән бере бермейміз. Өзі қайтыс болатын күні, халін сұрау үшін көрші ауылдардан келген балаларымен біраз уақыт қана бірге болып, шай ішті де, оларды үйлеріңе қайтыңдар деп асықтыра бастады. Содан соң өзінің бөлмесіне кетті. Онымен бірге тұратын кенже інім артынан бөлмесіне кірсе, әкем төсегінің үстінде сиынып отыр екен, бір кезде ол өзіне-өзі айтқандай болып: «Ол неғып

келмей жатыр?» – дейді. Інімнің: «Сіз біреуді күтіп отырсыз ба, әке?» – деген сұрағына жауап қайтармастан сиына береді. Інім сол сәтте бөлмеде әдеттен тыс бір нәрсенің қатысуын сезінеді, сол сезімнің күшті болғаны сондай, ол тіпті қорқып кетеді. Кеңет әкем сиынуын тоқтатып: «Келді», – дейді де, басын жастыққа қойып, жан тәсілім етеді.

Жер бетіндегі кез келген адам қиыншылықтар көреді және өмірдің жеңілі болмайды. Бірақ, Құдай әркімге өз мөлшерін береді. Неге екенін білмеймін, бірақ әкемнің өмірі де, өлімі де шешемдікімен салыстырғанда мүлде басқаша болды. Әкемді жерлегенде адам өте көп жиналды, ауыл тұрғындары мұндай жерлеу рәсімін бұрын-соңды көрген емес. Онымен қоштасу үшін шартараптан адамдар келіп жатты. Әділін айту керек, өлген адамды соңғы сапарға шығарып салуды өзінің парызы санайтын ол да тірі кезінде алыс болсын, жақын болсын, ондай жерлерден қалмайтын.

Қазіргі және өткен өміріме көз сала отырып, мен әкемнің өз өмірімде үлкен ұстаз болғаны үшін алғысымды айтқым келеді. Рахмет, Сізге, әке. Ол бізді көп жұмыс істеуге, ата-ана мен үлкендерді құрметтеуге тәрбиеледі. Біздің бойымызға ішкі тәртіпті, қажымас ерік пен еңбексүйгіштікті сіңірді. Тіпті, мейлі, қорқыныш арқылы болсын, біздің бойымызға кейбір жақсы қасиеттерді дарытты. Бұдан жиырма бес жыл бұрын Мәскеуге келген кезімде, менің лимит бойынша жұмыс істеуіме тура келді. Ал Мәскеуде лимит бойынша жұмыс істейтін адамдар ең төменгі сорттағы адамдардың қатарына жататын. Жалға бөлме табу мәселесі өте қиын еді және жұмысты ешкім өз еркімен бара қоймайтын жерлерден ғана табу мүмкін болатын. Көп жағдайды бастан өткеруге тура келді, тіпті вокзалдарда түнеген кездерім де болды. Мәскеуге келгендердің бәрі бірдей мұндай қиындыққа шыдай бермейді, бірақ маған бұл аса қиын болып көрінген жоқ, өйткені әкем мені қатал өмірге дайындап қойған еді. Шынын айту керек, әкем бізді жазалағанда артық кетіп қалатын, бірақ, мүмкін, бұл мүлде жазаламай қойғаннан жақсы да шығар.

Неліктен менің әкем ақылды, мейірімді және сонымен бір мезгілде қатал және қатігез адам болды? Оның адамдарға жаны аштын және олардың көпшілігіне көмектесетін, бірақ өз отбасындағыларға өте қатал болды. Менің ойымша, бұл оның солай тәрбиеленгендігінен. Өйткені өз отбасымызды құрған кезде, біз көбінесе ата-анамыздан көргенімізді жасап, балаларымызға жас кезімізде өз басымыздан өткендерді істейміз.

Қаталдықты ол өзінің шешесі – менің әжемнен мұраға алған болуы тиіс. Көптеген кедей адамдар оны үлкен алғыс сезімімен еске алады. Өйткені ол өзінің балалары мен немерелері, әсіресе келіндерінің аш құрсақ отырғанына қарамастан, аш-жалаңаштарға қолындағы ең соңғы нәрсесіне дейін беретін болған. Ол кез елді ашаршылық жайлаған уақыт еді, бірақ ол қолындағы ең соңғы тілім нанымен бөлісе білген. Бірақ мінезі өте жаман еді, ол барлығын өзінің темір шеңгелінде ұстайтын. Оның келіні Дәулеттің ұдайы қалғып жүретіні әлі есімде, ол тіпті түрегеліп тұрып та ұйықтай беретін. Бір бұтаны тандырға салады да, қолымен екінші бұтаны алғанша басы иығына салбырап кетеді, содан соң селк етіп оянып кетеді де, арада аз уақыт өтпей бәрі басынан қайта басталады. Жақында мен оған: «Тәте, сіз менің есімде мәңгі ұйықтап жүретін және селк етіп оянып кететін қалпыңызда қалыпсыз», – дедім. Ол күлді де: «Бұл бізге күні-түні жұмыстан көз ашырмаған әжеңнің арқасы», – деп жауап берді. Менің ойымша, әкемнің адамдарды жұмысқа жегіп қою құмарлығы оған шешесінен ауысқан. Ал бұл мінез менің әжеме оның шешесі – менің үлкен әжем Ғафардан жұққан. Елдің айтуы бойынша, ол кісі өте қатал, өктем мінезді адам болыпты. Ол балалардың бірін ұстап алып құлағын бұраған кезде, оның құлындаған дауысы өте алысқа естіліп жатады екен. Демалыс күндері әкем менің үлкен ағаларымды әжемдікіне жіберетін. Олардың әжемдікіне барғылары келмей, қатты қарсыласатын. Өйткені болмашы кінәсі үшін әжем оларды қараңғы, сыз жертөлеге қамап тастайтын және саусақтарымен жыланның айыр тілін бейнелеп: «Бұл жерде сендерді жыландар жеп қояды», – дейтін. Біздің балалық шағымыз, міне, осылай өтті.

Мен егіздің сыңарымын. Біз бауырымыз екеуіміз православиеліктердің үлкен мерекесі – әулие Петір мен Пауылдың туылған күні – 12 маусымда дүниеге келіппіз. Нағашы әжем әкемнен біздің есімімізді мерекенің құрметіне мені Павлина, ал бауырымды – Петр деп атауды өтініп сұрайды. Нағашы әжем православиелік еді. Оның сол кездері Украинада тұратын сіңлісі Аннаны оның «өз дінін сатып, штундаға», яғни, інжілдік мәсіхшілікке кетіп қалғандығы үшін жазғырып отыратыны есімде қалыпты. Ол онда өзінің күйеуі арқылы барған. Оның күйеуі қатты араққа салынып жүрген кезінде, бір күндері штундистермен танысып, арағын қояды да, әйелі Аннаны солардың қауымына ертіп барады. Қазір олардың балаларының бәрі сенушілер, олардың ұлы Павел – қазір Украинадағы Костопол

қаласындағы қауымның бақташысы. Осының бәрін еске алып отырып, мен: «Өз сенімімнің тамыры қайда?» – деген ойға келемін. Мұның ішінде әжемнің «мәсіхші еместер» үшін төккен көз жасы да, әжемнің әулетінің ішінде ең ұзақ жасап, 90 жасқа келіп қайтыс болған оның сіңлісі Аннаның мінәжаттары да бар. Бұған қоса, әрине, атамның ғажайып сенімі мен шешемнің ақ пейілділігі және оның мәсіхшілік мерекелерге деген сүйіспеншілігі де өз әсерін тигізді.

Бізге ат қою туралы әжемнің өтінішін әкем орындамады да, мені Шырынай («тәтті ай»), ал бауырымды – Шекер («қант») деп атады. Бірақ әжемнің көз жасы мен тілегі Құдайдың құлағына шалынды. Қазір мен Мәскеудегі қауымда қызмет етемін, ал бауырым Шекер – Өзбекстандағы қауымның бақташысы. Мен «ай» деп пайғамбарлық дәл есім берген әкеме ризамын. Өйткені, айдың өз жарығы жоқ, ол тек күннің жарығын ғана бейнелейді. Сол секілді, Құдайсыз менің өмірім де қараңғы ай секілді түнек болатын еді.

Бірақ керемет оқиға болды: мен өзімнің мәңгілік көктемім – Иса Мәсіхпен кездестім. Үлкен де жарық Күн менің жанымды жылытып, бүкіл әлем менің көз алдымда өзінің жаңа бейнесінде ашылды. «Менің атымды қастерлейтін сендер үшін шындықтың Күні шығады – Оның шапағында сауығу бар, сонда сендер күйлі торпақтарша асыр саласыңдар», – деп Малахия пайғамбар өте дұрыс айтқан.

Иса туралы алғашқы уағызды мен Арбатта, қайта құру мен жариялылық кезінде алғаш рет естідім. Бірде Арбаттың бойымен еш мақсатсыз (отыз жасымда мен өзімді осылай сезінетінмін) аяңдап келе жатып, Киелі кітап туралы айтып тұрған қартаң адамға көзім түсті. Менің аяқтарым сол жерге «байланып» қалғандай болды және мен өзіме өте жақын бір нәрсені сезіндім. Сол ең жақын нәрсем ұзақ уақыт бойы бір жақта жүріп, онымен енді ғана табысып тұрғандаймын. Құлазыған кеудемнен таудай бақыт ұшып шығып, әлгі жақын да мәңгілік нәрсеге қарай ұмтылды.

Еуропалық өзен жыланбалығы деген таңғажайып балық бар. Ол өз уылдырығын тек Саргасс теңізінде ғана шашады. Уылдырықтарды ағыспен өте алысқа алып кететіні сондай, олардың басқа теңіздерге, одан өтіп түрлі өзендер мен көлдерге тап болуы мүмкін. Міне, бір күні ішкі сезімінің жетегіне ерген әлгі жыланбалық барша қиындықтарға қарамай, тіпті басқа жолы болмаса құрғаққа шығып “секіріп жүруге” тура келсе де, бір кездері өзі уылдырық болып түскен мыңдаған шақырым қашықтықтағы Саргасс теңізіне қарай бет алады. Ол сегіз айға дейін қоректенбестен жүзе алады,

оның мақсаты біреу-ақ, ол – оның туған жері. Арбатта тұрып, Құдай мен Киелі кітап туралы сөздерді естіген кезде мен дәл осындай сезімді басымнан кешірдім.

Келесі күні әлгі адамды үйіме шақырдым. Оның есімі Виктор Павлович болатын, ол өзінің 60 жас өмірінің он екі жылын сенімі үшін түрмеде өткізіпті. Таңертең келген ол үйден кешкісін бір-ақ кетті. Ұзақ күн бойына біз тіпті шай да ішпепіз. Уақыттың қас қағымдай зырылдап өте шыққаны сондай, мен тіпті тамақ туралы ұмытып та кетіппін. Сол кезде жанның тоғаюы жағдайын алғаш рет сезіндім. Әңгіменің соңында шешімді түрде: «Мен Иса Мәсікке сенемін! Енді менің не істеуім керек?» – деп сұрадым. Ол: «Киелі кітап үйрететін екі қағиданы есіңде ұста: біріншісі – әділетті өмір сүр, ал екіншісі – Інжілді уағызда», – деп жауап берді.

Келесі күні жұмыстан кейін Інжілді уағыздау үшін Арбатқа бардым. «Қайта құру» жылдарында менің бір таңқалатыным: не айтқың келсе соны айтып, нені тыңдағың келсе соны тыңдауға болатындығы еді. Арбатқа бұрындары тіпті ойлаудың өзі қорқынышты болған нәрселерді айту мүмкіндігін көру үшін ғана мыңдаған адамдар жиналатын. Бұлар негізінен айтысып-тартысып жататын саяси топтар болатын. Міне, мен бүкіл әлемге: «Мәсіхтің біздің күнәларымыз үшін өліп, біз үшін қайта тірілгенін және Оның бізге екінші рет келетіні» жайлы жар салуға келе жатырмын. Мен жай ғана келе жатқан жоқпын, осы хабарды аса киелі нәрсе секілді аялап алып келе жатырмын және іштей: «Міне, бейшара бақытсыз адамдар шынайы бақыттың не екенін білмей сабылып жүр, қазір оларға Мәсіх туралы айтып беремін, сонда олардың бәріне жақсы болып кетеді!» деп ойлап келемін. Мен әлгіндей топтардың бірінің арасына кірдім де: «Сендер не үшін таласып жатырсыңдар? Бұл түкке тұрмайтын нәрсе ғой! Мәсіх біздің күнәларымыз үшін өліп, үшінші күні қайта тірілді және жақында қайтадан келеді! Мұндай таластың қажеті не? Құтқарылу керек!» – дедім. Сол кезде олардың бәрі маған бұрылып, сұрақтар бере бастады. Ол кезде мен Киелі кітапты әлі білмейтінмін және өмір жайлы түсінігім де шамалы еді, бірақ менің барлық сұраққа қайтарған жауабым біреу-ақ болды: «Исаның өліп, қайта тірілгеніне сеніңіздер, сонда сіздер көп нәрсені түсінесіздер және ең бастысы – сендерде бәрі жақсы болады! Бұған жақын арада өз көздеріңіз де жетеді!».

Құдайдың бар екендігін дәлелдей алмайсың, бірақ Оның бар екендігіне өзіңнің көзіңді жеткізуіңе болады. Киелі кітап былай

дейді: «Бұл жолмен жүрген адам қандай тәжірибесіз болса да адаспайды». Мәсіхшіліктің ерекшелігі де осында, оған «патша да, диірменшінің қызы да» қол жеткізе алады. Ал адамдар Қожанасырға ұқсап, шындықты өте алыстан іздегенді ұнатады. Бірде Қожанасыр көршісінің үйінің қасында бір нәрсе іздеп жатады. Мұны көрген көршісі: «Қожеке, бір нәрсе жоғалттыңыз ба?» – деп сұрайды. Қожанасыр: «Иә, кілтімді жоғалтып алдым», – дейді. Көршісі оған кілтін іздеуге көмектеседі де, бір кезде одан: «Кілтіңізді қай жерге түсіріп алып едіңіз?» – деп сұрайды. «Үйде», – деп жайбарақат жауап береді Қожанасыр. «Онда оны неге бұл жерден іздеп жүрсіз?» – деген көршісіне ол: «Өйткені бұл жер жарық екен» деген екен. Өмірде де көптеген жерлер бізге «жарықтау» болып көрінеді, бірақ та онда «кілт» – Иса Мәсіх жоқ.

Алғашқы уағызымды айтып, үйге қайтып келе жатқан мені артымнан ұзын шашты, бұтына жыртық джинси шалбар киген бір жігіт қуып жетті де: «Мен сенуші емеспін, бірақ сіздің сөздеріңіздің жаны бар екенін сеземін», – деді. Мен протестанттар қауымының мекен-жайын біліп алдым да, оны Малый Вузовский көшесіндегі нөмірі үшінші үйге ертіп бардым. Өлгі он жеті жасар жас жігіттің (Новосибирскілік Боря) тәубеге келу үшін мінбенің алдына барған кезіндегі менің таңданысымда шек болмады. Менің өзім әлі тәубеге келмеген болатынмын! Мінбенің алдында тізерлеп отырған Боряға қарап тұрып: «Бұл менің өз өмірімде не істеуім керектігі туралы берілген белгі, осындай «Боряларға» Інжілді жеткізуім керек», – деп ойлады. Күні кеше ғана өлгі жас жігіттің орны толмас қателікке бой алдыруы мүмкін еді. Кейінірек мен Можайскідегі балалар түрмесінен сол жерге ақымақтықтарынан немесе түсінбеушіліктен тап болған осы секілді көптеген жасөспірімдерді кездестірдім. Оларды дер кезінде тоқтатып, алдағы күтіп тұрған қауіп-қатер туралы ескертетін ешкім болмаған. Мұндай тағдырлардың аяғы қайғылы болады: адам қалған өмірін оның бірінші жартысында-ақ бүлдіріп алады. Ал жас кезінен бастап-ақ басқаша өмір сүру мүмкіндігіне ие болған адамдар қандай бақытты десеңші!

Осыдан төрт жылдай уақыт бұрын Арбаттағы уағыздан кейін маған Саша атты жас жігіт жақындап келіп, былай деді: «Мен бүгін қайтыс болып кеткен сүйген қызым үшін өз-өзіме қол салуға бекіндім». Ал өзінің жасы бар болғаны он сегіздерде ғана. Мұндай жастағы жасөспірімдердің сезімге бой алдырғыш болып келетіні белгілі. Оны бұлай істемеуге үгіттей бастадым: «Саша, сен әлі өте

жассың, сенің өміріңнің бәрі алдыңда, көресің, бәрі жақсы болып кетеді, оның үстіне, мұны Құдай да қолдамайды». Бірақ берік байламға келген адамды алған бетінен қайтару қиын ғой. Шарам таусылғандықтан ақырында оған: «Қазір мен сен үшін сиынайын, жарай ма? Ал содан соң қалағаныңды істей бер», – дедім. Ол келісті. Мен ол үшін сиындым да, қоштасып тұрып: «Құдайым-ай, онымен не болар екен?!» – деп ойладым.

Бұған Құдай екі жылдан кейін жауап берді. Вокзалда уағыз айтып жүргенімізде маған әлгі жігіт жүгіріп келді де: «Сен мені таныдың ба? Саған көп рахмет, мен сол кешті, сенің сол мінәжатыңды ешқашан ұмытпаймын!» – деді. Оның тірі қалып қана қоймай, тәубеге келіп, Құдайға құлшылық жиналыстарына барып жүргені мен үшін қандай қуаныш болды десеңізші!

Әрине, өмір мен өлім Құдайдың билігінде, дегенмен адамдар жер бетінде бірге өмір сүреді және, менің ойымша, біздің жанымыз бен тағдырларымыз таңғажайып түрде шырматылып, араласып кеткен, яғни, бұл өмірде бірде-бір адам бізге кездейсоқ жолықпайды. Жер бетіндегі әрбір адаммен менің ортақ нәрселерім көп: жалғыздық, сағыныш, бақытты аңсау, көңіл қалу, уақыттың алдындағы шарасыздық және ең ақыры, адамдарды біріктіріп, жақын ететін ұлы да жұмбақ нәрсе – бұл өлім. Біз аяныштан бір-бірімізге құшағымызды айқара ашуға тиіспіз, алайда бәріміз бұл туралы ұмытып, бір-бірімізді айыптаймыз, қызғанамыз және ұрыскеріске жол береміз. Гогольдың повесіндегі бірі екіншісін ата қаз деп атаған Иван Иванович пен Иван Никифорович секілді, жақсы дос бола алатын адамдар болмашы нәрсе үшін бір-бірлерін жиі жау тұтып жүреді. Осындайда Пастернақтың: «Далада боран ұйытқып тұр, ал бізге бір-бірімізге жетуімізді жазбаған» деген сөздері еске түседі. Біздің бір-бірімізге «жетуімізге» Иса Мәсіх көмектеседі.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Арбаттан бір әдемі қызды кезіктірдім. Ол күн сайын біздің уағзымызды тыңдаушылардың арасында тұратын, бір күні оған: Сірә, сіз жақын маңда жұмыс істейтін болсаңыз керек, өйткені мен сізді жиі көремін», – дедім. Ол маған былай деп жауап берді: «Жоқ, Арбатқа уағыз тыңдау үшін арнайы келемін. Бірде Арбат бойымен сейілдеп келе жатып: «Патша мен оның борышкерлері туралы астарлы әңгімені тыңдаңыздар» деген дауысты естідім. Мен тоқтап, әңгімені тыңдап шықтым да, тұрған орнымнан қозғалуға шамам келмей қаттым да қалдым, тіпті, жан-жағыма қарауға да қорықтым: маған айналадағы

адамдардың бәрі мұның мен туралы айтылғанын білетіндей болып көрінді».

Сөйтсе, ол сегіз жылдан бері туған анасымен араласпай, оны өмірдегі ең басты жауы санайды екен. Сірә, оны қызы ғана емес, күйеуі мен ұлы да тастап кеткеніне қарағанда, оның шешесі мінезі қиын адам болса керек. Қыздың аты Ира екен, ол маған өзінің шешесімен ара-қатынасы туралы біреулерге айтудан ұялғанын айтып берді. Бірақ оның жүрегінде тыныштық болмапты – қанша дегенмен, туған шешесі ғой. Ал астарлы әңгімені естігеннен кейін, келесі күні ол Владимир қаласына барып, анасымен татуласып қайтыпты.

Мен бұл туралы, ол анасымен татуласып алғаннан кейін естідім. Құдай Сөзі адамның жанын емдеп, біздің өміріміздің жақсы жағына өзгеретініне: таза, қуанышты және жарқын болатынына үміт береді. Ол адамдар жоғалтып алған жұмақтың есігін ашады. Адам өміріндегі барша қасіреттің басты себебін кішкентай ханзаданың: «Адамдар ма?... Оларды қайдан іздейтінің белгісіз. Оларды жел ұшырып жүреді. Олардың тамыры жоқ....» деген сөздерімен жеткізуге болады. Міне, осылайша бізді тағдыр желі біресе анда, біресе мында айдап жүреді. Біздің тамырымыз, біздің тұрағымыз – бұл Көктегі Әкеміздің мәңгілік үйі, одан тыс жерде бақыт та, тыныштық та жоқ – басқа жердегілер тек құмарлықтар мен шет-шегі жоқ уайым-қайғы ғана.

Біздің қауымдағы бір әйел өзі сенуші болмай тұрған кезінде күйеуімен және ұлымен бірге африка елдерінің бірінде іссапармен болғанын айтты. «Жаным қатты күйзеліп жүр еді, – деді ол, – айнала толған өтірік айту, жұмыстағылар бір-бірінің үстінен арыз боратады. Үйде де тыныштық жоқ: күйеуім ішеді, ұлым бағынбайды. Не істеймін, қайда барсам болады? Осындай бір күні дүкеннен Мәсіх бейнеленген сурет сатып алдым. Жолда келе жатып: «Қызық, сөмкеме Құдайды салып әкеле жатырмын! – деп ойлап келемін. Үйге келіп, суретті қабырғаның алдына қойдым да: «Қазір мен Оған өзімнің адам төзгісіз қиын өмірім мен айналадағы жаман адамдар туралы айтамын», – деп ойлады. Бірақ, кенеттен менің көздерім жасқа толып, басқа адамдар туралы айтқым келмей қалды, – өйткені өзімнің қаншалықты жаман адам екенімді көрдім. Мен мұндай жағдайдан қорқып кеттім де, далаға шығып ұзақ жүрдім және бұл не болды екен деп ойлаумен болдым. Сол күні үйге мен жаным жай тауып оралдым».

Біздің айналамыздағы бүкіл әлем соғыс жағдайында тұр, өйткені бәрі өз қасіреттеріне кінәлі біреуді іздейді. Ұлттар мен ұлттар, халықтар мен халықтар бір-бірімен соғысуда, шешесі мен қызы, бүкіл отбасылары – өзара соғыс жағдайында тұр. Жалпы сипатқа ие болатын осы шегі-шеті жоқ соғыстар Құдаймен араздықтағы жеке адамнан басталады.

Құдайды білмейтін адамдар тарихтағы қаншама жантүршігерлік оқиғалардың себепкері болмады десеңші! Аса әдемі әйел болған Мысыр патшайымы Клеопатраны (біздің эрамыздан бұрынғы 69-30 жылдар) рим императоры Гай Юлий Цезарь, одан кейін римдік қолбасшы Марк Антоний жақсы көрген. Рим Мысырға қарсы соғыс жариялаған кезде Марк Антоний патшайымға деген құмарлығын жеңе алмай, дұшпан жағына шығып кеткен. Блез Паскаль айтқандай: «... Клеопатраның мұрны... Егер де ол сәл қысқарақ болғанда – онда жердің бейнесі де басқаша болған болар еді». Жер бетіндегі барша жаманшылықтар мен қантөгіс соғыстар көп жағдайда адамдардың кішкентай өз бақыттары үшін жасайтын ұсақ-түйекшіл, түкке тұрмайтын пенделік талпыныстарының нәтижесінен болады.

Бәрі құбылмалы, тұрақсыз жер бетінен бақыт іздеу еш мағынасыз. Фауст айтпақшы: «Мен жанымды аямастан қазына іздедім, бірақ бір төбе қоқыстан басқа ештеңе таба алмадым». Біздің жанымыз тек Құдайда және Оның Сөзінде ғана тыныштық табады.

Құдай Сөзінің адам өмірінің барлық саласына әсер ететіні таңқаларлық. Ол адамның жаны мен жүрегіне ғана емес, сондай-ақ тәніне де әсер етеді. Бірде, Арбатта уағыз айтып тұрған біздің қасымызға бір әйел жүгіріп келді де, көңілі алып-ұшып былай деді: «Кеше мен осы жерде уағыз тыңдаған болатынымын, ал бүгін таңертең менің аяқтарым жазылып кетті. Мұның сіздер арқылы болғанына сенімім кәміл». Сөйтіп, біздің адам емдеумен айналыспайтынымызды, бірақ Құдайдың қолынан бәрі келетінін және Оның Сөзі адамды емдеп жазуға, тіпті өлімнен қайта тірілтіп алуға да қабілетті екенін айтып ұзақ дәлелдеуімізге тура келді. Бір ер адам уағызды тыңдап тұрып, өзінің былай деп ойлағанын мойындады: «Егер бұлардың айтып тұрғандарының бәрі шындық болса, онда менің басымның ауырғаны жазылып кетсін». Уағыз тыңдап болған соң өзінің бас ауруы туралы ұмытып кеткен ол кетіп қалды да, бір кезде асыға қайтып оралып: «Ой, сіздердің кетіп қалмағандарыңыз қандай жақсы болды, мен сіздерге бұл туралы

айтпасам, басым қайтадан ауыра ма деп қорқып едім», – деді. Әрбір адамның жүрегінде, мейлі, ол ырымшылдықпен бұрмаланған болсын, Құдай алдындағы іштей қорқыныш болады.

Өзбекстан университеттерінің бірінде мен студенттерге Ізгі хабар айту мүмкіндігіне ие болдым. Уағыздан соң олардың қалағандары өзбек тіліндегі Інжілді таратып алып кетті. Ертесі күні маған өзбектің жас жігіті келіп, Інжілді сұрады. Оны кеше неге алмадың деп сұраған маған ол: «Кеше мен үлкен кереметке куә болдым. Уағыз кезінде: мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранды қалай Киелі кітаппен теңестіруге және Құран Киелі кітап негізінде құрылған деп тұжырымдауға болады деп ыза болдым. Өйткені Киелі кітап – бізге жат орыс кітабы, ал мәсіхшілдік – бізге бөтен дін ғой! Бірақ орнымнан тұрып, сізді тоқтатпақшы болғанымда, отырған орнымнан қозғала алмадым, аузымды ашпақ болып едім – жағым қарысып, икемге келмей қойды, ал содан соң бүкіл денемді ұсақ діріл басты. Бірақ кешегі күні сегіз жылда бірінші рет тыныш ұйықтап шықтым. Мұның кеше сіз айтқандармен байланысты екенін және бұл кітаптың тегін кітап емес екенін анық білемін. Өтінемін, маған сол кітабыңызды беріңізші», – деді.

Бұл жігіт он екі жасында басынан өткен бір шошынудың салдарынан ұйықтаудан қалыпты. Сегіз жыл ішінде ата-анасының оны апармаған жері қалмаған. Дәрігерлерге де, жүйке дәрігерлеріне де, экстрасенстерге де, бақсыларға да алып барыпты, бірақ олардың ешқайсысы көмектесе алмапты. Ал, міне, Құдайдың Сөзімен кездескеннен кейін... Алдымен, әдеттегідей іштей қарсылық болды... Інжілге қарсы шыққан кезінде, елші Пауыл: «Маған қарсы шығу саған қиын болады!», – деген дауысты естіді. Дәл осылай, арада екі мың жыл өткенде студент өзбек жігіті де Інжілге қарсы тұра алмады.

Осы университетте Киелі кітап туралы айту Құдайдың мейірімі арқасында мүмкін болды және бұл Оның бізге берген белгісі еді. Мұнда мені жастарға өмірдің мағынасы жайлы әңгімелеп беру үшін сол жерде жұмыс істейтін немере әпкем шақырған болатын. Мен оған, егер Мәсіх туралы айтатын болсам, онда оны жұмыстан шығарып жіберулері мүмкін екенін ескерттім. Сонда оның: «Менің Құдай жолына түскеніме екі жыл болды, бірақ Мәсіх үшін әлі ешнәрсе істеген жоқпын. Жастарға нағыз сүйіспеншілік пен өмірдің мақсаты туралы айту керек. Өйткені айналамызды нашақорлық, ішімдікке салыну, ұрлық жайлап алған,

ал оларға кім көмектеседі? Інжіл барлық ұлттар мен халықтарды сүйеге, үлкендер мен басшы қызметтегілерді сыйлауға шақырады – мұнда тұрған ешқандай жамандық жоқ қой», – деген жауабы мені қатты таңдандырды. Өкінішке орай, менің айтқаным тура келіп, сол университетте жиырма бес жыл жұмыс істеп, көптеген сыйлықтармен марапатталған және сол жерде лауазымды қызмет атқарып жүрген әпкемді осы үшін жұмыстан шығарып жіберді.

Студенттермен әңгімелескен кезде менің бір қолымда Құран, ал екінші қолымда – Киелі кітап болды. Мұсылмандарға Інжілден уағыз айтқан кезде мен ешқашан әңгімені Киелі кітаптың Құраннан артықшылығынан немесе оларды бір-біріне қарсы қоюдан бастамаймын. «Пікірталасты бастамас бұрын, алдымен талассыз нәрселер туралы келісіп алу керек» (Честертон). Бұл екі кітапты біріктіретін талассыз шындықтар бар, олар: пайғамбарлар, кейбір заңдар, мерекелер және ең бастысы, Құдайдың жалғыз екендігі. Тіпті, Құранда Киелі кітапты оқуға шақыратын жолдар да бар, мысалы: «Әй, Кітап иелері! Інжіл, Тәуратты және Раббыларың тарапынан сендерге түсірілгенді толық орындағанға дейін дәнеңе емессіңдер!» (Сүре, 5:68). Немесе: «Және пайғамбарлардың ізінше өзінің алдындағы Тәуратты растаушы етіп, Мәрийем ұлы Ғисаны жалғастырдық. Әрі оған ішінде туралық, нұр болған алдындағы Тауратты бекітуші, сондай-ақ сақтанушылар үшін тура жол, үгіт түрінде Інжілді бердік» (Сүре 5:46).

Ал Құранның «Кітапты ашатын» алғашқы сүресі Киелі кітаптағы Зәбүр жырында: «Жапырақтары еш кеуіп сембейтін, су жағасындағы ағашқа» ұқсас әділетті адамның және «Жел ұшырған қабыққа» ұқсайтын құдайсыздардың жолы туралы айтылатын алғашқы жырына өте ұқсас. Дұрыс жолды қалай таңдап алуға болады? Құраннан біз мынандай жолдарды оқимыз: «Әй Ғиса! Сені Мен алушымын! Сондай-ақ өз тарапыма көтерушімін әрі қарсы болғандардан тазартушымын да. Саған ілескендерді қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын. Сонан соң қайтар жерлерің Мен жақ! Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін. Ал енді сондай қарсы келгендерді, дүниеде де, ахиретте де өздерін қатты азаппен қинаймын әрі олар үшін ешбір жәрдемші болмайды» (Сүре, 3:55-56). Бұл жерде Иса Мәсіхтің өлімі мен қайта тірілуі («Сені Мен алушымын және өз тарапыма көтерушімін»), Оның екінші рет келетіні («қияметке дейін») және өлгендердің бәрі қайта тіріліп, олардың Иса Мәсіхпен қандай қарым-қатынаста болғандарына

байланысты сотталатындары туралы анық айтылған. Исаны қабылдамағандар жерде де, «ахиретте де», яғни, мәңгілікте де қатты азапталады.

Бірде, осындай дәрістен кейін залдағы тыңдаушылардың бірі менен қатты дауыспен: «Айтыңызшы, сіз мәсіхшісіз бе, әлде, мұсылмансыз ба?» – деп сұрады. Мен мұның арандату мақсатында қойылған сұрақ екенін бірден түсіндім, өйткені дәріс аяқталып, бәрі тілектес көңіл-күйде болатын және Інжілді алуға даяр болып отырған-ды. Сонда мен әлгі жігіттен: «Ал сіз «мұсылман» сөзінің қалай аударылатынын білесіз бе?» – деп сұрадым. Залда үнсіздік орнады – оны ешкім білмейді. «Мұсылман» сөзі «Құдайдан қорқатын, Оған бағынатын», яғни, Құдайдың және адамдардың алдында мойынсұнатын адам дегенді білдіреді. Ал бұл Киелі кітаптың адамға арнаған ең басты арнауы: Құдайдан қорқу, Жаратушыны құрметтеу және Оған мойынсұну, өйткені: «Даналықтың бастауы – Тәңір Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну», – дейді данышпан Сүлеймен. Менің осындай мойынсұнған және Құдайға бағынышты адамдардың қатарында болғым келеді және өз жүрегімде Исаның өмір сүретініне сенемін. Сіздің сұрағыңызға беретін жауабым осы. Ал енді сіздерден мынаны сұрауға рұқсат етіңіздер: «нағыз діндармыз» деп кеудемізді ұрғанымызбен, Құдайды шынымен танымай өмір сүрсек, онда біздің қандай мұсылман болғанымыз? Нағыз «мұсылман» Иса болған, өйткені Ол «Өзінің айқыштағы өліміне дейін Құдайға мойынсұнып өтті». Ол біздер үшін, күнәһар және лайықсыз адамдар үшін Өз өмірін қиды және Ол Өзінің артынан ергендерді күнәдан құтқарып, «мәңгілік өмір» береді. Сол күні залда отырғандардың барлығы дерлік Інжілді алды және қазір солардың кейбірі Исаға сенім артып, Оған қызмет етіп жүр.

Мәскеуге кетер алдында мен өзімнің егізімнің сыңары – бауырымнан осы студенттердің рухани өсулеріне көмектесуін сұрадым. Бірақ бауырым басқа қалада тұратын және сенімге жаңа келген еді, сондықтан да мұндай жауапкершілігі зор қызметті мойнына алудан қорықты. Әйтсе де мен оны бұған көндіріп, жуық арада келіп кетемін деп уәде бердім. Бірақ «жуық арада» келудің сәті түспей, арада тоғыз ай өткенде қайтып оралған мен Құдайды іздеген адамдардың саны артып, олардың бауырыммен кездесулерін жалғастырып жүргендерін көріп қатты қуандым. Бауырым осы уақыттың бәрінде оған Құдайдың көмектескенін айтты. Бірде оның басынан мынандай жағдай өтіпті: «Машинамен

үйімнен жүз шақырым жердегі құлшылық ету қызметіне кетіп бара жатып: «Егер өзім әлі көп нәрсеге күмәнданып жүрсем және өз басымда көптеген сұрақтар тұрса, ол адамдарды үйретуге қандай қақым бар? – деген ойға берілдім дейді ол. Кенет, қасымда бір ер адамның отырғанын байқадым. Мен еш қорықпай, тіпті таңданып жатпастан, оған өзімді мазалаған сұрақтарымды қоя бастадым. Ол оның бәріне егжей-тегжейлі жауап берді. Тек барар жеріме жетіп, моторды өшіргенде ғана мен өзімнің қасымда ешкімнің жоқ екенін байқадым. Мен жүз шақырым жолды қалай жүріп өткеніме таңқалдым, өйткені бірде-бір бағдаршам, жолдың бірде-бір бұрылысы есімде қалмапты. Бірақ осы оқиғадан кейін жаным тынышталып, Құдайға сенімдірек қызмет ете бастадым».

Осылайша, Өзбекстанда біртіндеп қауым құрыла бастады. Құдайды іздеген адамдарды көру әрқашан да үлкен қуаныш! Олар Құдай Сөзін соншалықты жақсы көреді! Диля атты студент өзбек қызы үш ай ішінде орыс тіліндегі Киелі кітапты толықтай және өзбек тіліндегі Інжілді екі қайтара оқып шықты. Ата-анасы бұл кітаптарды үйінде ұстауға рұқсат етпегендіктен, ол бұларды жасырып, тек түнде ғана оқуға мәжбүр болды. Оны қауымнан күштеп алып кетпек болып келген ағасына онда айтылып жатқан рухани ән қатты әсер етеді. Кейінірек ол қауымға тек сол әнді тыңдау үшін ғана келіп жүргенін айтты. Сол ән оның тәубеге келуіне түрткі болып, қазір ол қарындасымен бірге Құдайға қызмет етіп жүр. Жиналыстан қайтқан сайын шешелері оларды қақпа алдында қолына күрек ұстап күтіп тұрады. Үйлерінен де қуып шығады. Ақыры өз тамағына пышақ тақап: «Не мені, не өздеріңнің Мәсіхтеріңді таңдаңдар!» – деген талап қояды. Сонда ұлы: «Шеше, біз сені өте жақсы көреміз, дұрысы, сен пышақты менің тамағыма тақа да: «Не сен, не Мәсіх», – де, сонда мен – Мәсіх деген кесімді жауабымды беремін», – дейді. Шарасы таусылған шешесі жылап отыра кетеді. Содан соң бірнеше апта бойы балаларымен сөйлеспей қояды.

Ал басқа бір әйел алғашында өзінің екі қызына олардың Киелі кітапты оқып, Құдайға құлшылық ету жиындарына баруларына рұқсат бермейді, бірақ та Жаратушы Иенің құдіреті шексіз. Өлгі әйел ешкімге білдірмей Інжілді оқып шығады да, содан соң тағы да ешкімге көрсетпей: «Құдай Ұлы Иса Мәсіх, мен Саған сенім артамын және Сенің жолыңа өзімді шомылдыру рәсімінен өткіземін», – деген сөздерді айтып, басына ожаумен су құяды. Бірақ ата-аналардың Мәсіхтің жолына түскендері үшін балаларының бастарын қабырғаға

соғып ұрған оқиғалар да кездеседі. Көптеген адамдар Құдай Сөзіне қарсыласып, Иса Мәсіх айтқандай, «өздерінің не істеп жүргендерін» білмейді. Бірде үстел үстінде жатқан Киелі кітапты көрген күйеу балам менің сіңліме: «Енді осы кітапты оқып отырғаныңды көрсем, мен оны өртеп жіберемін», – дейді. Сонда сіңлім оған еш сәспастан: «Кітапты өртерсің, тіпті мені де қосып өртеп жіберерсің, бірақ оны менің жүрегімнен алып тастай алмайсың», – деп жауап береді. Мұндай жауапты күтпеген күйеу балам не айтарын білмей, есікті тарс жауып шығып кетеді. Бір қазақ қызы маған алғашында ата-анасының оны Құдайға құлшылық ету жиындарына жібергілері келмегенін айтты, бірақ қатты бас ауруынан зардап шегетін оның анасы мәсіхшілдік кітаптарға қолын тигізген сәтте басының ауырғаны қойып қалатынын байқайды. Сонда шешесі қызының жиналыстарға барып, үйге рухани әдебиеттерді көбірек әкелуін сұрайды. Көптеген адамдар зұлым күштермен шатасқан, тек сол себептен ғана олар Құдай Сөзін жек көріп, Киелі кітапқа қызығушылық танытқан туыстарын ұрып-соғады немесе үйлерінен қуады. Ал жан-дүниелері таза адамдар бізге келіп: «Сіздердің бар екендеріңіз қандай жақсы. Сіздерге барып жүргелі менің ұлым ұрлық жасағанын, есірткі еккенін қойды және боқтық сөздер айтуын да доғарды...» – деп алғыстарын айтады.

Ал Інжілді балалар қалай тамаша қабылдайды десеңізші! Менің бауырларымның балаларының көбінің жастары бес пен он бес жастың аралығында. Күндіз олар сиыр бағады. Мен ауылға келген кезде, кешкісін оларды жинап алып Киелі кітап сағатын өткіземіз. Бет-ауыздары кір-қожалақ, аяқ-қолдарын шаң басқан олар мені айнала отырып, айтылғандарды өте мұқият тыңдайды. Бірде мен оларға: «Інжілдің жаны бар, ол күнделікті біздің өмірімізге бір өзгерістер әкеледі. Осы аптада сендер өз өмірлеріңде қандай да бір өзгеріс болғанын байқадыңдар ма?» – дедім. «Иә, байқадық, – деп жауап берді олар бір дауыспен, – бізге кешке сабақ болатын күні сиырлар өрістен үйге қарай жеңіл жүреді!» Бірде аттары ауырып қалып, балалар өрістен қайғырып келді. Мен оларға: «Келіңдер, біз ол үшін сиынайық», – деген ұсыныс жасадым. «Қойшы, – деді бауырым қолын сілтеп, – ат үшін Құдайдың мазасын алуға бола ма екен? Оның үстіне, таң атқанша ол бәрібір өліп қалады». Біз балалармен бірге ол үшін сиындық, ал таңертең ат шапқылап кетті. Менің екінші бір бауырым балаларды қатты жазалайтын. Бірде ол жиендерінің бірін қуып жүріп ұстап алды да, ұру үшін белдігін

жоғары көтере бергенде, әлгі жиені ентігін баса алмай: «Аға, Иса Мәсіх үшін мені ұрмашы!» – деді. Мұны күтпеген бауырымның қолынан белдігі түсіп кетті де, үн-түнсіз бұрылып, үйіне кетіп қалды. Бірде көрші иран баласы маған былай деп сырын айтты: «Біздің мектепте жас, мінезі жұмсақ бір мұғалім апай бар, балалардың бәрі соны пайдаланып, оны алдайды. Мен оның сабағына қатыспай жүретінмін, ал қазір қалмай барып жүрмін, өйткені Құдай бәрін көріп тұрады ғой. Менің оған жаным ашиды».

Менің бауырым қайта құру кезеңінде бір жыл мектепте тарих пәнінен сабақ берді. Ол кезде тарих пәні бойынша бағдарлама болмады, өйткені біздің бұрынғы оқыған тарихымыз жалған болып шығып, ал жаңа тарих әлі жазылмай тұрған кез болатын. Ешқандай оқулықсыз қалай сабақ өткізуге болады? Бауырым мұны Киелі кітап оқиғаларын әңгімелеуге пайдалануға бел буады. Балалар оны өте жақсы көріп кетеді. Мектеп директоры Киелі кітап сабақтары үшін жоғары жақтың бұйрығы бойынша бауырымды жұмыстан шығарған кезде, балалар оны қайтадан жұмысқа алуды талап етіп, бір апта бойы сабаққа келмей қояды.

Көршілердің балалары «Иса» фильмін көру үшін оның үйіне жиналатын. Олардың арасында бір неміс баласы болды. Шешесі жібермейтіндіктен, ол ылғи да жасырынып келіп көретін. Арада жеті жыл өткенде оның отбасы Германияға көшіп кетті. Бірде Ташкентке қонаққа келген ол менің бауырымды іздестіреді, бауырыма баласы үшін алғысын айтқысы келіпті. Германияға барып, ондағы жастардың да есірткі шегіп, арақ ішумен айналысатынын көрген ол баласының болашағы үшін қатты уайымдайды. Бірақ, бойына жақсы әдеттерді сіңіріп үлгірген ол бірден қауымға барады. Шешесі де оның ізімен сонда барады, өйткені жамандық жайлаған әлемнен қашып тығылатын басқа жер жоқ болатын. Әлгі әйел өзінің бұрынғы көршілерінің бәрінен «сол тәжікке» ұлын құтқарып қалғаны үшін алғысын жеткізулерін сұрайды. Менің бауырым отбасымен жаңадан студент жастардың қауымы құрыла бастаған қалаға көшіп барды. Бара салысымен көршілері оның он жеті тауығы мен әтешін ұрлап алады. Бауырымның әйелі көршісіне барып, одан тауықтарын қайтарып беруді өтінгенде, ол бұдан үзілді-кесілді бас тартады. Екі сағаттан кейін қатты дауыл соғып, әлгі көршісінің үйінің бір қабырғасын құлатып кетеді. Сол кездегі үйдің келбеті қызық еді: оның үш-ақ қабырғасы қалып, ішіндегі заттарының бәрі көрініп тұрды. Көрші басын ұстап, есігінің алдында отырып қалады да,

әйелі қораға жүгіріп барып: «Алыңдар, тауықтарыңның бәрін алыңдар, бүгін тек біреуін ғана жеп алып едік», – деп тауықтарды қоршаудың сыртына лақтыра бастайды.

Арада аз уақыт өткенде өкімет орындары сенушілердің жиналыс өткізулеріне кедергі жасай бастады, ал бұл үшін көршілердің шағымы қажет еді. Милициядан қорыққаныңнан не нәрсеге де қол қоюға мәжбүр боласың. Оның көршісі де бауырымның үйінде түсініксіз адамдар жиналып, түсініксіз нәрселер істейді және төңірегіндегілердің тыныш өмір сүрулеріне кедергі жасайды деген мазмұндағы милицияның алдын ала дайындап әкелген арызына қол қойып береді. Сол кездері бауырымның отбасына мұндай жаладан бастарын арашалап алу оңайға түскен жоқ. Ал арада аз уақыт өткенде әлгі көршісі әйелін ұрып, әйелі емханадан бір-ақ шығады да, милиция енді соттау үшін, ең бастысы, жақсылап пара алу үшін оның үстінен шағым жинай бастайды. Ол көршінің әйелін қалай ұрғанын көрдім деген түсінік жазып бер деп бауырыма келеді. Бірақ бауырым ештеңе жазбайды. Біраз күннен кейін көршінің әйелі емханадан шығып, күйеуіне қайтып оралды. Сол кезде көршісі бауырыма келіп: «Кешір мені. Мүмкін, сен кінәсіз болсаң да, үстіңнен жазылған арызға менің қолымды қойғанымды білмейтін боларсың. Ал мен шындығында да кінәлімін және сотталып кетуім де мүмкін еді, бірақ сен мұны кегіңді қайтару үшін пайдаланған жоқсың. Рахмет, саған», – деп алғысын айтып, өзбек тіліндегі Ізгі хабарды алып кетті. Содан соң оның әйелі келіп, ауылдағы туыстарына беру үшін тағы бірнеше Ізгі хабарды сұрап алды.

Бірде бауырымның үйіне бір әжей келіп, былай дейді: «Мен осында сенуші адамдар тұрады деп естідім, маған көмектесіңдерші. Мен попқа да, молдаға да бардым, бірақ ешқайсысы көмектесе алмады». Әжей шалы екеуі тұрған үйлерін басқа үйге ауыстырып алыпты. Ал онда тұру мүмкін емес көрінеді: үйдегі заттары аяқ астынан өз беттерінше ұша бастайды екен. Ұшып жүрген заттар басыма түсе ме деп қорыққан шалы жатқанда басын орындықпен жауып жататын болыпты. Бауырым ол кезде үйде болмайды, сонда оның әйелі әжейге: «Мен сізге Інжілді берейін, сіз оны оқыңыз. Ал заттар ұша бастаған кезде «Көктегі Әкеміз» мінәжатын оқыңыз және шын жүректен беріле сиыныңыз», – дейді. Әжей Інжілді алып, әлгі мінәжат жазылған бетті белгілеп алады да, кетіп қалады.

Арада бір ай өткенде әлгі әжей үш литрлік банкіге салынған қаймағын көтеріп келеді де, қуана былай дейді: «Рахмет саған,

қызым. Сенің бергенің көмектесті! Заттар ұша бастаған кезде, мен мінәжатты оқи бастадым, ал «ол» болса одан әрмен құтырынып кетті. Үстелдің астында отырған шалым: «Кемпір, болды, оқымай-ақ қой, бұрынғыдан да жаман болып кетті», – деп айқайлады. Ал мен кенеттен осы мінәжаттан жүрегімнің қызынып, жан-тәніммен соған беріліп кеткенімді сезіндім. Арада аз уақыт өткенде «ол» біртіндеп бәсеңдей бастады және бір қызығы, бұрын заттар «ол» тоқтаған кезде әр жерде шашылып қалатын болса, қазір олар өз-өз орындарына түсті. Келесі күні бұл тағы да басталған кезде Інжілді алдым да, тіземе қойып оқи бастадым. «Ол» бірден тоқтап қалды және бұдан кейін қайталанбайтын болды».

Мен бірнеше рет зұлым күштермен шатасқан адамдардың Иса Мәсікке бет бұрып, Одан көмек сұрауларының арқасында қара күштің бұғауынан босағандарының куәсі болдым. Бізде қазақ ауылында тұратын он жасар әзірбайжан қызы болды. Маған оның болашақты болжайтын және адамдарды сауықтыратын дарыны болғандықтан, оны іздеп жан-жақтан адамдардың ағылып келіп жататынын айтты. Бірде оған түн ішінде скафандр киген адам көрініпті де, қолына кішкентай бір тас беріп, оның ертеңнен бастап арабша жазу жазып, адамдарды емдей бастайтынын айтыпты. Бұл дәл солай болып шықты. Араб әріптерінің қандай болатынын білмесе де, ол араб тілінде жазу жаза бастайды. Ата-анасы оның жазғандарын мешітке апарып көрсеткенде, молда онда Құдай туралы сөздер жазылғанын айтыпты. Мен қызға келген кезде, ол мен табалдырықтан аттамай жатып өткен өмірімнен кейбір деректерді айтып берді. Мен оны тоқтаттым да, маған өзімнің өткенім туралы да, болашағым туралы да ештеңенің қажет емес екенін, тек оның арабша қалай жазатынын көргім келетінін айттым. «Мен жаза алмаймын, бірақ тырысып көрейін», – деп жауап берді қыз. Содан соң бөлменің жоғарғы оң жақ бұрышына қарады да, қолы қағаз бетіне оңнан солға қарай жазу жаза бастады. «Ал енді, – дедім мен, – не жазғаныңды оқып бер». Ол тағы да: «Мен оқи білмеймін, бірақ байқап көрейін», – деді. Содан соң тағы да бөлменің жоғарғы бұрышына қарады да, таза араб тілінде оқи бастады. Ол көздері бақырайған, жіп-жіңішке арық қыз еді. Мен оның тіпті күндіздің өзінде жалғыз қалудан қорқатынын байқадым. Оған сауығу үшін алыстан адамдар келіп жатыр, мамасы да мұның Құдайдан екенін айтады. Екеуміз оңаша қалған кезде мен қызға: «Қызым, бұл Құдайдан емес», – дедім. Ал ол болса жайбарақат: «Иә, Құдайдан

емес екенін білемін, бұл шайтаннан. Бірақ мен шайтаннан қатты қорқамын, егер бұл іспен айналыспасам, ол мені өлтіретінін айтты», – деп жауап берді. Мен оған Мәсіх туралы, Исаның шайтаннан күшті екенін, шайтанның Исадан қатты қорқатынын және Исаның мінәжат арқылы біздің жүрегімізге еніп, одан шайтанды қуып шығатыны туралы айтып бердім. Ол бәрімен келісіп, үнсіз тыңдап отырды. Бірақ тәубеге келуге мінәжат етіп: «Иса, менің жүрегіме ен» деген сөздерді қайталаған кезде, қыз жүрек тұсын ұстап: «Жүрегім жанып барады, жүрегім жанып барады!» – деп айқайлап жіберді. Мен оған: «Иса келіп, сенің жүрегіңе енді», – дедім. Мінәжаттан соң оны жаны тыныштанып, қуаныштан бет-әлпеті өзгеріп, жайнап кетті.

Осы қорқыныштың салдарынан сегіз ай бойы мектепке бармай жүрген қыз осыдан кейін бірден оқуына барды. Кейінірек маған мектеп директоры қыздың мектепке жүгіріп келіп: «Енді менің жүрегімде Иса өмір сүреді!» – дегенін айтты. Мен аулада балаларға мұз конфеттер таратқанымда, әлгі қыз өз конфетін жемей, үйіне алып кетті. Бұл конфетті менің бергенімді естіген оның отбасындағылар оны сауықтыру қасиеті бар «киелі» конфет деп бәрі бөлісіп жепті. Қызының сауығып, қайтадан мектепке барғанына, әсіресе, оның шешесі қатты қуанды.

Орта Азия халықтары зұлым күштермен қандай тығыз байланыста десеңізші! Өр көшеде бір, кейде, тіпті екі сиқыршыдан тұрады. Бұл «күшті» өзгелерге, әдетте, туыстарының біріне өткізіп беру әдеті бар. Көбінесе, бұл адамның басындағы қиын сәттерде, отбасында немесе денсаулығына байланысты қиындықтар туындаған кездерде болады. Сондай сәттерде осы «күшті» қабылдап алуды ұсынады, сонда бәрі орнына келеді деп есептеледі. Сондықтан да сиқыршылықпен айналысатындардың көпшілігінің – әйелдер екендігіне таңқалуға болмайды, өйткені олар кез келген жолмен отбасын, балаларын құтқарып қалуға тырысады. Бірақ, кейін осы шайтанның шырмауынан құтылу өте қиын болады, менің ойымша, Құдайдың көмегіңізсіз бұл мүлде мүмкін емес. Олар Мәсіх туралы сабырмен тыңдайды, бірақ, арада аз уақыт өткен кезде қатты есіней бастайды. Ал зұлым күштерден ажырау мінәжаты кезінде мен мынандай көріністерді байқаймын: олардың ауыздарынан көбік ағып, көздері аларып кетеді, «Иса» есімін қайталай алмай, түсініксіз бір нәрселерді міңгірлейді. Ал мінәжат етіп болып, шайтанды жеңгеннен кейін олардың өңдері кіріп, бақытты күйге енеді.

Көбінесе бұл «күш» ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Менің екінші шешемнің әкесі тауда тұратын. Ол жыландарды бағып, олармен сөйлесіп жүретін. Өзі өте керемет күшке ие еді, оны білетіндер және ол туралы ақсақалдардан естіген адамдар әлі күнге дейін оның зиратының басына барып тәу етіп тұрады.

Менің екінші шешемнің алғашқы балалары шетіней береді, сонда атам қызына: «Келесі балаң дүниеге келген кезде мен оған «күшімді» беремін, сонда ол аман қалады», – дейді. Менің екінші шешемнен туған үлкен әпкем осылай дүниеге келген. Ол шынында да ғажайып қабілеттерге ие болды: мысалы, алдына келген адамдарды ауруына қарай ақ немесе қара тауықпен емдейтін. Тынымсыз жылай беретін емшектегі балалардың денесінен ұстарамен тіліп қан шығарғанында, олар тынышталып қалатын. Мен одан мұның жақсылық емес екенін айтып, мұндай істерден бас тартуын сұрағанымда үнсіз келісті, бірақ, бірден шешім қабылдай алмайтынын және жауабын қырық күннен кейін беретінін айтты. Қырық күн өткен соң маған: «Қоя алмаймын, мә, пышақ, мені бауыздап тастасаң да бұдан бас тарта алмаймын және саған бәрін айта алмаймын», – деді. Адамзаттың дұшпаны – шайтан адамдардың жанын уысында мықтап ұстайды. Олар үшін үздіксіз сиыну қажет.

Ташкентке кезекті сапармен барған кезімде, маған мектепті жаңа бітірген, он сегіз жасар қызды алып келді. Шешесі қыздың қатты өзгеріп, дәрекіленіп кеткенін айтты, ол: қой сойып, мені сиқыршылық дәрежесіне көтеру рәсімінен өткізіндер деп талап етеді екен. Айтуларынша, үйінде әлгі қыздан өзге ешкімге көрінбейтін бір қол ұшып жүреді екен және осы рәсімді тездетіп жасауды бұйырып, қызды ұратын көрінеді. Мұның себебін анықтау қиын еді, бірақ мен қыздың бұрынғы сыныптас қыздарынан сұрастырғанымда, олардың көпшілігінің сиқыршылықпен айналысатынын білдім. Бірде әлгі қыз мектепте еден жуушы болып істейтін шешесінің орнына еден жууға барғанында еден жуатын шүберек оралған таяқ «шабуыл» жасап, оны қатты ұрып-соққаны сондай, қыз өздер деп тірі қалыпты. Қызбен әңгімелесу де қиын, ол бірден әңгімеден бойын аулақ салатын. Жалпы мұндай адамдар әлдекім үндемеуді бұйырып тұрғандай, бастарында болып жатқан жағдайлар туралы айтуды жек көреді. Олардың өздеріне де ұнамайтын өз әлемдері бар, ал одан босанып шығу өте қиынға түседі. Бірақ та ол сиынуға келісті. Екеуіміз бірігіп сиынған кезде, мен оның өңі жұмсарып, беттеріне қан жүгіргенін байқадым.

Қазіргі күндері Шығыста ғана емес, Батыста да оккультизм мен шамандық белең алып келеді. Мәскеудегі қауымда мен бір адамдардың Құдайға құлшылық ету кезінде ұдайы қалғып отыратындарын байқаймын. Бірақ олар шаршағандықтан немесе уағыз іш пыстырарлықтай болғандықтан қалғымайды, олар ұйқылы-ояу, өздерінің не істеп, не қойғандарын білмейтін қалыпқа еніп отырады. Бұл адамдар не өздерінің бұрынғы күнәларынан толықтай арылмаған немесе бұрын олардың оккультизмге қатыстары болған.

Бірде Арбаттағы уағыздан кейін бір қызық оқиға болды. Жаздың күні, кеш батып қалған уақыт болатын. Менің айналама он шақты адам жиналып, сұрақтар қойып жатқан. Жиырма жастардағы, жүзіне күлкі үйірілген әдемі қыз маған бір сұрақ қойды. Мен оған жауап бере бастағанымда, кенеттен оның көздері өзгеріп, қарашықтары жоғалып кетті, оның орнынан екі қорқынышты ақ шеңбер маған қадалып тұрды, күлкісінің орнында – тістері ақсиып тұр. Дәл айуанның бет-әлпеті! Мұны көргенде мен өзімнің кім екенімді, мұнда не істеп жүргенімді және мына адамдардың бұл жерде не үшін жиналып тұрғандарын ұмытып қалдым. Кенет менің ішімнен біреу «Мәсіх» деген есімді бірнеше рет қайталады. Сол сәтте менің жадым қайта оралды. Сірә, бұл жағдай ұзаққа созылмаса керек, өйткені бәрі орындарында тұр екен және ештеңені аңғармаған секілді. Ал әлгі қыз маған тағы да сұрақ қойды. Мен теріс қарап жауап беріп тұрмын және оның қазіргі менің басымнан өткен жағдайды біліп, табалап тұрғанын сезіп тұрмын. Сол кезде менің ойыма Киелі кітаптағы: «Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәһар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті» деген сөздер түсті. Мен бойыма тың күш құйылғанын бірден сезіндім де, еш қорқынышсыз қызға бұрылып, оның бетіне тура қарадым. Жаңағы жағдай қайталанып, ол тағы да көздерін өзгертіп, тістерін ақситты, бірақ мен сөзімді жалғастыра бердім. Қыз маған тағы да әсер етуге тырысып бақты, бірақ бұл қолынан келмей, оның мазасы кетіп, бет сүйектері жыбырлай бастады.

Содан кейін мен әлі күнге дейін түсіндіріп бере алмайтын бір жағдай болды. Жиналғандардың барлығы үшін менің аузымнан Құдай, Киелі кітап туралы сөздер шығып жатты және дәл сонымен бір мезгілде әлгі қыз екеуіміздің арамызда іштей мүлде басқаша әңгіме жүріп жатты. Оның аузын ашпастан маған айтқан: «Мен күштімін. Сен жаңа қорқып кеттің ғой, өйткені менің қожайыным

күштірек, бізге қосыл, жүр менімен бірге!» – деген сөздерін анық естідім. Мен де оған ойша жауап бердім және оның да мені еститініне еш күмәнім болған жоқ: «Жоқ, Иса күшті, мен сенен де, сенің қожайыныңнан да қорықпаймын. Тезірек кетіп қал, әйтпесе өлім құшшасың! Одан Иса күшті!»

Ол мені өзімен бірге жүруге шақырып, қорқытуын жалғастыра берді, ал мен оған: «Иса күшті», – деуімнен танбадым. Бұл осылайша біраз уақытқа созылды. Кенет оның қолында үш тал қалампыр гүлі пайда болып (мүмкін, олар оның қолында бұрыннан болған шығар, бірақ мен оларды байқамаппын), оларды маған сыйлады да, бетімнен сүйіп: «Мен бүгін сізді үйіңізге шығарып салуға тиіспін», – деді. Қысқасын айтқанда: Құдай бұған жол бермеді. Ал сол күні оның қорқынышты әппақ көздерін тек мен ғана байқаған жоқпын. Сол кезде бір еркектің әлгі қызға: «Сіздің көздеріңіз тым қорқынышты екен!» – дегені есімде. Арбаттағы қызметімнің бас кезінде шайтан мені осылайша қорқытпақ болды. Бірақ Құдай сөздерінің құдіреті қандай десеңізші! Шындығында да, Құдаймен бірге болсаң: «Түнде сен қара түнек қорқыныштан, күндіз қорықпайсың жау оқтарынан... және саған зақым жақындай алмайды да».

Өткен өміріме көз сала отырып, өз өмірімнің ең бақытты сәттері Інжілді уағыздаған кездерім болды деп анық айта аламын. Тіпті, кейде уағыз айтуға шаршап, өзер деп барсаң да, қайтар кезде бойыңа тың күш құйылатыны сондай, тау қопарардай болып қанаттанып қайтасың. Православтық митрополит Антоний Сурожский Мәсіхке куәлік етудің жанға қажеттілігі туралы былай деп жазады: «Он төрт жасымда Інжілді алғаш оқып шыққан сәт пен өмірде Исаны таныған сәтте ашылатын қуанышты өзгелермен бөлісуден асқан мақсаттың болмайтынын сезіндім. Сол жасөспірім кезімнен бастап, барлық жерлерде, мектепте, метрода, балалар лагерінде Иса туралы, Оның өзіме өмір, қуаныш, мән-мағына беріп, бәрін өзгертетін ұлы жаңалық болып ашылғаны туралы айта бердім... Бұл керемет туралы айтпау осы кереметті жасаған Құдайдың және өмір туралы тірі сөзге зәру болып жүрген бүкіл жер бетіндегі адамдардың алдында қылмыс болған болар еді».

Уағыз кездерінде, әсіресе қайта құру кезеңінде, көз жастарын жасыруға тырысқан көптеген жас жігіттерді көрдім. Олардың жан-дүниелерінде бір өзгерістің жүріп жатқаны сезілетін. Сусаған және ізденген жандар әрқашан да жанымызда, олар туралы Мәсіх

былай дейді: «Өз «қойларым» даусымды естіп, бағынады». Бірде жауын кезінде уағыз тыңдап тұрғандардың қатарына бір баласын ерткен отбасы келіп қосылды. Олар уағызды ұзақ тыңдады, бір кезде әйелі баласын алып, жылыну үшін дүкенге кетті. Шешесі бірнеше рет баласын әкесін шақыруға жіберді, ақырында өзі келіп: Бала тоңып кетті, үйге қайтайық, сен бұл жерге жалғыз келген жоқсың ғой!» – деп айқайлай бастады. Ал ол болса ештеңені естімегендей қалшыып тұра берді, өңі сондай байсалды күйге еніп, көңілі бір нәрсеге беріліп кеткендей. Әйелі ақыры жалғыз кетті де, ол болса бір ауыз сөз айтпастан уағыздың ақырына дейін тұрды. Естігендерінің жан-дүниесіне әсер еткені сондай, ол дүниедегінің бәрін: әйелін де, баласын да ұмытып кетті. Кейін сол адам тәубеге келіп, шомылдыру рәсімінен өтті.

А. И. Солженицынның ГУЛагтағы өмір туралы баяндайтын «Иван Денисовичтің бір күні» атты тамаша повесінде Шуховқа Құдайдан нені сұрау керектігі жайында өте қарапайым тілмен түсіндіретін Алеша-баптист туралы мынандай жолдар бар: «Алеша өзінің Інжілін көтеріп Шуховтың дәл қасына келді де, оған былай деді: «Құдай бізге осынау опасыз дүниеде тек күнделікті нанымыз үшін ғана сиынуды өсиет етті: «Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр». «Яғни, азық-түлік қой?» – деп сұрады Шухов. «Иван Денисович, үйімнен сәлем-сауқат келсін немесе түрменің тамағы көбірек берілсін деп сиыну керек емес. Адамдар жоғары бағалайтын нәрселер Құдай алдында жексұрындық болып есептеледі. Рухани нәрсе туралы: Құдайдың біздің жүрегімізде қатып қалған зұлымдықты алып тастауы үшін сиыну қажет...»

Осы зұлымдық алынған кезде, жүрекке сенім мен тыныштық орнайды. Сол кезде осы баға жетпес қазынаны өзгелермен бөлісу тілегі туындайды. Сондықтан да кейбір сенушілердің уағыз кезінде өздерін, жұмсарта айтқанда, мүлде бір түрлі ұстайтындықтары түсініксіз. Сиынудың орнына, олар көптеген көңілді басқа жаққа аударатын сұрақтарды қояды. Мен қойған сұрақтарына қарап кімнің кім екенін ажыратып үйреніп алдым. Мысалы: «Елшілердің істерінің екінші тарауында не жазылғанын айтыңызшы?» «А-а, – деймін мен, – елуліктер екенсіздер ғой, сәлеметсіздер ме, күте тұрыңыздар, адамдар алдымен Мәсіх туралы тыңдап алсын, рухани дарындар туралы содан соң сөйлесейік». Немесе: «Төртінші өсиет не жайында?» «Қымбатты адвентистер, төртінші өсиетте айтылған сенбі күнін сіздерден ешкім тартып алмайды, ал қазір біз

Мәсіх туралы айтып жатырмыз». Ал Иегова куәгерлерінің қоятын сұрақтары тек біреу ғана: «Құдайдың аты кім?»

Бірде маған қара киім киген жас жігіт, сірә, православ шіркеуінің дьяконы болса керек, жақындап келді де: «Киелі кітапта: «Әйелдерің үндемесін» деп жазылған ғой», – деді. Сонда мен одан: «Тәңіріміз Иса Мәсіхтің қайта тірілгені туралы кім бірінші болып хабарлады?» – деп сұрадым. Ол үндемеді. «Ізгі хабарды алғаш айтқан – әйел – Мағдалалық Мария болды, – дедім мен. Өзінің қайта тірілгені туралы хабарды шәкірттеріне жеткізуді Мәсіх соған тапсырды! «Мәсіх Өзінің қайта тірілгеніне қатты қуанған әйелдерге бұл туралы шәкірттеріне хабарлауды тапсырды». Ал екіншіден, әкей (ол әкей болмаса да, үстінде діни киім болғандықтан оған құрмет көрсеткім келді), міне, адамдар жиналып тұр және мен де сізді қуана тыңдаймын. Менің орныма тұрыңыз да, бізге Иса туралы айтып беріңіз». Әлгі ол жерден дереу қарасын батырды.

Бірақ көптеген сенушілер шын қуанып, мінәжат етеді және уағыз кезінде бізге қолдарынан келгенше көмек көрсетуге тырысып бағады. Мұндайлардың саны, әрине, бізді негізгі тақырыптан ауытқытқысы келетіндерден көп. Шайтанға біздің адамдармен басқа не туралы сөйлессек те бәрібір, тек Мәсіх туралы сөйлеспесек болды. Бұл тырнаны жалпақ тасқа құйылған сұйық тамақпен сыйлаған түлкі туралы мысалға ұқсайды. Тұмсығы үшкір тырна әлгі тамақтан жей алмайды. Одан өшін алмақ болған тырна өз кезегінде түлкіге тамақты мойны қылдырықтай құмыраға құйып беріп, түлкі де әлгі тамақтан жей алмай қайтады. Дәл осы секілді, біз де Мәсіх туралы қарапайым да қуанышты хабарды айтудың орнына, көбінесе сенбеуші адамдарды онша қызықтырмайтын және оларға түсініксіз дін ілімдері туралы сұрақтарды талқылап кетеміз.

Бірде біздегі Киелі кітапты оқып жүрген өзбек тобына бір молда келіп, былай деді: «Тіпті оқыған адамдардың өздері сол үшін өз ата-бабаларының діндерінен бас тартуға дайын болып жүрген сіздердің діндеріңіздің күші неде екенін білгім келеді». Ал жастар оған былай деп жауап берді: «Біз ештеңеден бас тартқан жоқпыз, керісінше Киелі кітап арқылы біз өз ата-бабаларымыздың дінін одан да жақсы түсіне бастадық». Иса Мәсіхтің табиғаттан тыс, ғажайып жолмен туылуы жайлы Құранда да айтылады. Яғни, Иса Мәсіхтің туылуы – бүкіл адамзатқа берілген белгі, өйткені Ол әкесіз туылды.

Әлгі молда өте білімді адам болып шықты. Өзі Өзбекстан мұфтиінің баласы екен. Шығыстың белгілі медреселерінен білім

алыпты. Оның сенуші адам екені білініп тұрды: ол Құдайдың әлемді қалай тамаша етіп жаратқанына жас балаша қайран қалады. «Қараңдаршы, – дейді ол бізге, – Құдайдың жаратқандарының бәрі қандай қызықты! Кейбір нәрселер адамның көзқарасымен қарағанда ойға сыймайтындай болып көрінеді, бірақ олар бізді соншама қайран қалдырады! Мысалы, таулар мен қыраттар. Олардың дұрыс формалары жоқ, бірақ олар біздің жанымызды қаншалықты қуанышқа бөлейді десеңізші! Ал адамдарда бәрі ойға қонымды, дұрыс секілді болып көрінетін – біздің бетоннан салынған үйлеріміз, олардың формалары дұрыс, бәрі біркелкі, бірақ неге екені белгісіз, олардан қашып, сыртқа – табиғатқа кеткің келеді. Өйткені Құдайда ешкім түсіндіре алмайтын, бірақ шынайы және ештеңемен салыстыруға келмейтін сұлулық бар».

Арада біраз уақыт өткенде әлгі молда тағы да Иса Мәсіх туралы сұрақтар қоя бастады: «Менің мұсылман жаныма түсіндіріңдерші, Құдай Өзінің жалғыз Ұлының айқышқа керілуіне қалайша жол берді? Мен Киелі кітапты оқып шықтым және онда жазылғандардың бәрімен келісуге дайынмын. Исаның жер бетінде өмір сүрген адамдардың ішіндегі ең ұлысы, пайғамбарлардың ішіндегі ең бастысы ретінде қабылдауға дайынмын, бірақ Оның Құдай екенін қалай қабылдауға болады? Құдайдың айқышта керіліп тұруын, ал адамдардың Оның – Құдайдың бетіне түкіргенін қалай түсінуге болады?!»

Сонда мен оған: «Сіз өзіңіз қазір ғана Құдайдың адам ойына қонымсыз нәрселерді жасайтынына және Оның ұлы сұлулығы мен жұмбақтығы сонда екеніне таң-тамаша болып едіңіз ғой! Сіз өз сұрағыңызға өзіңіз жауап бердіңіз және құдіреті күшті Құдайдың Өзінің сүйікті Ұлын азапты өлімге бергеніне тек есі ауысқандар ғана сенеді деген ойыңызбен келісемін», – дедім. Бірақ сөзбен түсіндіріп жеткізе алмайтын даналық бар. Гетенің Фаусты айтқандай: «Өкінішке орай, өзің жаныңмен түсінбеген нәрсені саған бұранда мен тетіктің көмегімен түсіндіре алмайсың». Киелі Рух арқылы берілетін басқаша, рухани білім бар. «Мәңгілікті іздеген әрбір адам Құдайды өзінің Мәсіхпен іштей бірігуінен табады» (А. Мень).

Мәсіхке бет бұру өте қарапайым, өйткені Ол ұдайы біздің жанымызда және бізді күтіп жүреді, сонымен қатар бұл өте қиын да, өйткені біздің тәкаппар санамыз бұл қарапайымдылықты қабылдағысы келмейді. Барлық істердің ішіндегі ең ұлысы және ең қиыны – сенім деп әлдебір ойшыл өте дұрыс айтқан. Айқышқа

керілген Иса Мәсіх біреулер үшін – ессіздік және «ақымақтық», ал екіншілері үшін – «Құдайдың күші».

Мен қолыма әдемі Киелі кітапты ұстап, үш вокзалдың қиылысқан алаңында тұрмын. Жауын жауып тұрғанына қарамастан, айналама адамдар көп жиналған. Бір кезде алба-жұлба киінген бір жас жігіт жүгіріп келіп қолымның сыртынан ұрып қалғанда, Киелі кітап батпаққа түсіп кетті. Төңірегіндегі адамдар: «Ой!» – десіп шу ете қалды, ал әлгі жігіт болса жүгіріп кетіп қалды. Мен Киелі кітапты алдым да, үстімдегі сулығыммен сүртіп, қайтадан басыма көтердім. Кенет тағы сондай алба-жұлба киінген басқа бір жігіт жаныма келді. Мен Киелі кітапты кеудеме қысып алдым, ал ол болса: «Менің оны сүйгім келеді», – дейді. Мен оған Киелі кітапты ұсындым, ол әлгі батпақтың үстіне тізерлеп отыра кетіп, шоқынды да, Киелі кітапқа ернін, сонан соң маңдайын тигізді.

Біздің өмірімізде бәрі осылайша қатар жүреді: ұлылық та, ұсақтық та. Бұлар кішкентай бір жүректе иін тіресе, қатар өмір сүреді. Ақын Надсон айтқандай: «Менің жүрегім таудың басында, ал өзім төмендемін». Бір Кітаптың біреулердің жек көрінішін, ал екіншілердің сүйіспеншілігін тудыратыны таңқаларлық. Бір ылғалдан нәр алу арқылы дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті күшейе түссе, улы өсімдіктердің улау қасиеті ұлғаяды.

Бір бұлт яһудилер үшін жарық болса, дәл сол бұлт мысырлықтар үшін – түнек болды; бір теңіз олардың бірі үшін құтқарылу болса, екіншілері үшін – ажал болды. Бұл өмірде Киелі кітап пен Иса Мәсіхке қатысты әрқашан да осылай болады.

Бір күні кешкісін метрода келе жаттым, вагонда бар-жоғы төрт-ақ адам болды: орындықтың бір шетінде мен, ал екінші шетінде бір мас еркек отырды. Бізге қарама-қарсы орындықта тағы бір мас еркек әйелінің иығына басын қойып ұйықтап келе жатты. Әйелдің көздері қайғыға тұнып тұр еді! Мен оны аяп кеттім! Сөмкемнен кітапша алдым да, үнсіз оған ұсындым. Ол да оны үнсіз қолына алды. Бір таңқаларлығы, оның иығына басын сүйеп ұйықтап келе жатқан мас күйеуі бірден оянып кетті де, одан: «Бұл не?» – деп сұрады. Әйелі оған: «Сірә, Құдай туралы болар» – деп жауап берді. Сол кезде күйеуі оның қолынан кітапшаны жұлып алды да, далдалын шығарып жыртып, менің аяғымның астына лақтырып жіберді. Қызық, егер ол ұйықтап жатқан болса, бұл кітапшаны кім бергенін ол қайдан білді? Әрине, шайтан оның құлағына сыбырлады және оны түртіп оятқан да сол. Сол сәтте менің жанымда отырған мас

еркек менен: «Бұл қағазды ол неге жыртып тастады, онда не жайлы жазылған еді?» – деп сұрады. Мен едендегі қағаз қиындыларын жинап жатып: «Құдай туралы», – деп жауап бердім. Сол кезде әлгі мас жұдырығын түйе орнынан қарғып тұрып, екінші масқа: «Ах, сен, оңбаған, бұл Құдай туралы ғой, қалай батылың барды? Сұмырай, Құдайды жыртып, аяқтың астына лақтырасың!» – деп айқайлап тұра ұмтылды. Бірақ, бақытқа орай, оның арты жақсылықпен аяқталды. Кейін мен бұл оқиға туралы Құдайдың осы арқылы көрсеткен белгісі ретінде ойладым... Мас адамдар төбелесіп жатыр, ал орталарында – Мәсіх туралы Ізгі хабар жазылған кітапша. Бұл төбелестен арақтың уытына тұншығып тіршілік етіп жатқан жердегі өмірдің бейнесі айқын көрінеді. Айқыштағы Мәсіхтің екі жағындағы екі қарақшы – бұлар да әлемнің бейнесі: бірі – Мәсіх жағында, ал екіншісі – Оған қарсы. «Осы Бала ... көп адамдардың құлдырауына, ал басқаларының жоғарылауына себепші болады». «Адамдардың жүректеріне сәйкес, Құдайдың қайырымдылығы біреулерді тәубе етуге алып келсе, ал екіншілерін Оған қарсы қаруландырып, жамандығын арттыра түседі» (Бл. Августин).

Осыған ұқсас тағы бір жағдай. Бір жолы шомылдыру рәсімін өткізу үшін бүкіл қауым болып Мәскеудің сыртына кетіп бара жатқанбыз. Электричка ішінде уағыз айтып келеміз. Бір әйел бізге бір құшақ гүлін сыйлап, сірә, саяжайдан әкеле жатса керек, жылап, алғысын айтты. Арада біраз уақыт өткенде бір еркек менің қасыма жақындап келді де, бетіме түкіріп жіберді. Мен бір қолымда Киелі кітап, екінші қолымда гүл ұстаған күйі состиып тұрып қалдым. Бүкіл қауым маған қарап тұр. Міне, дәл осындай сәттер өмірдегі ең бақытты минуттар, бірақ мұны кеш түсінесің.

Сол кезде Галя Савич оның артынан жүгіріп барып: «Сіз бізді жек көресіз, ал біз сізге батамызды береміз», – деп айқайлады. Содан соң тағы да: «Есіңізде болсын: біз сізге батамызды береміз!» – деп қайталады. Оның сол сәтте нені ойлағанын көз алдыма елестетемін, өйткені мұндай кездері алғыс сөздерді емес, неше түрлі қарғысты естуге болатын еді. Күндердің күнінде осы сөздер оның ойына түссін деп тілеймін, өйткені, Құдайға деген өшпенділікпен өмір сүретін адамдар өзгелерге көп жамандықтар жасайды және ең бірінші кезекте, өздеріне залалын тигізеді. Бұл кәдімгі араға ұқсайды, ол шағу арқылы біреуге залалын тигізеді; бірақ, ең үлкен залалды ол өзіне тигізеді, өйткені, шаққаннан кейін араның өзі өліп қалады. «Өзіңді тастап кеткендерден басқа

ешкім сені жоғалта алмайды, ал тастап кеткендер – қайда қашып кете алады? Тек қана қайырымды Сенен қашып – ашулы Саған барады!»

Бұдан бірнеше жыл бұрын келінім Өзбекстандағы базарлардың бірінде рухани әдебиеттің кітапханасын ұйымдастырды. Көптеген адамдар оның кітапханасына жазылып, кітаптары үшін алғыстарын айтып жататын. Бір күні оған жас өзбек жігіті келіп: «Сен неге бұл жерде Мәсіхті жариялап жүрсің?» – деп айқайлайды да, оны бір ұрып тісін түсіреді, ал кітаптардың бәрін арықта ағып жатқан суға тастайды. Бірақ, арада біраз күн өткенде оны әлгі жігіттің өзі іздеп келеді де, одан кешірім сұрап, былай дейді: «Сірә, сіз мені ұмытпаған боларсыз, мен сізді ұрып, тісіңізді түсірген болатынмын. Ал сіз құлап жатқан кезіңізде қалтаңыздан қырық сом ақшаңызды ұрлап кеткенмін. Содан соң мен молда ағайыма барып, өзімнің исламды қалай қорғағанымды айтып мақтандым. Сонда ол маған: «Сен жамандық жасадың, исламды бұлайша тек шайтан ғана қорғайды. Барып, әлгі әйелді тауып ал да, ақшасын қайтарып бер және одан кітаптарын сұрап алып, оқы, ол саған артық болмайды. Мүмкін, сонда ақылың кірер және сонда сені Аллаһ та кешіріп қалар», – дейді. Сол кезде келінім маған былай деген еді: «Әлгі өзбекпен әңгімелесіп отырып, мен қалай қуандым десеңізші. Егер адамдардың бәрі Мәсіхке осылай келетін болса, онда мен қалған тістерімді де аямас едім».

Көшеде уағыз айтып жүрген кезде бәрі де болды: ұрыс естіген де, алғыс алған кездеріміз де жиі болып тұратын. Бір күні біз метроның «Ленин атындағы кітапхана» бекетінде, «мәңгі өлмейтін Владимир Ильичтің» портреті астында уағыз айтып тұрғанымызда, біреу үйлену тойына арналған үлкен гүл шоғырын біздің аяғымыздың астына лақтырды. Сірә, бір кездері ғибадатханаларды қиратып, сенушілерді қудалауға ұшыратқан оның енді өз портретінен алаңға дәрменсіз «көз салып», Тәңіріміз Иса Мәсіхтің мәңгі өлмейтін Сөздерін «тыңдап» тұрғанын көріп шыдай алмай кетсе керек!

Кезінде біздің санамызды улап, «Құдай жоқ» деген түсінікті бойымызға күштеп сіңірді. XVII ғасырда-ақ ағылшын пәлсапашысы Фрэнсис Бэкон құдайсыздық туралы былай деп жазған болатын: «Атеизм – бұл жұқа мұз қабаты, оның бетімен бір адам ғана өтеді, ал қалған бүкіл халық тереңіне батып кетеді». Адамға өз өмірінің бұлжымайтын, оны өлім талқандай алмайтын мағынасын іздеу қасиеті тән. Өрбір адамды: өмірдің жұмбағы неде, адам қайдан

келіп, қайда барады және жұлдыздардың арғы жағында кімдер тұрады деген секілді сұрақтар мазалайды.

Құдай адамзаттың барша армандары мен ізденістерінің соңғы мақсаты мен мағынасы болып табылады. Мен осы тақырыпта көптеген және әр түрлі адамдармен әңгімелесе жүріп, олардың бәрінің дерлік: «Сенімсіз өмір сүру мүмкін емес, міндетті түрде бір нәрсеге сену қажет», – деп жауап беретіндерін байқадым. Адам табиғатынан діндар болып келеді және оны сенімінен айыруға болмайды, бірақ жалған сенім де болады. Мысалы, Рим империясында император құдайлық дәрежеге ие болды және Құдайдың бейнесі алдындағы секілді етіп, адамдар оның бейнесінің алдында ладан түтетті. Бұдан бас тартқан мәсіхшілер ажал құшты. Ал тіпті жақында ғана біздің өзіміздің жалған сеніміміз болды: өз «киелі үштігіміз» – Маркс, Энгельс, Ленин және өзіміз күткен жұмағымыз – коммунизмнің жарқын болашағы болды. Өзімізді барша бәледен құтқаруға тиісті – ғылыми-техникалық алға басуымыз болды. Белгілі әнұранда: «Бізді Құдай да, патша да, батыр да құтқара алмайды. Біз бостандыққа өз күшімізбен қол жеткіземіз», – деп айтылатындай, біз тек өзімізге ғана сенеміз, бәріне өз күшімізбен жетеміз деп әндеттік. Сөйтіп, «жеткеніміз» тоталитарлық режим болды.

Кеңес өкіметі кезінде Владимир Ильичтің есімін біздің санамызға мықтап құятыны жақсы есімде. Мен мектепте бір жыл үлгірмейтін оқушыларды қосымша оқыту тобында жұмыс істедім. Бірде оларды кітапханаға алып бардым. «Міне, балалар, бұл кітапхана. Мұнда сөрелер бар, ал сөрелерде кітаптар тұрады. Қазір біз сол кітаптардың бірін алып оқиық. Ол «Май әні» деп аталады, оны Владимир Маяковский жазған. Мен кітапшаның атауы мен оның авторының атын кем дегенде он рет қайталадым да, содан соң балалардан: «Балалар, бұл кітапша қалай аталады екен?» – деп сұрадым. Ешкім үндемейді. Мен: «Май...». Олар: «Әні», – деп жалғастырды. «Ал оны кім жазыпты?» Тағы да үнсіздік. Мен: «Владимир...», ал балалар бір дауыстан: «Ильич!!!» Міне, Владимир Ильич біздің өмірімізде кім болды – байқұс балалар кез келген Владимирді Ильич деп қабылдауға дайын болатын.

Сол Лениннің Мавзолейі алдында да сан рет уағыз айттық: «Бұл жерде балалар бақшасынан бастап ол жайында: «Ленин тірі, Ленин мәңгілік өмір сүреді», – деп ән айтқан адам жатыр. Осылайша жетпіс жыл бойы өлі адамға тірі адам ретінде табынып

келдік. Бірақ мұның бәрі өтірік және Құдай алдында үлкен күнә болып шықты. Енді біздің қабірі бос тұрған шынайы Тіріге бет бұруымыз керек. Ол қайта тірілді, сондықтан да Ол әрқашан өмір сүрді және мәңгілік өмір сүре береді, өйткені Ол Құдай Ұлы – Иса Мәсіх! Ал енді басқа бір белгілі әнді алайық: «Ленин әрқашан тірі, Ленин әрқашан сенімен бірге, Ленин сенде және менде». Бұл да біздің бүкіл өмірімізді ойран еткен өтіріктің бірі. Тек Мәсіх қана әрқашан тірі және әрқашан сенімен бірге, Ол сенде де, менде де өмір сүре алады. «Менімен тығыз байланыста тұрыңдар, сонда Мен өздеріңмен тығыз байланыста тұрамын», – дейді Иса Мәсіх.

Біз адамдардың назарын Мәскеудің дәл жүрегінде орналасқан көптеген інжілдік символдарға аудардық. Өйткені, Қызыл алаң әуел баста Иса Мәсіхтің Фолғотаға барған айқышты жолының көшірмесі ретінде қарастырылған. Алыстағы Киелі жер – Палестинаға барып жүрмес үшін, ежелгі Ресейде Фолготаның бейнесін Мәскеудің орталығына орналастыруға шешім қабылданған. Бұл жердегі барлық атауларда інжілдің белгілері бар: қазіргі Тарихи музейдің жанындағы қақпалардың орнында бұрын Мәсіхтің қайта тірілгенін еске салатын – Қайта тірілу қақпалары мен Қайта тірілу шіркеуі тұрған. Ал Кремльдің сағатты мұнараларының ең бастысы, тіпті, кеңес заманының өзінде Спасск мұнарасы деп аталған. Бірақ мұның «Құтқарушы» сөзіне тікелей қатысы барлығын мұқият жасырып келген. XX ғасырда-ақ Спасск мұнарасының куранттары Ресей империясының бейресми «Сиондағы Тәңіріміз даңқты» әнұранын орындайтын болған. Ақын М. М. Херасковтың сөзіне жазылған композитор Д. С. Бортнявскийдің бұл әнұранын бүкіл әлемде айтады.

Ал Қызыл алаңдағы «Маңдай төбе» атауы «маңдай», яғни, «бас сүйегі» деген сөзден шыққан – «Фолғота» сөзі осылай аударылады. Экскурсоводтар саяхатшыларға бұл жерді атқыштардың жазалау өткізген орны ретінде көрсететін. Бірақ оның бүкіл тарихында бұл жерде тек жалғыз рет қана жазалау болған. Онда ешқашан ешкімді жазаламайтын, тек патшаның үкімдері мен жарлықтары ғана оқылатын. Бұл жер біздің Патшамыз және басты Азапталушы азапты өлімді қабыл алған Фолготаны еске түсіреді. Мәсіхтің Иерусалим «қақпаларынан тыс» жерде азапталғанындай, бұл жердің де Кремльдің ішінде емес, оның қабырғасынан тыс жерде орналасуы тегін емес.

Патша жылына бір рет, үстінде Иса Мәсіхті бейнелейтін

патриарх отырған атты Қайта тірілу қақпасына жаңағы «Маңдай төбе» деп аталатын жерге дейін жетелеп баратын, ал халық олардың жолына қызыл талдың бұтақшаларын төсеп отыратын. Ол кездегі адамдар мұның нені білдіретінін жақсы білетін.

Маңдай төбенің жанында аса сәулетті ғибадатхана тұр. Бұл ғибадатхана XVI ғасырда Қазан хандығының тізе бүгуінің құрметіне салынып, Покровский соборы деп аталған. Бірақ халық бұл ғибадатханаға тіпті патшаның өзіне де шындықты айтудан қорықпаған дуананың құрметіне Василий Блаженный атын берді. Бұл әлемдегі ең басты болып саналатындар – патшалар немесе елді жаулап алушылар емес, шындықты олардың бетіне айтушылар деген тұжырымды дәлелдей түседі. Інжілде былай деп жазылған: «Әділдік үшін қудаланғандар бақытты; Құдай Патшалығы сондайларға арналған!» Жарты әлемді бағындырған Наполеон ақыр аяғында өзінің бүкіл билігі мен даңқынан айырылды. Әулие Елена аралына жер аударылған оның өз өмірі мен жеңістері туралы ойлануға уақыты жеткілікті болды, сол жерде ол Исаға бет бұрды. Биліксіз және ешқандай қару-жарақсыз-ақ өзінен де көп адамдарды жаулап алған Назареттік ағаш ұстасы оның жүрегіне қатты әсер етті.

Тарихшы Филипп Шафф былай деп жазады: «Иса Мәсіх ақшасыз және еш қару қолданбай-ақ Александр Македонский, Цезарь, Наполеон және басқаларынан да көп адамды жаулап алды. Ғылым-білімнен хабары болмаса да, Ол адамзат пен Құдай істерін барлық пәлсапашылар мен ғалымдардан артық ашып берді. Шешендік өнеріне оқымаса да, Ол өмір туралы Өзіне дейін ешкім айтып көрмеген нәрселерді айтты, бірде-бір шешен, бірде-бір ақын Ол секілді табысқа қол жеткізіп көрген емес. Бір ауыз сөз жазбай-ақ, ол көптеген қаламдарды іске қосты және уағыз, мінәжат, өнер туындылары, ғылыми еңбектер, мадақтау әндері үшін ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейін өмір сүрген ұлы адамдардың бәрінен артық тақырып берді. Ақырда дүниеге келіп, айқышқа керілген Ол өркениетті әлемнің тағдырын қолында ұстап тұр және жер шарының үштен бір бөлігін құрайтын адамдардың рухани өміріне басшылық жасайды».

Қызыл алаң туралы әңгімемді аяқтай келе, бастапқыда оның киелі әлемнің алаңы ретінде қарастырылғанын айту керек: мұнда Голгота да, еркіндік те, мәңгілік өмір де, сүйіспеншілік те бар. Бірақ, неге осының бәрі аяққа тапталып, ұмыт болды? Өйткені: «Русь

шомылдырылғанымен, ағартылмаған, білімсіз еді». Осылайша, «тез жегіп, бірақ ақырын жүргендей» болып шықты. Міне, сондықтан да Иерусалимнің символикалық бейнелері көз алдарында тұрса да, көптеген адамдар Көне Өсиетке, Киелі жерге және еврейлерге жек көрушілікпен қарады. Мысалы, кейбіреулер Иса Мәсіхтің Израилге мүлде қатысы болмаған дейді! Ал екіншілері Киелі кітапты оқудың қажеті жоқ, өйткені оны еврейлер жазған деп тұжырымдайды.

Бір сенуші бауырымыз өзінің басынан өткен мынандай бір оқиғаны айтты. Бірде пойызда келе жатқан ол қасындағы жолсерігіне Киелі кітапты оқуға береді. Ол кітапты парақтап отырады да: «Мұнда неге барлық халықтарға: римдіктерге, ефестіктерге, қолостықтарға, тіпті еврейлерге де арналған жолдаулар бар, ал орыстарға неге жоқ? Жоқ, мен мұны оқымаймын!» – дейді. Ал Жаңа өсиеттегі жолдаулардың бәрі халықтарға емес, қаланың және ауылдардың тұрғындарына арналған. Тіпті, еврейлерге арналған хаттың өзі – бүкіл халыққа емес, тек Мәсіхке сенім артқан еврейлерге ғана арналған.

Бірде мен Арбатта уағыз тыңдап тұрған адамдардың арасына суретші Илья Глазуновтың келіп қосылғанын байқадым. Оның Манежде өтетін көрмелеріне адамдар әрқашан да өте көп жиналатын. Глазунов Ресейдің бүкіл тарихын көрсететін белгілі суреттің авторы. Онда Ресейдің тарихында болған барлық данышпан адамдарының, патшаларының және көсемдерінің суреттері бар, ал оның дәл ортасында, бәрінің үстінен қарап айқышқа керілген Иса Мәсіхтің бейнесі тұр. Уағыз аяқталғаннан кейін Глазунов бізге осы айтқандарымызды көркем өнер академиясына барып айтуды ұсынды: «Бірақ, бәрі православтық», – болсын деді ол. Арада бір жыл өткенде мен онымен тағы да Арбатта кездесіп қалдым, сонда ол: «Бұл еврейлердің қоғамы, біздерге бар пәле солардан келіп жатыр», – деп Киелі кітап қоғамын жамандай бастады. Сірә, оқымыстылар туралы айтылған: «Таңертең олар Ницшеге, түсте – Марксқа, ал кешке – Иса Мәсіхке сенеді» деген сөздің жаны бар.

Д. Пауэлл өзінің «Мен сүюден неге қорқамын?» атты кітабында американдық еврей баласы – Майкл Гольдтың өмірі туралы баяндайды: «Оны ересек балалар қоршап алып: «Әй, балақай, сен еврейсің бе?... А, еврей екенсің ғой! Сендер, еврейлер, Мәсіхті айқышқа кердіңдер! Қазір сен мәсіхшілердің жерінде тұрсың, ал біздің бәріміз – мәсіхшілерміз! Біз саған өз орныңды білуді үйретеміз!» – деп баланы ұрып-соғады да, оған үйіне қарай

қашуды бұйырып, артынан: «Біз – мәсіхшілерміз! Ал сендер Мәсіхті айқышқа кердіңдер! Өзіңнің орныңды біл! Біз – мәсіхшілерміз, ал сендер Оны айқышқа таңдыңдар!» – деп айқайлайды. Майкл үйіне келген кезде оның түрін көріп шошып кеткен анасы: «Майкл, не болды?» – деп сұрайды. Бала шешесінің құлағына бетін тақады да, ісіп кеткен еріндерін әзер жыбырлатып: «Мама, Мәсіх деген кім?» – деп сұрады. Қартайған шағында Майкл Гольд Дороти Дей басқаратын католиктердің қайырымдылық үйінде тамақтанып жүрді. Бірде Дороти Дей ол туралы былай деді: «Майкл Гольд күнделікті түскі асын Мәсіхтің дастарханынан ішеді, бірақ, ол сірә Мәсіхтің есімін алғаш естіген күнінің кесірінен Оны ешқашан қабылдамайтын шығар». Бұл оқиғаны оқып шығып, баланың аты бала, олардан не сұрайсың деп айтуға болады. Бірақ, сол балаларды еврейлерді жек көруге ересек адамдар үйретті ғой.

Бір кездері Арбатта маған бір жасы келіп қалған ер адам тыныштық бермейтін: уағыз кезінде жанымыздан өтіп бара жатып: «Оны тыңдамаңдар, ол еврей!» – деп айқайлайтын. Бұл жағдай күнде қайталанушы еді. Мен ылғи: «Мен еврей емес, тәжікпі!» – деп ақталатынмын. Кейін мен: «Мен не үшін ақталуға тиіспін?» – деп ойлай бастадым. Өз айналамнан еврейлерге деген жек көрушілікті көрген сайын, менің оларды қорғауға деген тілегім арта түсті. Құтқарушымыз былай деген: «Өздеріңді қудалағандар үшін Тәңір Иеге сиынып мінежат етіңдер!» Сөйтіп, мен әлгі адам үшін сиына бастадым және Құдай маған көмектесті. Бірде бізге Германиядан Брауншвейге Физико-Техникалық институтының директоры Вернер Гитт келді. Ол Құдайдың бар екендігі туралы екі кітап жазған екен, біз соларды Арбатта адамдарға таратып жүрдік. Кітаптардың бәрі біткен кезде әлгі адам жүгіріп келді де, кітапты қайдан алдыңдар деп сұрай бастады, бірақ мені байқаған жоқ. Сол кезде мен Вернерден оның қалдырып қойған екі кітабын сұрап алдым да, әлгі адамға ұсындым. Кітаптарды көріп қуанып кеткен ол, ұсынып тұрған мен екенін көрді де, жүзі құбылып, кітаптарын қолтығына қысқан күйі тез басып кетіп қалды. Содан кейін Арбатта менің мазамды алған жоқ, кім біледі, мүмкін осы оқиғаның арқасында Құдайға бет бұрған болар.

Құдай біздерді Ізгі хабарды ұдайы жариялауға үндейді: «Құдай Сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына қарамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл...» Бірде ағылшын жазушысы Дж. Р. Киплинг жүзіп келе жатқан кеме бортына Құтқару

Армиясын құрушы – генерал Вильям Бутс көтеріледі. Оған сол ұйымның мүшелері барабандатып қошемет көрсетіп келе жатады. Олардың әрекеттеріне наразылық білдірген Киплингке генерал Бутс былай дейді: «Жігітім, егер мен басыммен тік тұрып, аяқтарыммен барабанда ойнау арқылы тым болмағанда бір жанды Мәсікке әкеле алатын болсам, онда мен оған үйреніп алатын едім».

Сенімге мүлде селқос қарайтын адамдарды Құдай туралы болмашы ескертудің өзі уақыт өте келе өзгерте алады. Менің бұрынғы үйімдегі көршім ешкіммен араласпайтын адам еді. Мен оған Мәсіх туралы бір-екі ауыз сөз айтқан кезде, ол Құдайды жаратпаған пікір білдірді. Бірақ, көршіммен баспалдақта кездесіп қалған сайын, Құдайдың оған батасын беруін тілейтінмін. Ол әскери адам болатын, әскери ұшақтарды құрастыратын конструкторлық бюрода жұмыс істейтін. Кеңес Одағының кезінде-ақ ол бүкіл әлемді аралап, Америкада да бірнеше рет болып қайтқан. Оның жақсы табыс табатыны және сол кездері біздің түсімізге де кірмеген жеңілдіктерді пайдаланатыны түсінікті еді. Әрине, мұндай адамдар биліктің және өздерінің күшіне сеніп үйренген, ал інжілдік: «... күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады», – деген сөздер олар үшін мүлде түсініксіз, жат болатын.

Ал шын мәнінде сенушінің бойындағы Киелі Рухтың күші кішкентай бұтақты темір қабырғадан тесіп өткізіп жібере алатын «Торнадо» құйынының күшіне ұқсайды.

Паркинсон ауруымен ауыратын белгілі американ уағызшысы Билли Грэм Мәскеуде уағыз жүргізген кезде, жиырма бес жыл бойына мүгедектер арбасына таңылып отырған Джони Эриксон өз сенімі туралы куәлік айтты. Оның сөздерін көздері мүлде дерлік көрмейтін Олег Шевкун аударып отырды. Мүгедек жандардың осы үштігі «Олимпийский» стадионында дендері сау 70 мың адамды жинады. Залда бос орындар болмай, далаға экрандар қойылды, күздің суық жаңбырына қарамастан, мыңдаған адамдар Мәсіх туралы уағызды ұйып тыңдады. Құдайдың құдіретінің «күшсіз жағдайда іске асуының» күші, міне, осындай!

Көршім туралы әңгімемді жалғастырайын. Кеңес өкіметі ыдырағанда, көптеген адамдар үшін «рахатты» өмір де аяқталды. Сол кезде менің көршім де жұмыссыз қалды. Жаңа жылда сыйлықтар тарту ету дәстүрі бар ғой, сондықтан да ол бас тарта қоймас деген оймен мен жаңа жыл қарсаңында көршіме Киелі кітапты сыйға тарттым. «Сүлейменнің нақыл сөздері» кітабының

арасына белгі қойдым да, осы нақыл сөздердің адамдармен қарым-қатынас жасауда көп көмегін тигізетінін және оның бізге адамдардың құпия ойларын, тілектерін, іс-әрекеттерін және тағы басқа көптеген нәрселерді ашып беретінін айттым.

Нақылдар кітабы өмірдегі шындықтарды аса дәлдікпен және асқан қарапайымдылықпен көрсетіп беретін болғандықтан, ол Құдайға сенбейтін адамдарға да өте ұнайды. Осыдан он жылдай бұрын, бір түннің ішінде (бізде маңызды нәрселердің бәрі түнде, сілесі қатқан халық ұйықтап жатқан кезде болып отырғанын айта кету керек) жүз сомдық ақшаларды айналымнан алып тастағаны есімде. Біз ақша реформасының болып кеткенін тек таңертеңгісін ғана білдік. Осылайша, бір түннің ішінде халықтың қыруар ақшасы ештеңеге жарамай қалды. Ал арада аз уақыт өткенде жинақ кітапшаларындағы ақшаның құны түсіп кетті. Сол кезде мен туыстарыма Сүлейменнің нақылдар кітабынан 23-ші аятты оқып бердім: «Бай боламын деп өзіңді зорықтырма, даналық бар сондай ойдан бас тартқанда. Байлыққа көзіңді салсаң, ол қанат бітіп, аспанға ұшқан бүркіттей лезде болар ғайып». Осы сөздердің растығына көзі жеткен інім бұған көп уақыт күліп жүрді. Оның ақшалары да «қанат бітіп», бүркіт секілді ұшып кетті. Басқа істер амалдары қалмаған біреулері бұған күліп қана қойса, сол кездері екінші біреулері естерінен адасып кетіп жатты. Мен бір қарияның күні бойы базарды аралап, жүз сомдық ақшаларын тым болмаса бір сомдықтарға айырбастауларын сұрап жалынып жүргенін естідім. Бірақ, күні кеше ғана соны табу үшін бір ай бойы жұмыс істеуге тура келетін қызыл қағаздар бүгін ешкімге керексіз болып қалған еді. Әлгі қария ақшаларын қоқысқа тастап, үйіне барып асылып қалыпты.

Сонымен, көршіме Киелі кітапты сыйға тарттым, ал арада бір жыл өткенде пәтерімді айырбастап, басқа ауданға көшіп кеттім. Сол сәтте көршім үйінде болмағандықтан, мен онымен қоштасып, телефон нөмірімді де бере алмадым. Арада жарты жыл өткенде, ол менің телефон нөмірімді тауып алып, тек Киелі кітап үшін алғысын айтуға қоңырау шалыпты. Ол шынында да Нақыл сөздерден бастап асықпай оқи бастапты, содан соң оның қызығына түсіп, бас алмай оқитын болыпты. Қазір біз онымен телефон арқылы Құдай Сөзін талқылап тұрамыз және мен оның бойындағы өзгерістерді байқап, өз көзіме өзім сене алмаймын.

Жаңа пәтерге көшіп келген үш жылда лифт ішінде уағыз айтқан күндерім де болды. Бұл, әдетте, лифтіге кіріп, бір-бірімізден: «Сізге

нешінші қабат керек?» – деп сұрасқан кезде басталады. Адамның бүкіл өмірін және барлық оқиғаларды, оның ішінде сандарды да уағызбен ұштастыруға болады. Әдетте адамдар үшінші қабатқа дейін баспалдақпен көтеріледі, ал «үш» санын біздің халық айрықша жақсы көреді: «Құдай үштікті сүйеді». «Төрт» – бұл дүниенің төрт бұрышы, әлемдегі төрт апатты құбылыс және ең бастысы, бізге Мәсіх туралы Ізгі хабарды жеткізген төрт інжілші. «Бес» саны – бұл Мұсаның «бес кітабы», онда бес-бестен он Әсиет бар, алғашқы бес әсиет бізді Құдаймен қалай дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретсе, ал қалған бесеуі адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды үйретеді, бұл әсиеттерді Иса Мәсіхтен басқа мүлтіксіз орындаған ешкім болған жоқ. «Алты» саны туралы: Құдай әлемді алты күнде жаратты деп айтуға болады. «Жеті» саны туралы – Құдай жетінші күні Өзінің барша істерін аяқтап, бізге жетінші күнді Өзіне арнауды бұйырды. Аптаның соңғы күнін білдіретін «жеті» санынан кейін «сегіз» саны – жаңа апта – жаңа өмірдің белгісі. Жер бетіндегі өмірі біткен соң, әр адам үшін басқа – мәңгілік өмір басталады. Ал бұл өмірдің соңы Иса Мәсіх қайта келген кезде аяқталып, Құдай Патшалығы басталады және ондағының бәрі қазіргіден басқаша болады – онда ауру да, өлім де, жылап-сықтау да болмайды.

Мен адамдардың мистиканы жақсы көретінін байқадым, олар әдеттен тыс және өздеріне тікелей қатысы бар нәрселерге қызығушылық танытады. Олардың өз қабаттары туралы қызыға тыңдайтындары да осыдан, ал мен «тақырыпқа» байланысты куәлік айта алатыныма қуаныштымын.

Жақында маған төменгі қабатта тұратын көршім келді. Ол бұрынғы КГБ, ал қазір ФСБ қызметкері болатын. Менде ұдайы «әскери» көршілерім болып тұрады, бірақ неге екені белгісіз, ол Мәсіх туралы куәлігіме алғашқы болып қызығушылық танытып, Інжілді алуға келіпті. Біз шай іше отырып екі сағат әңгімелестік. Менің Мәсіх туралы айтқан әндерім оған өте ұнады, көршім оларды көшіріп жазып алуды өтінді. Мен әндердің оның жүрегіне қозғау салғанын сезіндім. Ал өзінің діни қызметкер көршісін ол ашық түрде жамандап отырды және оны не үшін жек көретінін өзі де түсіндіре алмады. «Онымен кездескен сайын, – деді ол, – сол күні міндетті түрде жолым болмайды. Сондықтан да, қазір есіктен шықпас бұрын тесіктен сыртқа көз салып, оның бар-жоғына қараймын және онымен бірге өліп кетсем де бір лифтіге мінбеймін. Осылайша, онымен көршілігімнен азап шегіп жүрмін». Мен оған: «Мәселе діни

қызметкерде емес, мәселе сіздің Құдаймен қарым-қатынасыңызда. Өрбір мәселенің түйіні – бұл жүректегі мәселе», – дедім.

Көршім менің кеңесіме құлақ асып, діни қызметкер туралы ойын өзгертуге және ең бастысы – Інжілді оқуға уәде берді. Біздің пәтердің есік күзетушісінің де Құдайды іздеуші адам болып шыққанына қуанамын. Жанынан өтіп бара жатқан кезде, ол менімен сенім туралы сөйлесуге сылтау іздеп тұрады. Мен тағы біздің подъезді сырлаған сылақшы-әйел үшін де қуаныштымын. Кеше оған Жохан жазған Ізгі хабарды сыйға тартқан едім, ал бүгін маған өзінің түні бойы ұйықтамай оны түгелдей оқып шыққанын айтты. Қазір мен біздің подъезге келіп қоныстанған маскүнем көршілерім үшін сиынып жүрмін. Міне, Ресейде кімге өмір сүру рахат десеңізші! Олар күні-түні улап-шулап, төбелесіп жатады. Бір айта кететіні, осылардың көпшілігі Кремльде жоғары қызметте істеген адамдардың балалары. Маскүнемдерден аяқ алып жүре алмайсың: барлық дерлік үйлердің өз маскүнемі бар. Біздің еліміз өзін тоқтаусыз арақпен улауда.

Бірде маған әртіс әйел Лена Денисова өзінің маскүнем көршісі туралы айтып берді. Арақ ішіп алып, ваннаның тетігін жабуды ұмытып кете беретін ол Ленаның үйінің төбесінен су ағызып, әбден мазасын алыпты. Алғашында Лена онымен ұрсысып жүріпті, бірақ, тәубеге келгеннен кейін, көршісінен барып кешірім сұрап, оның әйелімен достасып кетіпті және оларды қауымға шақырыпты. Оның бұл көршісінің екі жоғары білімі болған екен, бірақ арақтан басы айналып кеткені сондай, оның қазіргі сөздік қоры: «Болды, болды, болды» деген үш-ақ сөзден тұрады дейді. Кез келген сұрақ пен ескертулерге ол тек: «Болды, болды, болды» деген бір-ақ сөзбен жауап беретін болыпты. Қауымда тәубеге келуге шақырған кезде ол көз жасы көл болып жылап тұрып тәубеге келді және оған дұрыс сөйлеу қабілеті қайта оралды. Кейіннен бұл туралы: «Сол кезде мен мінәжаттан кейін өзімді қандай жақсы сезіндім десеңші! Дәл балалық шағымдағыдай қуанышты басымнан өткердім», – деп еске алды.

Біздің қауымда да осындай адамдар болды. Өзін «бүкілодақтық дәрежедегі маскүнеммін» деп атайтын Сергейдің арақты шамадан тыс көп ішетіні сондай, оның көз алдына тракторлар елестеп, оны бөлмесінің ішінде бұрыштан-бұрышқа айналдыра қуалайтын болған. Сережа тәубеге келіп, қауымға өзінің стақандас досы Мишаны ертіп келді. Олар Мәскеуге жұмыс іздеп келіп, құрылысқа

жұмысқа тұрған. Жатақханада тұрады, тапқандарының бәрін араққа жұмсайды, өйткені ондағылардың бәрі солай істейді. Бірде мен сол жатақханада болып қайттым. Ондағы көрініс өте қорқынышты еді: жатақхана күзетшісінен бастап бәрі мас. Бөлмеге кірдім: онда үш төсек тұр, оның екеуінде жастары 35-40 шамасындағы екі еркек мас болып ұйықтап жатыр. Миша дәлізге шығып: «Күнәһарлар, жүріңдер, тәубеге келіңдер!» – деп айқайлады. Адамдар бөлмелерінен сүйретіле шығып, Мишаның бөлмесіне жинала бастады. Олардың дәл қазір Құдай жайында жарытып бір нәрсе түсіне қоюлары екіталай еді, сондықтан мен оларға мінәжат етуге ұсыныс жасадым. Бәрі отырған жерлерінде: «Құдайым, бізді кешіре гөр!» деп шуылдап жылай бастады. Бұл бір естен кетпейтіндей, өте қорқынышты көрініс еді. Арада үш ай өтпей-ақ, олардың көпшілігі өмірмен қош айтысты: мұғалім Володя мас күйінде баспалдақтан құлап өлді, Валяны өлтіріп кетті... Онда күнделікті адам өлімі болып жатады. «Біз маскүнемдерге бармаймыз» деп, «Жедел жәрдем» ондай жерлерге келмейді. Ал осы өлім даласы дәл Мәскеудің ортасында, Электрозавод көшесінде орналасқан. Олардың бірін дәріхана меңгерушісі болып істейтін сенуші бауырымыз Лена Козлованың арқасында құтқарып қалудың сәті түсті. Өлгі адамды өзінің таныс дәрігерлеріне өкпесі қабынған деген жалған диагноз қойғызып, екі апта бойы емдетті. Сережа мен Миша арақ ішкендерін қойып, Құдайға бет бұрды, Миша қазір Пенза қаласындағы қауымда қызмет етіп жүр.

Құдай Сөзі адамның бойында әрекет етіп, оны өзгертеді. Дәл сол үшін де ол адамдарға аса қажет. «Шәкірттеріңізге тыйым салыңыз!» деп талап еткен парызшылдарға Иса Мәсіх былай деді: «Сендерге шын айтамын: егер олар үндемесе, онда жолдағы тастар айқай салар еді». Мен вокзалдағы қаңғыбастың қалай «айқай салғанының» куәсі болдым. Уағыз кезінде ол маған батыл түрде жақындап келді де, сөзімді бөліп: «Ең ауыр күнә қандай?» – деп сұрады. Мен оған: «Сірә, тәкаппарлық болар», – деп жауап бердім. Ол сұқ саусағын жоғары шошайтып: «Дұрыс айтасыз, тәкаппарлық – ең ауыр күнә!» – деді де, сәкіге ұзынынан түсіп жата кетті. Залда отырғандар күліп жіберді. Арада аз уақыт өткенде ол орнынан тұрды да, маған қайта жақындады. Отырғандар демдерін іштеріне тартып, тына қалды. Жағдайды қолыма алу үшін мен одан: «Сіздің атыңыз кім?» – деп сұрадым. Ал ол болса отырғандарға қарай бұрылды да: «Менің атым жексұрын!!! Мен адам деген атты алып

жүруге лайық емеспін! Тыңдаңдаршы, адамдар, қазір сендердің Құдай туралы, Киелі кітап туралы естіп отырғандарыңның бәрі шындық!» – деп айқай салды. Содан соң оларға бірнеше секунд көз салып тұрды да, маған бұрылып: «Сіз олар үшін бекер әуре боласыз, олардың көздері соқыр және құлақтары да керең», – деді де, қайтадан сәкіге құлай кетті.

Өмірде әр адамнан бір нәрсені үйренуге болады. Ал қаңғыбас маған не бере алады, одан нені үйренуге болады? Біріншіден және ең бастысы, мен одан Құдайдың қайырымдылығы жайында сабақ ала аламын, өйткені мен қаңғыбастан артық емеспін ғой, тек Құдайдың қайырымдылығының арқасында ғана оның орнында емеспін. Ал екіншіден, оның Құдай туралы батыл сөйлегені сондай, сенің де соған ұқсағың келеді. Мәсіхтің атын айтудан қысылудың керегі жоқ. Елші Пауыл былай деген: «Мәсіхке қызмет еткеніміз үшін біздер «ақымақ»...» Егер біздер, сенушілер, Құтқарушымыз туралы ештеңе айтпай, үнсіз қалатын болсақ, онда осы бақытсыз жандар – қаңғыбастар мен маскүнемдер – біздің орнымызға Құдай туралы қолдарынан келгенше «айқай салатын» болады.

Менің басымда бір жас қызбенен осындай жағдай болған. Арақ ішіп алған ол бізге: «Сендер православиелік емессіңдер, сендер сектантсыңдар!» – деп айқайлай бастады. Мен одан: «Саған не болды?» – деп сұрадым. Қыз кеудеме басын қойып, өксіп жылай бастады. Мұны магиялық күштің әсерінен болды деп ойлаған адамдар бізге таңдана қарап қалыпты, өйткені мұның бәрі олардың көз алдарында, санаулы секундтар ішінде болып еді. Содан соң мен оны әңгімеге тарттым. Ол қалаға сүйген жігітін іздеп келеді, ал жігіті болса басқа қыз тауып алыпты. Бұған шыдай алмаған ол арақ ішіп кетеді. Ал вокзалда мұндайлармен не болатыны белгілі.

Ұрылар мен жезөкшелер алғашында бізді жаратпай, уағыз жүргізуге кедергі жасауға тырысып бақты. Бірақ, кейіннен олармен танысып алдық, олар бізді құрметтейтін болды. Біз залға кірген кезде олар бізбен ескі таныстарын көргендей дауыстап амандасады. Бірақ уағыз тыңдамай, залдан шығып кетеді және кедергі де жасамайды. Құдай Сөзі жүректерді күйдіріп, Иса айтқан астарлы әңгімедегі адасқан ұл секілді таңдау жасауға шақырады. Олардың залдан шығып бара жатып естігендері бір күні естеріне түсетініне сенемін. Бұл, мүмкін, бүкіл өмірлері көз алдарынан тізбектеліп өтіп жатқан өлім алдындағы шақтарында болса да, осы минуттардың өз өмірлеріндегі ең маңызды шағы болғанына көз жеткізеді.

Осы адамдар неліктен бұндай халге жетті? Мүмкін, олар өз маңайындағылардың, оның ішінде біздің де сүйіспеншілігімізге мұқтаж болған шығар? Құдай бір кездері Қабылға қойған: «Інің қайда?» деген сұрағын бізге де қояды. Өйткені бәріміз бір-біріміз үшін жауаптымыз. Маған Нимеллердің: «Немістер коммунистерді әкету үшін келген кезде мен үнсіз қалдым, өйткені мен коммунист емес едім. Еврейлерге келген кезде мен үндемедім, өйткені мен еврей емес едім. Немістер католиктерді ұстау үшін келген кезде мен үндемедім, өйткені мен католик те емес едім. Содан соң олар мені әкетуге келді» деген сөздері қатты әсер етті. «Жақын» және «алыс» деген сөз жоқ, өмірімізде кездескен адамдардың бәрі бізге жақын болады.

Вокзалда жүріп адамдардан неше түрлі жағдайларды естисің! Бір жас жігіт өзінің жас балалармен жыныстық қатынас жасайтынын айтты. Ол осы вокзалда, біздің дәл көз алдымызда балаларды алдап ертіп кетіп, оларды жыныстық қатынас жасауға мәжбүрлейді екен. Біз онымен көп әңгімелестік. Сол күні ол ешқандай жаманшылық жасамаған болар деп үміттенемін. Балаларды жаманшылыққа итермелейтін жаман әсерлер мен қызықтырулар қаншама көп десеңізші! «Баланың жаны – бұл құнарлы да мол өнім беретін топырақ; оған не ексең де тамырын тереңге жайып, тез өседі. Маңыздысы: оған біздің не еккенімізде. Біз балаларды неге үйретеміз? Олар бізден қандай үлгі алады? Бақшадан бұтағын жел сындырып кеткен жас ағашты, аяққа тапталған гүлді көру жаныңды ауыртады. Балалардың пәк жанына көлеңке түсіруден сақтаныңдар. Өз бақшамызда әр ағашты жыртқыш құстардан қорғаймыз, олар үсімес үшін өскіндерінің бетін сабанмен жауып қоямыз. Сонда, баланың жаны алма немесе жидектен арзан болғаны ма?» (Феофан Затворник).

Уағыздан соң бір жас жігіт кассаға барып билетін өткізді, өзі кінәсізден-кінәсіз 11 жыл түрмеде отырыпты. Ол нағыз кінәліні білген және осы он бір жыл бойы содан кегін алуды армандаған. Міне, қазір оның түрмеден босанып, әлгі адамнан кегін алуға кетіп бара жатқан беті екен. Пойызын күтіп тұрып, Құдайдың сүйіспеншілігі, кешірімділігі туралы уағызға тап келген: «Бәрің де арақатынастарыңда кіші пейілділік танытыңдар... Өзара төзімді болыңдар, егер қайсыбіреулеріңе реніш сақтап, тағатын кінәларың болса, кешірімді болыңдар: сендерді Иеміз Иса Мәсіх қалай кешірсе, сендер де солай етіңдер!»

Уағыздан кейін сол жігіт маған былай деді: «Мен әрқашан әділетсіздік үшін кек қайтару – бұл ең дұрыс жалғыз жол деп есептейтінмін. Ал кешірімділік туралы бірінші рет естіп отырмын». «Иә, – дедім мен, – бірақ, егер әділіне келсек, онда біздің жер бетінде бір секунд та өмір сүруге қақымыз жоқ, өйткені бәріміз де күнәһармыз, тек біріміз көбірек, ал екіншілеріміз азырақ». Онымен біраз уақыт әңгімелесіп, сиындық, содан соң ол билетін өткізді де, мойнындағы ауыр жүктен арылып үйіне қайтты. Ол вокзалға дәл осы үшін келгендей болды.

Тәубеге келуге өте жақын тұрған адамдар бар, сәл ғана қозғау болса – көктегі періштелер қуанышқа бөленеді. Екінші жағынан, адасып, шаралары таусылған адамдарды уақытында тоқтатудың маңызы зор. «Адам неліктен жамандық жасайды? Өйткені ол өзінің үстінен қарап тұратын Құдайды ұмытады». Көпшілік адамдар өз өмірлерін қарапайым себептен – Құдай Сөзін естімегендіктен бүлдіреді. «Баланы жастан салсаң тура жолға, есейгенде ол содан таймайды да».

Экзюпери өзінің «Кішкентай ханзада» атты кітабында адамдарды қалай тамаша суреттейді! «Аргентинаның үстінен алғаш рет ұшып өткен түнгі сапарымды ешқашан ұмытпаймын. Түн қараңғы болатын, жердің бетінде жарықтар әр тұста дәл жұлдыздар секілді шашырап жатты. Осы қараңғылық теңізінде әрбір жарық адам жанының кереметтігінен хабар беріп тұрғандай. Ана бір жарықтың астында әлдекім кітап оқып отыр немесе досына жан сырын ақтарып отыр. Ал мұнда, мүмкін, әлдекім ғаламның ғажайыптарының сырын білгісі келіп, ғылыми зерттеумен айналысуда. Әр жерде шашылып жатқан осы жарықтың бәріне азық қажет». Бәріне қажетті «азық» – бұл Иса Мәсіх, бұл Құдай Сөзі. Құдай Сөзінің құдіреті шексіз!

Тіпті, біздің адами күшіміздің де орасан зор екендігіне менің әлденеше рет көзім жетті. Жақында мен жиенімнің халін білу үшін емханаға бардым. Емхана дәлізінде маған бір ер адам сәлем берді. Мен оны алғашында танымадым, сөйтсе, біз бұдан көп жылдар бұрын Волхонкадағы философия институтында бірге істеген екенбіз. Тек ол сонда бөлім бастығы болыпты, ал мен кешкісін еден жуушы болып қосымша жұмыс істеп жүрген болатынмын. Мен қатты таңданып, одан: «Сіз қарапайым еден жуушыны қалай есіңізде сақтағансыз?» – деп сұрадым. Сонда ол маған былай деп жауап берді: «Бірде сіз он бес жыл бойы менің есімнен кетпеген бір

сөзді айттыңыз. Қазір мен асқазанымның жартысынан айырылып, емхана төсегінде жатқанымда, сол еден жуушы әйел: «Өмірге қуану керек» деп қалай дұрыс айтқан деп ойладым».

Ол кезде мен әлі сенуші емес едім, сірә оған: «Міне, күн шуағын шашып тұр, аяқ-қол бар – соған қуану керек» деген секілді бір нәрсені айтқан болуым керек. Құдайым-ай, осындай қарапайым сөздер оған қалай әсер етті екен! Адам көп сөйлейді және кімге не айтқаның да есіңде қалмайды, ал әлдекім осы сөзді арада он бес жыл өткенде емхана төсегінде есіне алып жатыр. Сөзбен адамның жанын қуантуға да, немесе оның жанына жара салып, көңілін қалдыруға да болады. Егер адамның сөзінің күші осындай болса, онда Құдай Сөзінің құдіреті қаншалықты десеңші!

Біздің коммунистік жүйенің Құдай Сөзінен соншалықты қорыққандығы тектен-тек емес! Қызық, ол адамдарды өкіметке бағынуға, жұмыста және отбасында адал болуға үйретеді ғой. Қандай өкімет мұны қаламайды? Өздерінің ұйқылары тыныш болуы үшін олар әрбір үйге осы Кітапты оқуды міндеттеп, тіпті оларды тегін таратып беруі тиіс емес пе еді? Бірақ ол кезде Киелі кітапты күндіз қолыңа шам алып іздесең де таба алмайтынсың. Бұл Кітаптан қорқуларының басты себебі – олар Иса Мәсіхтің сенушілерге беретін бостандығынан қорықты: «Сонда ақиқатты біле түсесіңдер, ал ақиқат сендерді азаттыққа жеткізеді». Мәсіхшілдік – үлкен жеңіліс болып көрінетіндей оқиғадан – адамдарға тек сүйіспеншілік пен жақсылық әкелген Адам айқышқа керілген Голғотадан басталды. Содан соң «ақылынан адасқан» адамдардың кішкентай бір шоғыры Оны тірі деп жариялады. Әлемдік діни ағым осылайша дүниеге келеді деп кім ойлаған?! Адамның «мықты» логикасымен салыстырғанда, Мәсіхке деген сенім болмашы нәрсе болып көрінеді. Оның «қыша дәніндей» ғана болуы мүмкін, бірақ онсыз жердегінің бәрі әлсіз.

Біздің «коммунистік жарқын болашағымыз» дәл осы себептен күйреуге ұшырады! Өйткені Құдайға деген сенім болмады, сондықтан да бүкіл әлемді тітіреткен алып мемлекет бір сәтте тас-талқан болып, ыдырап кетті.

Інжілдің миллион дана тиражбен шыққан жаңа басылымына арналған бір кеште мен белгілі актер Юрий Соломинмен жолықтым. Бұл кезде Соломин мәдениет министрі болатын. Мен оған Киелі кітапты сыйлағым келетінін айттым. Ол мені қабылдауына жазып қойды. Осы кездесуге сенуші бауырласымды ертіп бардым.

Белгіленген он минуттың орнына біз оның кеңсесінде бір жарым сағаттан артық болдық. Ол барлық телефондарын сөндіріп тастап, біздің Мәсіх туралы әңгімемізді мұқият тыңдады. Әңгіменің аяғында былай деді: «Осы қазынаны біздің білмегеніміз қандай өкінішті. Міне, мен мәдениет министрімін, бірақ ұят та болса айтайын, менің руханилығым балаларға арналған Киелі кітаптың деңгейінде ғана, одан арғысын мүлде түсінбеймін. Қарашы, бізбен не істеген!» Ол бізге әңгімеміз үшін үлкен алғысын айтты. Оның бөлмесінен шыққанда, қабылдауды күтіп отырған көптеген шетел делегациясының адамдары бізге: «Сендер оны нелеріңмен қызықтыра алдыңдар?» дегендей таңдана қарады. Жер бетіндегі кез келген жан нағыз және мәңгілік нәрсені сезініп, соған ұмтылыс жасайды. Кімнің бақытты болғысы келмейді? Бірақ бақыт сыртта емес, әрқашан біздің ішімізде болады. Оны өзімізді қоршаған ортадан іздеп, оншама нәтиже шығара алмадық. Біздің байғұс басымыздан жанды және мәңгілік нәрсенің бәрін қуып шығуға тырысып бақты. Мұны Салтыков-Щедрин «Қақталған торта шабақ» атты әңгімесінде әсерлі баяндайды. «Шабақты ұстап алып, оның ішін тазалады да, қақталуы үшін күннің астына жіпке іліп қойды. Күннің астында екі күн ілініп тұрғаннан кейін, үшінші күні шабақтың терісі тыржиып, басы мен миы кеуіп, божырап қалды. Сөйтіп, шабақ осы күйінде өмір сүре бастады. «Менімен осылай істегендері қандай жақсы болды! – деді кепкен балық. Қазір менде ешқандай артық ой, артық сезім, не ар-ұят жоқ – енді ондай ештеңе де болмайды! Мендегі артық нәрселердің бәрін кептіріп, қақтап тастады, мен енді осылайша еш уайымсыз өмір сүре беремін!... Ең бастысы, ешкім ештеңені білмей, ешкім ештеңені сезбей, ешкім ештеңені түсінбей, бәрі мас адамдар секілді болып жүре берсе болды!»

Тоталитарлық жүйеге ұдайы қорқынышта өмір сүріп, ішіп-жегенінен басқа ештеңені талап етпейтін құлдар әрқашан да керек еді. Біздің еліміз үшін ең бастысы адамдарды қандай да бір жұмысқа жегіп қою болды, олар біздің ештеңені ойламай, мас адам секілді мәңгіріп жүре бергенімізді қалады. Мұнда тұрған ешқандай жаңалық жоқ, тарих қайталанып отырады. Яһудилерді өз Құдайларына сиынуға жібергісі келмеген перғауынды еске алайық. Бұлар мұны еріккеннен істеп жүр деп есептеген перғауын былай деді: «Олар жалқау, сондықтан да: «Құдайымызға құрбандық шалайық!» деп шулап жүр. Жұмыстарын қиындатыңдар! Құр сөзбен айналыспай, жұмыс істесін!» Егер Құдай жоқ болса, онда мәңгілік те, өмірдің

мағынасы да жоқ. Онда В. Розановтың: «Құрт құртты дүниеге әкелді. Ол жер бауырлап жүріп кетті, содан соң өлді. Міне, біздің өміріміз осы!» – дегені дұрыс. Тағдырдың қатал қолымен космостық тұңғықтың мұзды кеуегіне тасталған адам өзінің бүкіл өмірін еш мақсатсыз, қайғы-қасірет пен азапта өткізеді. Ал содан соң тұңғыққа жол тартады. Бірақ біз жүрегіміздің түкпірінде бұлай болмауы тиіс екенін сеземіз. «Біз өзіміздің ажалсыз екенімізді сезінеміз және оны білеміз» (Спиноза). Бәріміз де өз өмірімізде қандай да бір мақсаттың болуы керек екенін, өзіміздің бір нәрсе үшін өмір сүретінімізді, яғни, өзімізді жаратқан Біреудің бар екенін түйсінеміз.

Мәңгілік туралы бала кезімізден бастап-ақ ойлана бастаймыз. Алғаш рет өлімді көргенімде тым кішкентай болатынмын. Сондықтан үлкендерден: «Мына ағай тас секілді неге қозғалмай жатыр? Енді онымен не болады?» – деп сұрадым. Маған оны жерге қоямыз деп жауап берді. «Ал ол қашан қайтып оралады?» – деп сұрадым. «Ешқашан» деген жауапты естігенде, орнымда сілейіп тұрып қалдым. Мен мұны дереу өз басыма келтіріп ойлап көрдім: яғни өлген соң ешқашан қайтып келмеймін. Сөйтіп, бес жасымнан бастап санап үйрене бастадым. Алдымен онға дейін, содан соң тек ірі: жүз, мың... тіпті «секстиллион» деген санды да үйреніп алдым. Менің «ешқашан» деген сөзге қандай санның сәйкес келетінін білгім келді. Бірақ маған «секстиллионнан» ары қарай ештеңенің болмайтынын айтты. Үйдегілер менен үлкен математик шығады деп ойлады, бірақ сандардың маған не үшін керек екенін тек өзім ғана білетінмін. Оңаша жерге отырып алып, саусақтарымды бүгіп, өлгеннен кейін қанша уақыт болмайтынымды есептеп отыратынмын. Әлгі «секстиллион» деген сөзді айтқан кезде мәңгілікті көргенім дәл қазіргідей есімде. Ол көгілдір түсті және сол жердегі өмір өте тамаша, бірақ онда мен жоқпын, өйткені маған солай деп үйреткен. Мен мұны әлемдегі ең үлкен әділетсіздік деп есептеп, бақырып жылай бастайтынмын. Осылайша сан рет саусақтарымды бүктім және мәңгілік мені алдаған жоқ. Ылғи да маған – сондай көгілдір, салтанатты, тыныш және өте әдемі күйінде көрініп отырды. Ол кезде бұл құпиямды ешкімге ашқан жоқпын, оның мен үшін маңызды болғаны сондай, үлкендер менің көгілдір мәңгілігімді «ешқашан» түсінбейтіндей, сөйтіп, оны ренжітіп алатындай болып көрінетін. Егер біз бала кезіміздегі барлық уайымдарымызды есімізге түсірсек, онда олардан көптеген таңқаларлық нәрселерді көретінімізге сенімдімін.

Әрбір адамның жаны іштей өзін жаратқан құпия күшке қайта оралуға ұмтылады. «Марал мөлдір суды қалай аңсаса, О, Құдай, жаным солай, Сені аңсайды!». Жоғарыдағыға қосылуға деген адам жанының осы қажеттілігі мінажат ету мен Киелі Жазбаны оқу арқылы қанағаттанады. Адам жаны олардан Құдайдың қатысуын сезініп, көңілін таңданыс пен рахатты қуаныш сезімі кернейді. «Тәңірім! Адамдарға соншалықты керемет пен күш сыйлайтын – бұл Киелі Жазба не деген керемет кітап еді! Онда қаншама құпиялардың кілті бар...» – деп таңданады Ф. М. Достоевский.

Менің не іздегенімді өзім де білмей, жанымды қоярға жер таппай жүргенімді көрген, өзі барлық діндерге, оның ішінде өсіресе шығыс діндеріне қызығушылық танытатын бір адам маған Киелі кітапты оқып көруді ұсынды. Бірақ оның өзі бұл кітапты ешқашан оқымаған еді, сондықтан да маған жай ғана, әңгіме арасында айта салды. Менде қызығушылық туындап, Киелі кітапты іздей бастадым. Бұл қайта құру кезеңінен екі жыл бұрын болатын. Ол кезде Киелі кітапты сатып алу мүмкін емес еді, оны тіпті «қара» базардан да таба алмайтынсың. Киелі кітапты осыдан он бес жыл бұрын Обыденский көшесіндегі шіркеудің алдында шырағдан сатып тұратын әйелден қаншама қиындықпен сатып алғаным әлі есімде. Кейінірек сол әйелдің бұрын әлемге белгілі ғалым, профессор болғанын білдім. Бірақ ол ғылымды тастап, ғибадатханаға кетіпті. Маған Киелі кітапты ешкімге көрсетпей, тығып берді. Оны сатып алуға менің бір жарым айлық жалақымның құны кетті. Содан соң бауырым үшін тағы біреуін сатып алмақ болдым, бірақ оны еш жерден таба алмадым. Әлгі әйел маған Мәскеу Патриархиясының Баспасына барып көруді ұсынды.

Мен сонда барып, есік аузында кірген адамдардың рұқсат қағаздарын тексеріп өткізіп жатқанын көргенде, мені онда ішке кіргізбейтінін бірден түсіндім. Бірақ, кенет милиционер бір нәрсеге айнала қалғанда, зу етіп ішке қалай өтіп кеткенімді байқамай да қалдым. Біреу мені жетелеп өткізіп жібергендей. Дәлізде кездескен жай киім киінген адамнан Киелі кітапты қайдан сатып алуға болатынын сұрадым. Ол маған: «Сіз не айтып тұрсыз; осында көптен бері істеп келе жатқан менің өзімде Киелі кітап жоқ! Айтпақшы, азаматша, сіз мұнда қалай тап болдыңыз?» – деді. Қорыққанымнан бір нәрсе деп міңгірледім де, жүгіре басып екінші қабатқа көтеріліп кеттім. Менің діни киім киінген біреуді тауып алғым келді, өйткені, жай киінген адамдарға жақындау енді қауіпті еді.

Бірақ екінші қабатта дін басыларының алтын жалатылған киімдері мен шіркеу заттары қойылған қаптаған сөрелерден өзге ештеңе жоқ болып шықты. Кенет жартылай ашық тұрған есіктердің бірінен дін қызметкерінің қара киімін киген біреуді байқап қалдым. Есікті батылдана аштым да, оның киімінің етегіне жармасып: «Маған Киелі кітап керек!» – дедім. Сол кезде оның көмекші қызы жүгіріп келді де, мені одан кейін тарта бастады, мен болсам оның етегіне жармасып, айырылмай тұрмын. Ал ақ сақалды әлгі кісі жылы дауыспен: «Саспаңыз, сіз Киелі кітап аласыз», – деді. «Қашан?» – деп сұрадым. Ол: «Қаз-і-р», – деп әндете жауап берді де, бір жапырақ қағаз жазып маған ұсынды. Мен әлгі қағазды апарып, сол жерден Киелі кітапты отыз сомға сатып алдым. Бұл менің алдыңғы Киелі кітабымның бағасынан жеті есе арзан еді.

Кейін әлгі адамның Патриархия Баспасының директоры «аса жоғары мәртебелі» Питирим екенін білдім. Ол маған таңдана қарап, кім екенімді, қайдан келгенімді тәптіштей сұрап, кетерімде батасын берді. Алдында қорқып қалғаным сондай, ол жерден ізімді шатастырып, басқа жолдармен кеттім. Маған ұдайы артымнан біреулер аңдып келе жатқандай болып көрінді. Бірақ ол кезде Киелі кітапты тауып, оны туған бауырыңа сыйлай алу деген өте үлкен бақыт болатын. Бауырым оны осы күнге дейін оқып жүр.

Мен Киелі кітаптың Мұсамен болған жағдайдағы тікенді бұтадай жанып тұрса да өртеніп кетпейтініне сенімдімін: осы сөздің тура да, ауыспалы мағынасында да. Жақында мен өз ауылымдағы бір қазақпен Мәсіх туралы әңгімелесіп, оған Киелі кітапты сыйламақ болдым. «Менде бар», – деді ол. Бірде мен сенің немере ініңнің үйінің жанынан өтіп келе жатып, көше жағасында жанып жатқан үлкен қоқыс үйіндісін көріп, мынандай кереметтің куәсі болдым: қоқыстар өртеніп жатыр, ал оның ішіндегі кітап жанбайды. Қоқыстың жанып бітуін күттім де, әлгі кітапты қолыма алдым, онда: «Біздің Тәңіріміз Иса Мәсіхтің Жаңа Өсиеті» деген жазу бар екен. Мен өзім мұсылман болсам да, отқа жанбайтын кітаптың киелі екеніне сенемін. Міне, қазір мен бақшада қауын күзетінде жүріп, оны оқып жатырмын, бұл кітап үнемі менің жастығымның астында тұрады», – деді.

Мұны естісімен немере інімнің үйіне бардым. «Саған берген кітаптарым жанбайтын болса, онда мен саған тағы біреуін берейін», – деп ойлады. Ол Мәсіхке өте қарсы еді, Киелі кітапты отқа тастауы да сол себептен. Олар ұлдан сегіз ағайынды, ата-аналары

қайтыс болып кеткен. Көпшілігі әлі үйленбеген, өйткені бұл жақта үйлену оңай шаруа емес, қалың мал төлеу қажет. Ал қалың малсыз ешкім де қызын бермейді. Міне, Құдай мені Інжілмен тағы да оған жіберді. Сонда ол маған былай деді: «Сен неге маған Мәсіх, Мәсіх дей бересің? Ал сол Мәсіғның маған қалыңдық тауып бере ала ма?» «Тауып бере алады, – дедім мен, – кел, сиынайық». Екеуіміз Құдайға сиындық. «Жақсы, – деді ол қоштасып тұрып, – егер қалыңдық тауып берсе, онда мен сенің Мәсігіңе сенетін боламын». «Байқа, сен уәде бердің, ұмытып кетіп жүрме» – дедім.

Бірнеше айдан кейін қайтып барғанымда, ол қуаныштан жүзі жайнап алдымнан жүгіріп шығып: «Білесің бе, бұл дүниеде Мәсіх бар екен, анық бар! Сенің мінәжатың бекерге кетпепті, Ол маған қалыңдық тауып берді!» – деді. Барлық жағдайды ескере келе, мен мұның шынында да керемет болғанын айта аламын. Ол осыны менен жақсы білді, сондықтан да маған берген уәдесін аяғына дейін орындады. Қазір ол өзінің Киелі кітапты үзбей оқып жүргенін айтады. Құдай Сөзін өртегісі келгендермен осылай болады: олар жамандықпен Жазбаны отқа тастайды, ал Құдай оларға сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен қарайды және бұған қоса, олардың қалауларын орындайды!

Біздің ауылда тұратын иран әйелі маған жылап отырып осыдан екі жыл бұрын күйеуінің тастап кеткенін айтты. Ал оның екі жас баласы бар, күнкөрістері өте ауыр. «Егер мен осы кітапты алсам, күйеуім маған қайтып орала ма?» – деп сұрады. Сірә, ол содан басқа ешнәрсені ойлай алмайтын болса керек. Оған не айтуға болады? «Қайтып оралады, ал», – дедім. Арада екі апта өткен жоқ, ол маған келді де, қолымнан жетелеп үйіне алып барды. Кірсем, балаларының арасында күйеуі отыр, әйел маған құпиялап жастық астындағы Киелі кітапты көрсетті де: «Шынымен де көмектесті», – деп сыбырлады. Мен оған: «Бұл тұмар емес, бұл Құдайдың тірі Сөзі, Оны оқу керек», – дедім. Осылайша Құдай көбінесе біреулерге үзілген үміттері арқылы, ал екіншілеріне – қуаныш арқылы келеді. Ол әрқашан да біздің жанымызда: «Құдай сәт сайын дайын, бірақ біз дайын емеспіз; Құдай іште, бірақ біз сырттамыз; Құдай біздің үйімізде, бірақ біз бөтенбіз» (М. Экхарт). Мен жоғарыда келтірген кереметтер әрқайсымыздың өмірімізде кездеседі, бірақ біздің әлдеқайда асығып, әбігерленіп, Жаратушыға шын көңілімізден алғысымызды білдіруге қолымыз тимейтіні өкінішті! Бұл Мәсіхтің алапес ауруымен ауырған он адамды жазып, солардың тек

біреуі ғана алғысын айтуға Оған қайтып оралған інжілдік оқиғаға ұқсайды.

Бірде Ферғаналық Ульмас атты тәжік жігіті өзінің Ауғанстанда әскер қатарында болғанын айтты. Ол соғыстан қайтып келе жатқанда бір орыс солдаты оған Жохан жазған Ізгі хабарды сыйлапты. Үйіне келген соң осы кітапты оқып шыққан оған бұл кітап, әсіресе, Мәсіх – Құдайдың Ұлы деген аян қатты әсер етеді. Ал Исламда Мәсіх тек ұлы пайғамбар ретінде ғана баяндалады.

Ульмас маған өзінің басынан өткен мынадай оқиғаны баяндап берді: «Бір күні түнде, төсегімде жатып: «Ульмас, тұр, тәубеге кел!» – деген дауысты естідім. Мен ояу жатқан болатынымын, сондықтан бұл құрдастарымның қалжыңы болар деп ойладым. Сыртқа шықтым, бірақ далада ешкім көрінбейді. Қайтадан келіп төсегіме жатып едім, тағы да: «Ульмас, тұр, тәубеге кел!» – деген жаңағы дауысты естідім. Осылайша үш рет қайталанды. Мұның жолдастарым емес, басқа бір нәрсе екенін түсіндім. Қорыққанымнан жамылғымен басымды бүркеп алып, таң атқанша дірілдеп, үрейленіп шықтым!

Ульмастың әкесі молда болатын, балаларды намаз оқуға және ислам шарттарын орындауға үйрететін. Мұсылмандардың барлық пайғамбарларды еске алып, зират басында күн батқанға дейін құран оқитын белгілі бір күндері бар. «Зират басында тізерлей отырып, барлық пайғамбарларға құран оқып отырғанмын, – деп сөзін жалғастырды Ульмас, – кезек Иса пайғамбарға келген кезде, менің ойыма осы кішкентай кітап – Інжіл түсті. Сол кезде мен: «Иса, Сенің – Құдай Ұлы екеніңе сенемін», – дедім. Кенет, зираттың қақпасынан маған қарай жүріп келе жатқан, үстіне әппақ киім киінген, қасында екі періштесі бар Мәсіхті көрдім. Періштелер өзбек тілінде: «Исаның даңқы арта берсін, Исаның даңқы арта берсін!» – деп оны мадақтап келе жатыр. Иса маған жақындап келген кезде мен Оған: «Иса, мені кешір!» – дедім. Ол: «Кешіремін, Ульмас», – деп жауап берді, бұл осылайша үш рет қайталанды. (Мен сол түні дауысты неше рет естісем, Исадан соншама рет кешірім сұрадым). Содан соң аспанға апаратын баспалдақ пайда болды да, Ол сонымен жоғары көтеріле берді, ал періштелер тағы да: «Исаның даңқы арта берсін!» – деп әндете бастады. Оған артынан: «Иса, мені Өзіңмен алып кетші!» – деп айқайлады. Ол артына бұрылды да, күлімсіреп: «Мен саған әлі келемін», – деді. Орнымнан тұрғанымда, өзімді моншаға бір тонна кірін тастап шыққан адамдай өте жеңіл сезіндім.

Кеудемді қуаныш кернеп, зираттан көшеге жүгіріп шықсам,

алдымнан татар досым қарсы келе жатыр екен. Онымен екі жыл бұрын араздасып қалып, содан бері сөйлеспей жүр едік. Мен оны мойнынан құшақтай алып: «Исаның даңқы арта берсін!» – дедім. Үйге келген соң да осы сөздерді қайталаумен болдым. Мен періштелер айтқан сөзден басқа ешнәрсе айта алмадым. Үйдегілер маған бір нәрсе болған немесе есірткі шегіп алған деп ойлады. Әкем: «Қазір барып ұйықта, не болғанын таңертең айтып бересің», – деді. Бірақ мен таңертең әңгімемді тағы да: «Исаның даңқы арта берсін!» – деген сөзбен бастадым. Менімен шынында да әдеттен тыс бір нәрсенің болғанын ата-анам сонда бірақ түсінді». Кейіннен Ульмастың бүкіл отбасы, оның ішінде әкесі де Иса Мәсіхке бет бұрды.

Ал мынау он сегіз жасар өзбек жігіті – Ілиястың өмірі. Онымен жаңадан сенімге келіп, Ташкенттегі екі апталық Киелі кітап семинарында оқып жүрген кезінде танысқан болатынмын. Ол таңғы тоғыздан кешкі беске дейін сабаққа қатысады, кешкі алтыдан түнгі он екіге дейін сауда дүңгіршегінде жұмыс істейді, содан соң таңғы сағат үш-төртке дейін семинардан үйге берілген тапсырмаларды орындайды. Ал таңертең қайтадан сабағына қарай асығады. Өз халқымның Құдай Сөзіне осындай талпыныстарын көргенімде қалай қуандым десеңізші! Одан туыстарының бұған қалай қарайтынын сұрадым. «Біздің отбасында болған бір керемет жағдайдың арқасында оларға Исаның – Құдай екенін ұзақ дәлелдеуімнің қажеті болған жоқ. Бір күні үйге келсем, емшектегі кішкентай қарындасым тамаққа қақалып, өліп қалыпты. Оның бет-аузы көкпеңбек болып кетіпті, туыстарымыздың бәрі оның айналасына жиналып тұр екен. Оның қасына келдім де, қатты дауыстап: «Құдай Ұлы – Иса Мәсіх, біздің үйдегі жануарлардың бірін ал да, менің қарындасымды қайта тірілтші, Сен – Құдайсың, Сенің қолыңнан бәрі келеді!» – дедім. Кенет менің сүйікті овчарка итімнің «қаңқ» еткен дауысы естілді де, табалдырықтың алдына ұзынынан сұлап өліп кетті, ал қарындасым қайта тірілді. Қазір менің отбасымдағылардың барлығы Исаға сиынады».

Құдайдың әр адамның жүрегіне баратын айрықша жолдары бар: Ол бір адамның өмірінде бір нәрсені жасаса, екіншісінің өмірінде – басқаша әрекет етеді, әр адамның өз тағдыры бар. Бір өкініштісі, көбіне біз Құдай әрекетін байқай бермейміз. Қайта құру жаңа басталып жатқан уақытта Арбаттағы уағыз кезінде бір ер адамның менен: «Сіз Құдай туралы баласы ауған соғысынан оралмай қалған

әйелге не дер едіңіз? Менің ұлым да Ауғанстанда болды, бірақ ол аман оралды. Ал баласы сол жақта қаза болған ана не істейді?» – деп сұрады. Бұған не деп жауап беруге болады? Бірақ, Құдайдың құдіретіне қарамайсыз ба, сол сәтте тыңдаушылардың арасында тұрған бір әйел ақырын дауыспен: «Менің де ұлым Ауғанстаннан оралмай қалды, дәл сол себептен мен сенуші болдым», – деді. Әлгі еркектің таңданғанынан аузы ашылып, не айтарын білмей қалды.

Мен оларға қарап тұрып: «Құдайым-ай, бұл не? Олардың бірінің дені сау, қарны тоқ және баласы жанында, ал ол болса бұған шүкіршілік етудің орнына аспанға жұдырығын түйіп, қоқан-лоққы көрсетеді. Ал екіншісі ауыр қайғыны көтере алмай, жүнжіп кетуге тиіс секілді, бірақ оның жүзі жайнап, көздері қайырымдылыққа тұнып тұр», – деп ойладым. Бұл бейшара кемпір мен жас жігіт туралы белгілі мысалға ұқсайды. «Әжей, сенің Құдайыңнан маған қандай пайда? – дейді жас жігіт оған. – Ол саған не берді? Аузыңда екі тісіңнен басқа ештеңе де жоқ». Сонда ол жігітке былай деп жауап береді: «Ех, шырағым-ай, бір-біріне қарама-қарсы тұрған осы екі тіс үшін менің Құдайға қаншалықты риза екендігімді білсең ғой! Өйткені мен олармен әлі де алмадан тістеп, оның дәмін сезіне аламын». Аузындағы отыз екі тісі түгел, дені сап-сау жас жігіт өмірге риза емес, ал кәрі, ауру кемпірдің аузында екі-ақ тісі қалған, бірақ ол қуанышты және мұның бәрін Құдайдың үлкен шапағаты ретінде қабылдайды! Бірақ жас жігіттің өмірі алдында, әлгі әжейдің күйі басына келгенде, ол бұл жағдайды әлі есіне алатын болады.

Менің жасы 84-ке келген таныс әйелім бар. Ол 1937 жылғы қуғын-сүргін кезінде ұсталып, он алты жыл Сталин лагерьлерінде отырып шыққан. Сол кездегі миллиондаған адамдар секілді, ол да өзінің не үшін отырғанын білместен, бүкіл жастық шағын түрмеде өткізген. Оның аты Гюли Федоровна. Мен онымен қауымдағы бір бауырымыздың қалін сұрай барған кезде емханада танысқан болатынмын. Біз екеуіміз достасып кеттік, қазір мен оның үйіне жиі қонаққа барып тұрамын. Оның күйеуі жасы тоқсан жетіде болса да ақыл-ойы сергек және есте ұстау қабілеті де қаз-қалпында. Қазір мен сіздерге Гюли Федоровна маған айтып берген бірнеше оқиға туралы баяндап бергім келіп отыр.

Гюли Федоровнамен түрмеде бірге болған бір әйелдің үйінде сегіз жасар Витя атты баласы қалыпты. Шешесі ұсталып кеткеннен кейін баланы интернатқа орналастырып, ол сонда «арнайы» тәрбие алады. Күн сайын таңертең баланы бөлменің ортасындағы

орындықтың үстіне тұрғызып қойып, бәрінің көз алдында мынандай сөздерді айтқызып үйретеді: «Менің шешем – халық жауы, сондықтан ол – менің де жауым». Шешесі түрмеде 20 жыл отырады. Осы жылдар ішіндегі оның бар арманы аман-есен шығып, баласын тауып алу болады. Олар түрмеден босанып шыққан соң, Гюли Федоровна екеуі баланы ұзақ іздейді. Өйткені ол кезде балалардың ата-тегін ауыстырып жіберетін. Ақыры олар үлкен қиындықтармен баланың тұратын жерін тауып, үйіне келеді. Қоңырауды басқан кезде үйден жасы жиырма сегіздер шамасындағы жігіт шығып: «Сіздерге кім керек?» – деп сұрайды. Өңі құп-қу болып кеткен анасы ұлына қарап тұрып қалады. «Виктор, – дейді Гюли Федоровна оған, – бұл сенің шешең». «А-а, – дейді ол жайбарақат, – ол ішке кірсін, ал сіз дәлізде күте тұрыңыз».

Арада бірнеше минут өткенде бөлмеден жанұшыра шыңғырған айқай естіледі. «Мен бөлмеге жүгіріп кірдім, – дейді Гюли Федоровна, – әйел еденде аузынан көбік ағып, дірілдеп жатыр. «Сен оған не айттың?» – деп сұрадым жігіттен, ал ол маған былай деп жауап берді: «Мен оған шындықты айттым: сен маған қайдағы шешесің? Сен – халық жауысың, яғни, маған да жаусың!» Арада үш күн өткенде әлгі әйел емханада: «Витенька, мен сені таптым, Витенька» деп сандырақтап жатып көз жұмды. Ол жиырма жыл бойы түрмедегі аштық пен суыққа, тепкіге төзді. Бәріне шыдап, тізесінен су кешіп жүріп бөгет салды, өйткені бір жерде өзегін жарып шыққан ұлы бар екенін білетін. Ал ұлы оны бір-ақ ауыз сөзімен өлтіріп тынды.

Мынау Олег атты басқа бір жігіттің оқиғасы. Жеті жасында оның шешесі ұсталып кеткеннен кейін үлкен әпкесі баланы өзер деп жатып балалар үйіне жібертпей алып қалады да, Курскіде тұратын туысының үйіне жібереді және шешесінің Қарағандыда түрмеде жатқанын хабарлайды. Сол уақытта соғыс басталып кетеді. Баланың әпкесі майданға аттанады да, түрмеде жатқан туысының жаласынан қорыққан ағайыны оны орманға апарып, жалғыз өзін тастап кетеді. Баланың әпкесіне оны өліп қалды деп хат жолдайды. Әпкесі мұны шешесіне хабарлайды да, шешесі баласының өлгеніне сеніп жылайды.

Бірақ бала аман қалады: орман ішімен сенделіп жүрген ол ақыры үлкен жолға шығады. Жолда жер аударылған балаларды алып келе жатқан машинаға кез болып, олар баланы алып кетеді. Интернатта бала бәрінен жақсы оқиды. Мектепті бітірген кезде

директор оған сыйлықты өзі таңдауды ұсынады. Сонда ержетіп қалған әлгі бала: «Маған сыйлықтың орнына пойызбен Қарағандыға дейін баруға жететін ақша беріңіз», – дейді. Директор баланы кабинетіне кіргізіп алып: «Қарағандыға не үшін барғың келеді?» – деп сұрайды. «Шешемді іздеп тапқым келеді, шешем сол жерде түрмеде жатыр». Директор оған ақша береді. Бала дүкенге барып, барлық карточкасына (ол кезде нанды карточкамен беретін) нан сатып алады. Кезекте тұрып, одан осыншама нанды не істейтінін сұраған әйелдердің бірі баланың шешесімен бір түрмеде, тіпті, бір бөлмеде бірге жатқан болып шығады. Қарағандыда жүздеген түрмелер болатын, оның нақты мекен-жайын білмейтін баланың әлгі әйелдің көмегінсіз шешесін таба қоюы екіталай еді. Бірақ Құдайдың құдіреті шексіз, шешесінің нақты тұрағын біліп алған бала қойнына нанын тығып алып Қарағандыға жолға шығады.

Міне, әйелге есік алдында өзін бір жас жігіттің шақырып тұрғанын хабарлайды. Ойына еш нәрсе алмаған ол есік алдына шығып, бір бейтаныс жігітті көреді. Әйел өзіне жақындап келген кезде бала қойнынан бір жапырақ нанды алып оған ұсынады да, көздеріне тура қарайды. Әйел оның көздерінен өз күйеуінің көздерін таниды. Ұлын таныған анасы шыңғырып жібереді де, есінен танып құлап түседі.

Бұл оқиға алдыңғымен салыстырғанда мүлде басқаша – оның соңы жақсылықпен аяқталды. Әр түрлі адамдар және әр түрлі жастар. Бірақ сол уақыттың шындығы ашылып жатқан қазіргі уақытта әлгі өз шешесін өлтірген жігіт өзін қалай сезініп жүр екен десеңізші?! Оған өте обал болды, ол сол заманның жалған саясатының құрбаны еді. Құдайдың көмегі мен Мәсіхтің ұлы кешірімінсіз мұндай жағдайдан кейін араққа салынып кетуге асылып өлуге, тіпті, жынданып кетуге де болады.

Адам өте қызық жаратылған: ол бір сөзден өліп кете алады, бірақ аса ауыр қиындықтарды көтеріп те жүре алады. Гюли Федоровна лагерьлерде әр түрлі адамдардың болғанын және өте талантты адамдардың да көп болғанын есіне алады. Мысалы, лагерьде саусақтарының буындарын сындырып тастаған неміс жігіті сол кемтар қолдарымен гитарада өте тамаша ойнайтын. Гитарада ойнамас бұрын ол буындарын сәл де болса жұмсарту үшін саусақтарын жанып жатқан отқа қыздырып алатын.

Ал Киев университетінің профессоры Есфирь Соломоновна түрме нарында жатып алып Диккенсті жатқа айтатын. «Ал ол

кезде мен артық тамақ алу үшін таныс арқылы дәретханадан ауыр шелектерді таситынмын, – дейді Гюли Федоровна. – Есфирь Соломоновна жаңадан келген болатын. Бір күні ол маған: «Гюли Федоровна, сіздің бұл істеп жүргеніңіз не, сіз суретші емессіз бе, бір табақ ботқа үшін бұлай істеуіңіз ұят емес пе?» – деді. Мен оған: «Мұны кезінде білетін боласыз», – деп жауап бердім.

Арада көп өтпей-ақ Есфирь Соломоновна менен өзін де сол жұмысқа орналасуға көмектесуімді сұрай бастады. Мен қажетті адамдармен сөйлестім де, оны жұмысқа алды. Сол күні кешкісін: «Есфирь Соломоновна, дәретханадан шелек тасып жүргеніңіз ұят емес пе, сіз Диккенстің барлық шығармаларын жатқа білесіз ғой?» – дедім. Ал ол болса: «Тамақ ішкім келеді», – деп жауап қайтарды».

Гюли Федоровнаның өзі Құдайға түрмеде, ауырып өлім аузында жатқан кезінде бет бұрған. Олар суық суды тізеден кешіп жүріп, өзенге бөгет салатын. Құрбылары оны жұмысқа көтергендей етіп алып баратын, өйткені бұлар өтірік ауырып қашып кеткелі жүр деп қауіптенетін түрме әкімшілігі ондайларды атып тастайтын. «Бөгетке қарап тұрып мен: бүгін менің ақырғы күнім болар, – деп ойлады дейді ол. – Суық суға түскен сәтте-ақ саудам бітеді. Мен қоштасқандай аспанға көз салып тұрдым да: «Тәңірім, егер Сенің бар екенің рас болса, онда су мына бөгетті алып кететіндей жаса!» – дедім жан-дүнием ышқына. Сол сәтте бәрінің көз алдында су көтеріле бастады! Тасыған су санаулы секундтардың ішінде бөгетті тас-талқан етіп ағызып әкетті де, тұтқындардың бәрі бараққа қайтты. Мен соның арқасында ғана тірі қалдым және содан бері Құдайдың бар екендігіне еш күмәнданбаймын».

Адамды жамандық пен қайғы-қасіретке толы әлемде өмір сүруге қандай құпия күш итермелейді? Адамның осынау өмірге деген үлкен құштарлығы Құдайдың сыйы екені даусыз. Көп жағдайда біздің өміріміз қиыншылықтар мен сынақтар арқылы өтеді. Адам тіпті ажал аузында тұрып, бір кереметтің күшімен аман қалады. Біздің арқайсымыз мұны қай кезде болмасын бір басымыздан өткердік. Бірақ, өкінішке орай, адам жақсылықты тез ұмытып кетеді. Алғашында ол: мен тек Құдайдың арқасында ғана аман қалдым дегенімен, кейіннен мұны сәтті кездейсоқтық ретінде есіне алады. Адамдар Құдайды тек басына іс түскенде ғана есіне алады.

Мен суға батқан, жарылысқа ұшыраған талай адамды кездестірдім. Бірақ олардың содан қалай аман қалғанына таң

қаласың! Шындығында да, бұл тек Құдайдың кереметінің арқасында ғана болатын жағдай. Мұның жарқын мысалы – менің Өзбекстанда бақташы болып істейтін сыңарымның он жастағы ұлы – Саид. Оны мектеп аумағындағы электр будкасында қуаты мың вольттық ток ұрды. Ойнап жүріп, Саид ашық тұрған будканың ішіне кіріп кетеді де, балалар оны сыртынан жаба салады. Қорқып кеткен Саид электр сымынан ұстай алғанда қатты жарылыс болады. Қап-қара болып күйіп кеткен ол реанимациядан бір-ақ шығады. Кезекші дәрігер кейіннен «кезекшілігін өлімсіз» өткізу үшін, баланың тым болмағанда таң атқанша өлмей тұра тұрғанын тілегенін есіне алды. Бірақ бала бірнеше рет операцияға түссе де, Құдайдың көмегінің арқасында әлі күнге дейін аман-сау жүр. Бұл көптеген адамдар үшін Құдайдың құдіреттілігінің жарқын дәлелі болды. Алғашында баланың қолын кеспекші болды, содан соң буынын, одан кейін саусағын кесу керек деді, бірақ, нәтижесінде буындары сәл қисайып қалғаны болмаса, оның қолдары аман қалды. Ол сол қолдарымен бәрін істей алады, тіпті, белтемірде де ойнайды. Осы жағдайдың арқасында емханадағы көптеген адамдар Құдай туралы естіді және мен содан кейін олардың көпшілігі үшін жаңа өмір басталғанына сенімдімін.

Егер оның орнына әлгі жерге басқа бала тап болса не болар еді? Аман қалар ма еді? Оның есігі ашық тұрғандықтан, ерте ме кеш пе, осыған біреудің ұрынатыны сөзсіз еді. Жеребенің сенушілердің ұлына түсуі тегін емес және бала да аман қалды, өйткені қауым олар үшін күні-түні тапжылмастан мінәжат етті. Сенушілер Өзіне сиынғанда көрсететін Құдай күшінің куәсі ретінде бала аман қалды.

Осыған ұқсас жағдай Краснодарлық бақташы, жеті баланың әкесі Семен Бородиннің отбасында да болды. Оның жеті жасар ұлын ішінде тола адамы бар автобус басып өтіп кетті. Құдайға шүкір, сол бала да аман қалды. Жүрген кезде үйрек секілді сәл ырғатыла жүргенімен, өзі суда да жүзе алады, асыр салып жүгіре де алады. Мінәжат кереметтер жасайды! Құдай қызметшілері – бұлар айрықша адамдар, олардың уайым-қайғылары да айрықша. Киелі кітапта барлық сенушілерге арналған мынадай жұбату сөздері бар: «Барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді». Егер сен өзгеретін болсаң, онда азап шегудің мағынасы болады.

Менің бауырларымның бірі Исаны тек қайғы-қасірет арқылы ғана таныды, алғашында ол маған өте қарсы болды, тіпті, мені Мәсіхті уағыздау арқылы сүйегімізге таңба басып жүр деп әкеме

шағым да жасаған. Сонда әкем ұзақ ойланып отырды да: «Біздің Құдайымыз біреу-ақ», – деді. Мұсылмандықты берік ұстанған менің әкеме бұл септігін тигізеді, өйткені Мәсіх: «Кім сендерге қарсы болмаса, сол сендер жақта», – деген.

Бірақ әлгі бауырым сусамырдың ауыр түрімен ауырып, операцияға түскеннен кейін көп нәрсені қайта ой елегінен өткізіп, жүрегін Исаға ашып берді. Ол өлім аузында жатқан, ал қазір өз аяғымен жүріп жүр. Егер оған қарсылық танытпай, мойынсұна қабылдасақ, аурудың арты жақсылыққа айналуы мүмкін.

Егер күн ұдайы ашық болып тұра берсе, онда даланың бәрі шөлге айналады деп бекер айтылмайды. Қайғы-қасірет пен аурулар – бұл Құдайдың біздің өмірімізге айрықша араласуы. Солар арқылы Құдай бізді осы қалпымыздан да жақсырақ еткісі келеді, әсіресе Оның бізді жанашырлыққа үйреткісі келеді. Өйткені, өмірдің қараңғы тұстарын өз басынан өткізіп көрген адам басқалардың да қайғы-қасіретін жақсы түсінеді.

Бірде Арбаттағы уағыз кезінде маған бір адам келіп, өз басынан өткерген, өзгелерге сабақ бола аларлық оқиғаны айтып берді. Ол сибирьлік ауылдардың бірінде мектеп директоры болыпты. Ауыл әйелдері суды алыстан, дөңнің үстіндегі құдықтан тасиды екен. Олар әсіресе қыс кезінде қатты қиыншылық көреді, өйткені тік беткейде аяқтары тайғанап, аяқ-қолдарын жаралап алатын кездері жиі кездесетін. Сондықтан олар суды үнемдеп жұмсайтын және әйелдер үшін ең ауыр жаза – мас болып келген күйеулерінің суды далаға апарып төгіп тастауы болатын. Ал орыстың еркектерін сау күйінде көз алдыға елестету қиын болғандықтан, әлгі әйелдердің көрген күндері қандай болғаны айдан анық. Сол уақытта көрші ауданда мұнай шығару үшін жерді бұрғылап жатады. Сонда әлгі директор өзіне аудандық атқару комитетінің қызметкері деген жалған құжат жасап алады да, бұрғышыларға барып, «жоғарыдан» осы ауылға құдық қазып беру туралы нұсқау келді дейді. Бұған сеніп қалған жұмысшылар ауылға келіп құдық қазып береді. Сол кездегі әйелдердің қуаныштарында шек болмайды! Олар директорға алғыстарын жаудырып, оны өте жақсы көріп кетеді.

Арада жылдар өтіп, зейнеткерлікке шыққан директор әйелін алып қалаға көшіп келеді. Қалада оның әйелі экстрасенстыққа үйреніп алады да, адамдарды «емдеп», одан түскен ақшаға үй салдыра бастайды. Күйеуі оған: «Егер сен мұның Құдайдан келген сый екеніне сенетін болсаң, онда неге ақы аласың? Бұл күнә», – деп

ескертеді. Ол Киелі кітапты ешқашан оқымаса да, іштей сыйға алған нәрсені тегін қайтарып беру керектігін сезінеді. Күйеуі осылай деп мазасын ала берген соң, әйелі оны үйінен қуып шығады. Содан соң ол өзінің маскүнем бауырының үйіне барып тұрады. Бір айдан соң бір нәрсемді ұрлап алдың деген сылтаумен бауыры да оны үйінен қуып шығады. «Көшеде тұрып алып, енді қайда барсам екен деп ойланып тұрмын, – дейді ол. – Басқа баратын туысым жоқ. Адамның барар жері болмағандағы жағдайының қандай болатынын білесіз бе?! Кенет маған: тек өзің жақсылық жасаған жерге ғана бару керек, олар сені еш уақытта ұмытпайды деген ой келді. Ал жамандық жасаған жеріңде сені қолдарына таяқ алып күтеді”.

Сөйтіп ол әлгі әйелдерге барады. Ал әйелдер оны ұмытпаған еді, олар қуана қарсы алып, тұратын орын тауып береді. Қазір сол жақта тұрып жатыр екен.

Жақсылық ұлы күшке ие. Гюли Федоровнаны қамауға өкеткен кезде, үйінен өзімен бірге тек бір кесек хош иісті сабынды ғана алып үлгереді. Ол әлгі сабынды анасынан қалған естелік ретінде сақтап, қолданбай жүреді. Тек анда-санда ғана ешкімге көрсетпей үйін есіне түсіру үшін оны алып иіскеп, қайтадан сақтап қояды.

Олардың түрмелерінде бұрын бірнеше рет кісі өлтіргені үшін түрмеге отырып шыққан, «беделділердің» қатарына жататын Машка атты қатал әйел болады. Бірде сол Машка: «Қыздар, кімде сабын бар? Бүгін бір кір-қожалақ, денесін жара басып кеткен қызды алып келді, соны жуындыру керек! – дейді. Мынандай қысыл-таяң жағдайда өзінің алтынмен пара-пар сабынын кім бере қойсын? Ешкім үндемейді. Сол кезде Гюли өзінің қымбат сабынын шығарып береді. Сонда Машка оған: «Жақсы, мен мұныңды ұмытпаймын», – дейді. Арада біраз уақыт өткенде Гюли Федоровна қатты науқастанып қалады. Дәрі-дәрмек атауымен болмағандықтан, оны спиртпен сыламақ болады, бірақ еш жерден спирт табылмайды. Сабынын берген әйелдің ауырып қалғанын естіген Машка бүкіл түрмені аяғынан тік тұрғызады, тіпті көрші еркектердің түрмесіне де адам жібереді. Ақыры спирт табылып, Гюли Федоровна содан жақсы болып кетеді.

Жақсылық осылайша қайтады. Бұл жерде жамандықтың да «аяғы болатынын» ескерте кету керек. Олардың түрмесінде өте қатал қарауыл әйел болыпты: ол тұтқындардың нанын толықтай таратып бермейді екен, бірақ оның үстінен шағым айтудан бәрі қорқады. Гюли түрме бастығына нанның қолды болатынын жөне

соның кесірінен тұтқындардың аш қалатынын айтады. Бірде, әлгі әйел Гюлидің лай айдайтын шұңқырда жалғыз қалуының ыңғайын келтіреді де, кегін алу үшін оны батпаққа тұншықтыра бастайды. Кездейсоқ біреулердің келіп қалуының арқасында Гюли өзер деп аман қалады. Арада екі күн өткенде әлгі қарауыл әйелдің баласы қатты ауырып, өлім алдында жатады. Оған тез арада қан құю керек болатын және оған Гюлидің қанының группасына сәйкес келетін сирек кездесетін қан қажет болады. Қарауыл әйел бәріне жалбарынып, қан өткізулерін сұрайды. Оның Құдайдың жазасына ұшырағанын көрген тұтқындардың айыздары қанып, ешқайсысы қан бермейді. Өзі өткендегі жағдайдан кейін Гюлиге жақындауға бата алмайды. Бірақ Гюли өзі барып, бала үшін қанын өткізеді. Гюли қан өткізіп шыққан кезде қарауыл әйел оның аяғына жығылып, сүйе бастайды. Кейін тұтқын әйелдер Гюлиді жазғырып: «Сен неге бұлай істедің? Оның баласында нең бар еді, өзіңді өлтіріп қоя сақтағанын ұмыттың ба?» – десті. «Баланың не жазығы бар? – деді Гюли оларға, – шешесінің осындай болғанына баласы кінәлі емес қой».

Өмір бәрін өз орнына қояды. Қазір Гюли сол кезде баланы құтқарып қалғанына қуанады. «Өзіңнің өткен өміріңдегі ең жақсы нәрсе не? Ол сенің істеген жақсы немесе аз да болса жақсырақ әрекеттерің... Қартайған шағыңда осы істегендерің жап-жарық жолақ болып жатады және соған қарап көңілдері жұбаныш табады. Бірақ, өкінішке орай, көптеген адамдар өз өткендерінен осындай жолақты кездестіре алмайды... Тек қартайғанда ғана «жақсы өмір сүру керек болғанын» білесің. Бұл сенің бала кезіңде де, жастық шағыңда да ойыңа келе қоймайды. Ал қартайғанда жасаған жақсылықтарыңды, адамдармен сыпайы қарым-қатынасыңды еске алу – «бөлмеңе» (жаныңа) енетін жалғыз «жарқын жүзді қонақ» болып қалады» (В. В. Розанов).

...Бірде вокзалға шешен соғысынан келе жатқан жігіттер келді. Оларды бір жарым айға үйлеріне демалысқа жіберіпті. Шаршаған, әңгімеге зауқылары жоқ, бірақ Інжілді бәрі де алды. Тек біреуі ғана оны алудан бас тартып, менің таңданған сұрағыма: «Менің Інжілім – автомат, мені сол қорғайды», – деп жауап берді. Бұл сөздер үрейімді ұшырып, мен оған: «Ұлым, секіріп өтпей жатып «әуп» деме. Сенің алдында әлі бір жылдық әскери борышың бар, жақында қайтадан Шешенстанға барасыңдар. Мүмкін, біз енді ешқашан қайтып кездеспеспіз, бірақ қиын сәттерде осында естіген

сөздеріңді есіңе ал және Құдайды көмекке шақыр», – дедім. Мен кез келген адамның, тіпті, ол күмәнданып тұрған адам болса да, жүрегінің түкпірінен шыққан мінәжатының Құдайдың құлағына шалынатынына сенімдімін.

Мұндай балалармен жылы сөйлесу керек, өйткені бұл соғыс олардың жүйкесін жұқартып, ашушаң етіп жіберген. Әрине, оларды. «Мен не үшін соғысып жүрмін? Егер де шынайы, биік бір мақсаттар үшін болса жарайды, ал егер бұл әлдекімдердің жеке есебі болса ше, онда мен неге олар үшін өмірімді қимақпын?» – деген сұрақтар мазалайтыны анық. Ал кез келген соғыс – бұл әрқашан әлдекімдердің жеке мүддесінен туындайды және оны ешқашан ақтауға болмайды. Соғыстың барша мағынасы екі солдаттың арасында болған мына әңгімеден анық көрінеді. «Достым, сен мені не үшін өлтірмексің?» «Не үшін өлтіргені қалай? Сен өзеннің арғы бетінде тұрасың емес пе? Егер сен өзеннің бергі бетінде тұрған болсаң, онда мен сені өлтіру арқылы күнә жасаған болар едім. Бірақ сен арғы бетте тұрасың, яғни – дұшпансың, сені өлтірsem мен ерлік жасаймын!» Осылайша адамдар ешбір себепсіз бір-бірлеріне жау болады. Ал біз бұл әлемге бір-бірімізді өлтіру үшін емес, Құдайды және Ол Өзіне ұқсас етіп жаратқан адамдарды сүйу үшін келдік. Григорий Нисский өзінің «Адам дүниеге неліктен қарусыз және лыпасыз келеді?» атты трактатында: «Бұқаның – мүйізі бар, қоянда – жылдамдық, тасбақада – қалың сауыт, тағы бір жануардың – денесі ірі және үшкір тұмсығы, құстардың – қанаттары, араның – шағатын инесі бар. Табиғат әркімге оның қорғануына жарайтын қандай да бір нәрсе берген... Тек адам ғана бұл өмірге жалаңаш, қарусыз және дәрменсіз күйінде келеді...» деп толғанады. Біз осылай жаратылғанбыз, өйткені адам – жер бетіндегі ең таңқаларлық және ең жұмбақ тіршілік иесі. Бүкіл әлем оның бойына сыйып кетеді. Оның денесінің құрылысы жануарлардың дене құрылысына ұқсас және барша табиғаттағы нәрселер секілді бөлшектерден тұрады. Бірақ оның жаны бүкіл әлемнен де аумақты: оны Құдай жаратқан, сондықтан ол ақылды және мәңгі өлмейді. Адамның жаны өз табиғатынан мәңгілікке талпынады, ол өзінің төні қанағат еткен нәрсеге қанағаттанбай, одан да ауқымды нәрсеге ұмтылады. Бұл шындыққа, сұлулыққа, жақсылыққа деген ұмтылыс. Шекараларды алып тастауға және «екінің бірін таңдап алуға» деген ұмтылыс.

Қазір менің отанымда шекара көп. Олардың бірі біздің ауылға

жақын жердегі – Қазақстанмен екі арадағы шекара. Біздің ауыл өз тарихында бірнеше рет бірде Өзбекстанға, бірде – Қазақстанға беріліп келді. Шекара кешкі сағат жетіде жабылады. Бірде менің бақташы бауырым әйелі екеуі Құдайға құлшылық ету жиынына бару үшін Қазақстаннан Өзбекстанға қарай жолға шығады. Олар шекараға сағат жеті жарымда келіп жетеді. Ол кезде шекара жабылып, бірнеше машина ары қарай өте алмай, бекет алдында жиналып тұрады. Бауырымның әйелі жағдайды білу үшін шекарашыларға жақындайды. Шекарашылар оған дөрекі жауап беріп: «Жапқымыз келген соң жауып қойдық! Біз есеп беретіндей, сен өзі кімсің?» – дейді. Жеңгем: «Эх, егер сендер менің Әкемнің Кім екенін білген болсаңдар, онда менімен бұлай сөйлеспейтін едіңдер», – дейді кетіп бара жатып. «Сенің фамилияң кім?» – деп сұрайды сонда шекарашылардың бірі одан. Күтпеген сұрақтан алғашында абдырап қалған ол: Руденко деп өзінің қыз кезіндегі фамилиясын айтады. Сонда шекарашылардың бірі екіншісіне: «Ол облыстың бұрынғы прокуроры ғой, тезірек шекараны ашыңдар!» – дейді. Ең қызығы, жеңгем ол туралы ештеңе білмейтін, ал онымен фамилияларының бір болып шығуы сырттан қарағанда күлкілі және кездейсоқтық болып көрінуі мүмкін. Бірақ сенушілердің өмірінде кездейсоқтық болмайды. Олар машинада келе жатып жиналысқа үлгеріп бара алатын болғандықтары үшін Құдайға алғыстарын айтады және Інжіл алған шекарашылар үшін мінәжат етеді. Өмірдегі ешбір жағдай кездейсоқ болмайды: Құдай бізге белгі жібереді және адамдармен ойланып сөйлесуге шақырады. Біздің сөздерімізді олардың қалай қабылдайтынын кім біледі? Бір ақын айтпақшы: «Өз сөзіміздің қалай әсер ететінін алдын ала болжай алмаймыз».

Бірде мен Ташкентке ұшып бара жатып, аэропортта құжат тексеруші әйел менің құжаттарымды тексергенше оған Мәсіх туралы бір-екі ауыз сөз айттым. Ол маған өзінің жасқа толы көздерімен таңдана қарап, Құдай жайында сұрақтар қоя бастады. Артымда кезек көбейіп кетті, адамдардан қысылған менің өзімнің де кеткім келіп тұр, бірақ ол жіберетін емес. Кезектің үлкейіп кеткенін көрген кезекші әйел жүгіріп келді де, біздің не туралы айтып жатқанымызды естіп, үндеместен кетіп қалды. Өмірде Құдайды аңсап жүрген жандар көп және олар көбіне біздің жанымызда ғана жүреді, оларға көп нәрсе емес – Мәсіхтің сүйіспеншілігі туралы бірнеше ауыз сөз жеткілікті. Бұл жай ғана сөз емес – онда өмір бар.

Вокзалда уағыз кездерінде мен залдағы адамдардың көңіл-

күйлері қалай өзгеретінін жиі байқаймын: мұндай сәттерде рухани көңіл-күйдегі өзгерістерді жан-тәніңмен сезінесің. Мен мұның адамдардың жүректеріне әсер етіп, олардың ойларын әбігершілік пен жек көрушіліктен ада ететін тірі Құдай Сөзінен болатынына еш күмәнданбаймын. Залдағы тамаша рухани көңіл-күйді Құдай нұрымен киеленген осы жаңа ойлар құрайды. Шынында да, ойдың жаны бар. Оны мен және менің жанымдағылар ғана емес, залда отырған адамдар да сезініп, бізге жиі алғыстарын айтады және «Бізге тағы да бір нәрсе айтыңыздаршы» деп өтінеді. Бірақ уағыз айтушының өзінің сүйіспеншілік пен тыныштық жағдайында болуының маңызы өте зор. Бұл адамдарға таңғажайып түрде ауысады. Ризалықтарын білдіргісі келген адамдар бізге жиі жаңғақтар мен көмпиттер алып келеді, тіпті, соңғы ақшаларын да ұсынады. Бірде маған бір қаңғыбас жақындап келді, ол он жыл түрмеде отырып келген екен. Уағыздың оған қатты әсер еткені сондай, ризашылығын қайтып жеткізерін білмеген ол маған: «Сіздің бетіңізден сүйсем бола ма?» – деді. «Болады», – дедім мен, – сөйтіп ол бетімнен сүйді.

Басқа бір жолы бізге бір адам келіп: «Мен сізді танимын, сіз өткен жолы осы жерде уағыз айтқансыз және маған Інжіл сыйлағансыз. Мұның біз үшін қаншалықты маңызды болғанын білсеңіз ғой! Өйткені, соның алдында біреулер біздің ұлымызды өлтіріп, құмға көміп кеткен болатын. Сол кезде біз вокзалда жанымыз жабырқап, қасірет шегіп отырдық. Бірақ онда кімнің шаруасы бар? Кенет біз өлім жоқ, Мәсіх Ғолғотада өлімді жеңген. Біздің Құтқарушымыз былай дейді: «Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады», – деген сөздерді естідік. Бұл сөздердің біздің жанымызды жай тапқызғаны сондай, кеудемізге қайтадан жан кіргендей болды, содан бері Інжілді үзбей оқып жүрміз. Ол – біздің шынайы жалғыз жұбанышымыз».

Кешеді немесе метрода мені бейтаныс адам тоқтатып алып: «Өткен жолы Мәскеуге барғанымда арнайы Арбатқа барып, уағзыңызды тыңдамақ болып сізді ұзақ іздедім», – деген кездері де болды. Адамдар шынайы нәрсені ұмытпайды, олар Сөзді іздейді. Бірде бізді бір жас жігіт іздеп келді. Ол осыдан бірнеше ай бұрын Арбатқа келіп, біздің уағыз жүргізуімізге кедергі жасаған, Ницше туралы бір нәрселерді айқайлап, шампан бөтелкелерін сындырған шайтаншыл топтың арасында болыпты. Олардың арасындағы тістері шіріп кеткен біреусі менің құлағыма: «Біз сені

елтіреміз», – деп сыбырлады. Бірақ біз қаншалықты қиын болса да, уағызымызды жалғастыра бердік.

Міне, арада жарты жыл өткенде бұрын шайтанға ергендердің тобында болған Алеша бізді іздеп тауып: «Мен сол кезде сіздің бізден қорықпағаныңызға таң қалдым. Біз көп едік және сізге қоқан-лоққы жасадық. Сонда мен: «Бізден қорықпайтындай олардың сенімдері қандай сенім екен?» – деп ойлады. Кейін сіз берген мекен-жайдағы қауымға бардым да күнеларымды мойындап, тәубеге келдім. Қазір қауымға барып жүрмін, бүгін сізге алғысымды айтайын деп әдейі іздеп келіп едім», – деді. Әрине, мұндай куәліктер адамды қуантып, бойға күш береді.

Әлгі шайтаншылдар маған өз «елшілерін» де жіберді. Мені ұзақ уақыт бойы азғыруға тырысып, өз ұйымдарының жетекшісі болуға шақырды. Атақ-даңқпен қызықтырып: «Біздің ұйымымыз өте қуатты. Беделіңіздің жоғары болатыны сондай, бір ауыз сөзіңіз бәрін шешетін болады», – деді. Осыны мысалға келтіре отырып, басқаларды алданып жаман ұйымдардың шырмауына түсіп қалудан сақтандырғым келеді. Сол кезде мен әлгі ұйымнан тезірек кетуі керек екендігіне оның көзін жеткізе алдым ба, білмеймін. Олар қандай адамды «елшілікке» жіберу керек екенін жақсы біледі: ол жылы жүзді, дауысы майда, талғаммен киінген әдемі жігіт болатын. Менің тіпті, оның шайтанның адамы екендігіне сенгім келмеді. Біздің жастарымыз сондай ұйымдарға осылай тап болады. Оларды осылай жылы сөйлеп, алдап-арбау арқылы торға түсіреді.

Інжілді уағыздауға қара күштердің шамалары жеткенше кедергі келтіруге тырысатындарын айта кету керек. Бірде уағыз кезінде біздің жанымызға екі ер адам келді. Олардың бойы екі метр, үстіне қара көйлек киген бірі екіншісіне қолындағы сағатын көрсетіп, елдің бәрі еститіндей қатты дауыспен: «Қазір секундомерді қосамын және дәл екі минутта мына әйелдің үні өшеді!» – деді. Соншалықты сенімді сөйлегендіктен, адамдардың бәрі маған құлақ асуларын доғарып, оның сағатына көздерін тігіп, әрі қарай не болатынын күтіп тұрып қалды. Әлгі екі минут мен үшін мәңгілікке созылғандай болып көрінді. Мен Киелі Жазба аяттарын бірінен кейін бірін жатқа айта бердім және сол мені құтқарып қалды. Міне, екі минут, бес, одан да көп уақыт өтті. Әлгі адам топтан қалай кішірейіп, абыройынан айырылып кетті десеңші!

Әрине, осы жағдайлардың бәрінде де Құдай көмектесті. Ержүректік – бұл Құдайдан және бұған қоса Ол адамдар

арқылы да әрекет етеді. Сол кезде маған он жеті жасар Лена Преображенская үлкен көмек көрсетті. Қыз бір шетте тұрып алып, үздіксіз сиынумен болды. Мен онымен Арбаттағы уағыз кезінде танысқан болатынмын. Момын, көп сөйлемейтін, Ізгі хабар тарату қызметіне өте адал болатын. Кейінірек өзі де көшелерде уағыз жүргізе бастады. Қызының өзімен-өзі жүргенді ұнататын ұялшақ мінезін жақсы білетін профессор әкесі мұны көріп қатты таңданды. Кейін өзі мойындағанындай, өзі адамдар тобының арасында жасырынып тұрып, қызының сөздерін аузын ашып тыңдайды. Құдай адамға бұрын өз бойына тән болмаған нәрселерді істеуге тамаша қабілеттер береді. Біздің қауымдағы ең белсенді адам – Марина. Марина мінәжат ету қызметін атқарып, ұдайы адамдармен жұмыс істеді (ол басқа қауымның уағызшысына тұрмысқа шығып, қазір екеуі бірге қызмет етеді). Юристік институтты бітірген, білімді әйел болатын. Құдайға сенімге келгенге дейін оның адамдардан қорыққаны сондай, тіпті кітапханаға қоңырау шалып, оның жұмыс уақытын сұрауға батылы жетпейді екен. Мұның орнына ол қаланың екінші шетіндегі кітапхана есігіндегі жұмыс кестесін көру үшін екі сағат жол жүріп баратын болған. Құдай оны мүлде өзгертті!

Жалғыз адамға уағыз жүргізу қиын және сәл қорқыныштылау, мұндай сәтте көмекшінің болғаны үлкен қуаныш. Ең бастысы – бұл үлкен мінәжат көмегі. Мәсіхтің шәкірттерін уағыз жүргізуге екі-екіден жіберуі тегін емес. Біз осылайша Лена екеуіміз ұзақ уақыт бірге жүрдік, содан соң біздің қатарымызға тағы бір жас қыз – Оля Соболева қосылды. Осылайша бізде Ізгі хабаршылардың шағын тобы құрылды. Бір таңқаларлығы, олар мүлде қауым мүшелері емес еді, бірақ жай ғана Мәсіх туралы Ізгі хабар айту тілегі күшті болды.

Мен басқа қауымдарға да барып, оларды Арбатта уағыз айтуға шақырып жүрдім. Адвентистерге бардым: байқаймын, олар Киелі кітапты өте жақсы көретін секілді, ылғи да қағаз-қаламдарын көтеріп, бәрін жазып алып жүреді. Бұл маған өте ұнады. Олар уағыз айтуға міндетті түрде барады деп ойладым, өйткені олардың бәрі білімді, Киелі жазбаны жақсы біледі. Ал Арбатта нағыз осындай адамдар керек, өйткені Мәскеудің аты Мәскеу емес пе, ондағы жұрттың бәрінің көздері ашық. Мен мінбеге былай деп қағаз жазып жібердім: «Неліктен біз Мәсіх туралы тек бір-бірлерімізге ғана айтамыз? Біз енді сенушілерміз ғой! Жүріңдер, Арбатқа барайық, онда кришнаиттар кернейлетіп-сырнайлатып Кришнаны мадақтап

жатыр, ал біздің Иса Мәсігіміз – сондай жалғыз, Арбатта Оны ешкім мадақтап, Ол туралы ешкім ештеңе айтып жатқан жоқ». Мінбеден өз қағазыма жан түршіктіретін жауап алдым: «Біз уағыздарды институттарға барып жүргіземіз, ал Арбатқа келетін болсақ, Иса Мәсіх: «Інжу-маржандарыңды шошқалар алдына лақтырмаңдар!» – деген».

Кейін елуліктерге бардым, ол жерде бір пайғамбар менің үстімнен пайғамбарлық айтып: «Жасты да жіберемін, көріні де жіберемін, ал сені жіберген жоқпын», – деді. Содан соң әлгі пайғамбар, Саранскілік Вася менен: «Ал сені Арбатқа Құдай жіберді ме?» – деп сұрады. «Иә, Құдай жіберді, – дедім мен, – өйткені Иса Мәсіх: «... күллі адамдарға барып, Ізгі хабарды жариялаңдар!» – деген ғой». Ол: «Арбатқа жалғыз барма, бұл қауіпті», – деді. «Енді, ешкім бармаса не істеймін?» – деймін мен. Сонда ол маған: «Мен айына бір рет келіп тұрамын, екеуіміз бірге барайық», – деген ұсыныс жасады. Бірақ әлі бір рет те бірге барған жоқпыз.

Содан баптистерге бардым. Онда Иван Семенович Гнида Киелі кітапты талқылап жатыр екен, мен оған: «Оны несіне талқылай бересіздер? Құтқарылу мейрамы жақындап қалды, Арбатта көп адамдар серуендеп жүр, соларға барып «Иса қайта тірілді» әнін айтып, Ол туралы әңгімелеп берейік», – дедім. Иван Семенович батасын берді де, жастар менімен еріп жүруге жиналды, бірақ ол бізге бірнеше қайтара: «Онда көп болмаңдар және өте сақ болыңдар», – деп ескертті. Сонда мен олардың қорқыныштарына таң қалып: «Мыналар жалпы көшеге шыға ма екен өздері? Дәл бір басқа планетада өмір сүріп жатқан адамдар секілді», – деп ойлады. Мен тек кейінірек осы қорқыныштың себептерін және біздің еліміздегі сенушілердің қандай қиын өмірді бастарынан өткергенін білдім. Бұл қорқыныш олардың жүректерінің түкпіріне бойлап алған еді және онымен санаспауға болмайтын.

Арбатқа олармен бірге екі-үш рет барғаннан кейін, олар маған: «Ренжіме, бұл сенің қызметің, өзің бара бер», – деді. Мен ренжіген жоқпын, оның үстіне кейіннен баптистер маған моральдық жағынан көп көмек көрсетті, ал мен үшін бұл өте маңызды еді. Інжілдік мәсіхшіл-баптистер Одағының председателі Василий Логвиненко мен оның орынбасары Александр Фирисюкті алғыс сезімімен еске аламын. Әсіресе, өздерінің жылы қарым-қатынастары арқылы сенімімнің нығаюына септіктерін тигізген Алексей Бычков пен Виталий Куликовқа алғысым шексіз. Тағы да әрине, өзім он жылдан

бері істес болып келе жатқан «Шығыс Сәулесі» миссиясына шынайы алғысымды білдіремін.

Бүкіл әлемде Құдай Қауымының саны артып келе жатқандықтан, мен барлық конфессияның мәсіхшілерінің Исаны уағыздайтынына сенімдімін. Бірақ, кейде біздердің арамызда келіспеушіліктер болып, бұл Ізгі хабарды таратуға кедергі келтіреді. Мүмкін, бұл жерде елсіз аралға тап болған сенуші туралы анекдотты айта кеткен орынды болар. Адам тұрмайтын аралға тап болған әлгі сенуші алдымен үй салып, бау-бақша егеді, содан соң бір шіркеу, одан кейін тағы да дәл сондай екінші шіркеуді салады. Арада жиырма жыл өткенде аралға бір кеме жүзіп келеді. Сенуші «Робинзонның» шаруашылығын қарап шыққан кеме капитаны одан: «Саған екі шіркеудің не қажеті бар?» – деп сұрайды. Сонда «Робинзон»: «Мен мына шіркеуге барамын, ал анаған бармаймын», – деп жауап береді. Өкінішке орай, біздің мәсіхшілік өмірімізде де осылай болады.

Бірде мен православ шіркеуінде діни қызметкер Георгий Чистяковтың Мәсіхтің Туылуы туралы уағызын тыңдадым. Киелі кітаптан Лұқа жазған Ізгі хабардың екінші тарауын оқып шыққан ол: «Осы кішкентай үзіндіде «Мәриямның қолындағы Нәресте» деген сөз бес рет қайталанады. Протестант-бауырларымызда Нәрестенің Мәриямсыз қалғаны қандай өкінішті. Бірақ маған біздер, православтықтар үшін одан да өкінішті, өйткені бізде Мәриям Нәрестесіз қалды», – деді. Ал: «Протестанттар неге ереже бойынша құлшылық етпейді?» – деген бір әйелдің сұрағына ол: «Өйткені протестанттардың бүкіл өмірі Құдайға құлшылық етумен өтеді!» – деп жауап берді. Православтық діни қызметкер үшін бұл өте батыл айтылған сөз, бірақ Мәсіх бізді бір-бірімізбен дәл осылай қарым-қатынас жасауға үйретеді. “Бір-біріңді бауырларыңдай сүйіп, өз бастарыңнан артық сыйлаңдар”. Егерде біздердің, сенушілердің арасында ауызбірлік болса, онда көптеген адамдардың Мәсіхке келулері анағұрлым жеңіл болар еді. Біздің осы ала ауыздықтан арылуымызға барлық конфессиялар үшін бірдей, Иса Мәсіх туралы мына уағыз көмектесе алады: Иса Мәсіх біздің күнәларымыз үшін өліп, қабірге жерленді және үшінші күні қайтадан тірілді. Қауымдардың міндеті – осы Ізгі хабарды әлемнің барлық түкпіріне жариялау.

Өкінішке орай, қауымдардағы Ізгі хабар таратуда қиындықтар бар екенін айта кету керек. Мен сенушілердің бойынан мынандай бір әдетті байқаймын: сенуші ретіндегі тәжірибеміз молайған

сайын, өз-өзімізбен болып, Ізгі хабар тарату жұмысынан алыстай бастаймыз.

Құдайға жаңадан бет бұрған кезде, жүрегіміз жалындап Исаны жақсы көреміз және Оның есімі бүкіл әлемге паш еткіміз келеді. Осы қуанышты күйіміз ешқашан аяқталмайтындай болып көрінеді және біз Дәуіт патшамен бірге: «Өзіңнен басқа кімім бар еді көкте? Өзге ештеңе аңсамаймын жерде де!» деп жырлаймыз.

Бірақ арада уақыт өтіп, әлгі алғашқы махаббатымыз бәсеңдей бастайды. Қазір алғаш Құдайға бет бұрған кезге қарағанда аз уағыз айтатынымды өз өмірімнен байқаймын. Көбіне біз уақыттың тапшылығына сылтау айтамыз, ал елші Пауыл былай дейді: «Ізгі хабарды уағыздамасам, қасіретке қалар едім». Уақыт қысқарады, әлем өзгереді, адамдар өзгереді, Ізгі хабарды қабылдаушылық өзгереді. Егер де бұрын Киелі кітапты жоғары көтеріп ұстау жеткілікті болса – ол кезде адамдар қоршап алып, сұрақтарды қарша борататын, ал қазір бұл тек Ресейдің түкпір-түкпірінен келген, бойларында әлі де болса рухани шөліркеу сезімдері қалған адамдар жиналатын вокзал басында ғана мүмкін болады.

Бірде вокзалдағы уағыздан кейін біреу маған: «Анда сізді бір адам күтіп тұр», – деді. Мен қасына барған кезде, ол сөмкесінен полковниктің әскери киімін, содан кейін пистолет шығарды. «Сірә, ол мені атып тастайын деген шығар, – деп ойладым мен, – қазір неше түрлі адамдар бар және олардың басында қандай ойы бар екенін бір Құдай біледі». Ал ол болса: «Менің өмір сүргім келмейді», – деді де, еңіреп жылап қоя берді. Оның қасында отырып: «Ол қолында билігі, қаруы бар қайратты еркек, ал оның алдында мен кіммін, әлсіз, кішкентай әйелмін. Бірақ ол айналадағы адамдардан қысылмай жылап отыр», – деп ойладым. Мен оның не үшін жылап отырғанын білемін: оның жүрегі сүйіспеншіліксіз, әділетсіз өмірден шаршаған, қазір оған сүйіспеншілік пен кешірім туралы сөздер ауадай қажет.

Тағы бірде маған Мурманскіде теңізші болып қызмет атқаратын, жасы елулерге келген, денелі жігіт ағасы келіп, былай деді: «Мен қазір ғана сіздің аузыңыздан Мәсіхтің жүрекке тыныштық бере алатыны туралы естідім. Ендеше мені тыныштандырып көріңізші! Қане, тыныштандырыңыз! Мені ешкім де, тіпті, сіздің Иса Мәсіх те тыныштандыра алмайды!» – деді. Оның көздері бір жерге тұрақтамай, қолдары дірілдеп тұрды. Мен оны мас болар деп ойладым, бірақ аузынан ешқандай иіс білінбейді және аяғынан

да нық тұр. Ол менің қасына отырып, өзімен әңгімелесуімді өтініп сұрады. Осының алдында ғана өзінің бауырымен енді қайта көріспестей болып, араздасып шыққан беті екен. Ол: «Мені ешкім тыныштандыра алмайды!» – деген сөзін қайталай берді. Мен оның пікірін өзгертуге тырыспай, оған бірге сиынуды және Құдайдан рақым етуін сұрап, тәубеге келу туралы сөздерді менің артымнан қайталап отыруды ұсындым. Дауысынан ол маған бұл сөздерді еш ойланбай қайталап отырғандай болды, бірақ мінәжаттан кейін көзімді ашқан да оны мүлде танымай қалдым: менің алдымда мүлде басқа адам отыр еді. Арада бар болғаны екі-ақ минут өткен! Ол өзінің реніші туралы ұмытып, маған Киелі кітап туралы сұрақтар бере бастады. Әсіресе, оны алғашқы күнә қатты қызықтырды. «Алғаш туындаған» деген сөз «алғаш дүниеге келген» дегенді білдіретіндіктен, ол күнә деген – адамның бір-бірін дүниеге әкелуі деп ойлапты. Ал күнәнің – Құдай еркіне бағынбау, «алғаш дүниеге келген» деген алғашқы жасалған күнә екенін естіген кезде, жас балаша қуанды. Қоштасып тұрғанда теңізші менің қолдарымды сілкілеп: «Мен бүгін жүрек ауруына шалдығатын шығармын деп ойлап едім. Ал қазір жүрегім орнына түсті, міне, қараңыз, қолдарым да дірілдегенін қойды», – деді. Вокзалдан үйге қайтқалы жатқанымызда бізге екі сенуші американдық келіп, қызметіміз үшін алғыстарын айтып: «Енді біз бұлай өмір сүріп жүргеніміз үшін ұяламыз. Мәсіх туралы уағыздап жүруімізге болар еді ғой. Адамдар тыңдауға дайын, бірақ біз үндемейміз», – деді.

Вокзалдағы адамдардың астаналықтардан көп айырмашылығы барын айта кету керек: олар кең пейілді және адал жүректі болып келеді. Шағын қалалардағы сенушілер де өзгеше. Бірде біз екі бауырыммен бірге Самарқанд қаласына бармақ болдық. Кетерде әкем үлкен бауырым Романға міндетті түрде мешітке кіріп шығуды тапсырды, өйткені Самарқанд қаласы өзінің мешіттерімен әйгілі еді. Роман мешітке баратын болғанына қатты қуанды, бірақ та, оның қуанышы ұзаққа созылмады, өйткені оны мешітке кіргізбей қойды. Мешітте одан ең алдымен: «Сен дәрет алдың ба?» – деп сұрады. Ол: «Жоқ, мен жол жүріп келдім. Мұнда бірінші рет келіп тұрмын және бұл жерде ешкімді танымаймын», – деп жауап берді. Бірақ, оны бәрібір ішке кіргізбей қойды.

Самарқандта аяқ астынан бензиніміз бітіп қалды, ол кезде бензинді ешқандай ақшаға сатып алу мүмкін емес болатын. Менде сол жердегі мәсіхшілер қауымының адресі бар еді. Рас, өзім ол

жерде ешкімді танымайтынмын, бірақ бауырларыма: «Сонда барайық, бізге олар көмектеспесе, басқа ешкім көмектеспейді», – дедім. Онда келген кезде, олар бізді көктен түскен қонақтардай күтіп алды: бірден демалуға жеке бөлме дайындатып, түскі ас әзірлетіп берді, содан соң Құдайға құлшылық ету жиынына қатысуға шақырды. Жиналыстан кейін бір тиын алмастан бағымызды бензинге толтырып берді де, машинамен үлкен жолға дейін шығарып салды. Мұның қалай болғанын түсінбеген Роман жол бойы үнсіз ойланумен болды. Оған олар бізді өзге біреулермен шатастырып алғандай болып көрінді. Біз үйге келген кезде әкем бірден: «Мешітке болдыңдар ма?» – деп сұрады. «Болдық, – деді Роман, – бірақ біз дәрет алмағандықтан, ішке кіргізбей қойды». «Дұрыс, – деді әкем, – мешітке дәретсіз кіруге болмайды». «Иә, – деді Роман, – бірақ содан кейін біздің бензиніміз таусылып қалып, мәсіхшілер қауымына бардық, онда ешкім менен дәрет алған алмағанымды сұраған жоқ, тіпті менің өзге діндегі адам екенім туралы да ештеңе деген жоқ. Бізді тынықтырып, тамақтандырды, артынан бензиндерін беріп, жолды көрсетіп жіберді». Бұл сөздерді естіген әкем басын төмен салып, үнсіз қалды.

Шеткі аймақтың адамдары өзгеше болып келеді және бұл олардың вокзалда Киелі кітапқа қызығушылық танытуларынан анық байқалады. Ал астаналықтар мүлде басқа, мысалы, Арбатта оларды Құдай Сөзімен қызықтыру оңай емес. Олар «бәрін біледі». Бірақ олардың арасында сені ұзақ және мұқият тыңдауға дайын адамдар да, біздің кітапшаларымызды көшеге лақтырып кететін адамдар да бар. Кейде Құдай осының өзін игілікке пайдаланады. Бірде біздің қауымға бір сенуші адамдар келді. Одан бір күн бұрын, яғни, сенбі күні олардың машиналары бұзылып қалыпты. Олар Мәскеу арқылы өтіп бара жатқан екен. Мәскеуде ешкімді танымайтын олар Құдайдың күні – жексенбіде Құдай халқымен бірге бола алмайтындықтарына қатты қынжылады. Сөйтіп, Арбаттың бойымен келе жатып «Мен мұны саған айтуға тиіспін» деген кітапшаны тауып алады. Олардың қуаныштарында шек болмайды, өйткені кітапшаның артында біздің қауымның мекен-жайы бар еді. Содан соң олардың бірі: қымбат қазына біздің аяғымыздың астында жатыр, ал адамдар оны алыстан іздейді деген тақырыпта уағыз айтты. Киелі кітапта: «Егер түкке тұрғысыз деген нәрсенің өзінен асылын таңдап ала білсең...» (Еремия), – деп қалай дәл айтылған. Кишиневте маған бір жас жігіт жолығып, өзінің Мәскеуде келе

жатып метроның алдынан сондай бір кітапшаны тауып алып, сол арқылы біздің қауымға келгенін айтты. Тіпті, трамвайға да төлейтін ақшасы қалмаған ол сол кезде біздің көмегімізге қатты риза болған еді. Арада сегіз жыл өткенде онымен басқа бір қаланың көшесінде кездейсоқ кездесіп қалдым. Сонда ол маған ішіне ақша салынған конвертті беріп: «Мынаны қауымыңызға алып барыңыз және менің сенуші болғанымды айтыңыз, қазір қауымға барып жүрмін және сіздерді ұмытқан жоқпын», – деді.

Арбатта бір еркек осындай бір кітапшаны маскүнем досына бергенін айтты. Арада біраз уақыт өткенде әлгі досы оған: «Білесің бе, Құдай шынында бар. Отбасымнан ажырасып, жұмыстан да қуылып, ешкімге керегім болмай қалған мен өмірден түңіліп, асылып өлгім келген. Қолыма арқан, бір шөлмек арақ және тіске басатын алма алдым да, орманға келдім. Мен онда арақ ішпей, сап-сау күйімде келдім, алдымен ыңғайлы ағашты тауып алып, содан соң соның түбінде отырып соңғы рет ішкім келген. Екі сағат бойына орманды аралап, асылып өлуге боларлық бірде-бір ағаш таба алмадым. Барлық ағаштың бұтақтары жоғары қарай өсіп тұр, жанына қарай өскен бір де бірі жоқ. Бұған менің алғашында тіпті ызам келіп, содан соң өз-өзіме келдім де, бүкіл орманның ішінен асылып өлуге боларлық бір ағаштың табылмауы қалай деген ойдан денем түршігіп кетті. Кенет сен берген кітапша есіме түсіп, ағашты таба алмас үшін Құдайдың менің көзімді байлап қойғанын түсіндім. Сол жерде әлгі арағымды шағып тастадым да, үйіме қайттым. Содан бері арақ ішуді доғардым», – дейді.

Ал басқа бір адам ұры болатын, ол вокзалда ішінде өздері тонамақ болған адамы бар пойызды күтіп отырады. Олардың бандыларында бірнеше адам болады. Басқаларға күдік тудырмас үшін ақшасы бар адамды сырттай бақылап, бір-біріне «өткізіп» отырады. Пойыздың вагонында әлгі біздің уағызымызды тыңдаған ұры өздері «бағып» келе жатқан адамның кофесіне байқатпай ұйықтататын дәрі салып жібереді, ол ұйықтап қалады. Бірақ әлгі ұры оның ақша салынған сөмкесін алмақ болған кезде: «Тиіспе, өлімге душар боласың!» – деген дауысты анық естиді. Жан-жағына қарайды – ешкім жоқ, қолын қайтадан сөмкеге қарай созса: «Өлесің!» – деген әлгі дауыс тағы да естіледі. Есі шығып кеткен ол сөмкені тастай салады да, пойыз жүрісін баяулатқан кезде секіріп түсіп қалады. Содан соң ол бізге келіп, осы оқиғаны баяндап берді. «Мұның мен сол кезде сіздердің уағыздарыңызды тыңдағанымнан

болғаны анық, – дейді ол. – Қазір сол жолдастарымнан жасырынып жүрмін, өйткені олар менің сөмкені алмағанымға сенбейді ғой. Мен енді ұрлық жасамаймын, қазір қала шетінде құрылыста жұмыс істеп жүрмін».

Біздер осылайша уағыз айтып жүрдік және осы уағыздардан біздің «Ізгі хабар» қауымымыз құрылды. Алғаш менде қауым құрамыз-ау деген ой мүлде болмаған еді. Бұған «Шығыс Сәулесі» миссиясының қызметкері Владимир Цорнның сөзі түрткі болды. Бірде ол менен: «Сен уағыз айтып жүрсің, ал сенің рухани балаларың қайда?» – деп сұрады. Арбатта маған сенушілер өз қауымдарының мекен-жайларын беретін, мен оларды сонда жіберетінімді айттым. Сонда ол: «Білесің бе, сен бөтеннің ұясына жұмыртқалайтын көкекке ұқсайсың, ал адамдармен жұмыс істеу керек, олар рухани көмекті қажет етеді», – деді. Сөйтіп, ол бізге Киелі кітап қоғамынан екі кішкентай бөлме берді. Біз аптасына екі рет сол жерге жиналатын болдық. Екі адам ғана қатысуға келген алғашқы жиналысымыз әлі есімнен кетпейді. Мен оларды: «Бес минут күте тұрыңдар, мен қазір келемін», – деп диванға отырғызып қойдым да, өзім жүгіріп далаға шықтым. Өйткені жексенбілік жиналысқа екі-ақ адамның қатысуы мен үшін өте аз болып көрінді, сол үшін көшеден адамдар шақырмақ болдым. Пятницкая көшесінде жүргінші жалпы аз болады, ал жексенбі күні мүлде болмайды десе де болады. Әйтеуір бір кезде көшеден екі адамның сұлбасы көрінді. Оларға не айтқаным есімде жоқ, бірақ олар уақытымыз жоқ дегендерімен де, менімен бірге үйге кірді. Бұлар екі жас қыз болатын. Кейіннен олардың бірі Кристина біздің қауымға мүше болды және ата-анасын да Құдайға алып келді.

Міне, мынау менің алғашқы уағызым: «... күллі халықтарға барып... үйретіңдер». Қарсы алдымда отырған төрт адамға қарадым да: «Сендер мұнда не үшін келдіңдер? Иса Мәсіх: «барып, үйретіңдер» деген, еліміз маскүнемдік пен есірткіден құрып бара жатыр, ал сендер мұнда келіп алып, босқа отырсыңдар!» – дедім. Осылайша екі сағатқа жуық сөйледім. Олардың сол жиналыстан қашып кетпей, қайта келесі жексенбіде екеуінің тағы бір-бірден адам алып келгендеріне әлі күнге дейін тағаламын. Біздің қауымымыз осылайша құрыла бастады.

Мен Құдайға құлшылық ету жиынын қалай өткізу керек екенін мүлде білмейтінмін. Бұл саладағы алғашқы қадамдарымды еске алсам, әрі күлкім келеді, әрі жылағым келеді. «Тропинка» мәсіхшіл-

балалар журналын алып, келген адамдармен бірге балаларға арналған әңгімелерді оқып, сөзжұмбақтарды шешетінбіз. Мен бар-жоғы бір ғана рухани әнді білетінмін, жиналыс барысында оны біз төрт-бес қайтара айтып шығатынбыз және одан ешкім жалықпай, бәрі көздері жайнап, оны бірінші рет айтып отырғандай шырқайтын.

Содан соң менде біртіндеп көмекшілер пайда бола бастады. Бірде метрода келе жатқанымда жанымда орта жастағы бір әйел газеттен «Босқындар» деген тақырыппен басылған мақаланы оқып отырды. Мен одан: «Бұл мақала босқындардың мәселесін қалай шешеді екен?» – деп сұрадым. Оның не деп жауап бергені қазір есімде жоқ, бірақ әлемде бұл сұрақтарға жауап жоқ екендігі белгілі болатын, өйткені әлем тек салдарымен ғана күреседі, ал оның себептері елеусіз қалады. Бұл әлгі тауықтар туралы белгілі анекдотқа ұқсайды. Бір жігіт досына жүгіріп келіп: «Менің тауықтарым қырылып жатыр, не істеу керек екенін білмейсің бе?» – дейді. Досы одан: «Сен тауықтарыңды немен қоректендіріп жүрсің?» – деп сұрайды. «Тарымен», – дейді жігіт. «Сен оны тұздап бер», – деп кеңес береді досы. Бір аптадан кейін жігіт тағы досына келіп: «Бәрібір өліп жатыр», – дейді. «Ал сен оларды немен суғарып жүрсің?» – деп сұрайды досы. «Немені қалай? Сумен», – дейді жігіт. Досы енді: «Сен суға қант қосып бер», – деп кеңес береді. Екі-үш күн өткенде жігіт досына келеді де: «Тауықтарымының бәрі қырылып қалды», – дейді қайғырып. «Қандай өкінішті, – дейді сонда досы, – менің әлі көп ақыл-кеңестерім бар еді». «Міне, өзінің ақыл-кеңестерімен әлем осыған ұқсайды, – дедім мен әлгі әйелге. – Ал мәселенің тамыры тереңде, ол адамдардың Құдайсыз өмір сүріп жатқандықтарында. Бұл жағадағының бәрін жайпап өтетін су тасқыныны секілді. Ал бұл тасқын мұхиттың тереңінен бастау алады. Онда толқу пайда болады да, күшті жарылыстарға ұштасады». Мен әлгі әйелмен танысып, оны үйіме шақырдым. Сол күні біз түннің бір уағына дейін Құдай жайлы әңгімелестік. Кейін ол менен шыққан соң өзін сондай бақытты сезініп, өз өмірінде маңызды бір нәрсенің болғанын түсінгенін айтты. Әйелдің ата Тамара болатын, мектепте информатикадан сабақ беретін. Біздің қауымда ол алғашқы көмекшілердің бірі ретінде қызмет атқара бастады. Оны өзі алғаш рет оқи тұра, ол қауымда Киелі кітап сабағын өткізетін.

Содан соң бізге Виктор Антипов, Клава, Галя, Лия, Катя және

Люся Янбулатовалар келді. Кейіннен Люсяның күйеуі Дмитрий біздің қауымның жетекшісі болды. Ол әскер қатарында жүрген кезде Люся оған хат жазып, Киелі кітапты оқуын өтініп сұрайды. Дмитрий кейде Киелі кітапты ықылассыз парақтап шығатын, ал бұның оны сенімге жақындатпасы белгілі еді. Ол әскерден оралған кезде Люся Мәскеуде оқып жүрген, сондықтан олардың пәтер жалдап тұруларына тура келді. Бірде үйдің қожайыны олардан бір айдың пәтерақысын алдын ала сұрап алып, кейіннен оны алған жоқпын деп тән алмай қойды. Олар ақшадан қатты қысылды, бірақ қауым оларға көмектесіп қажетті ақшаларын бөліп берді. Сол кезде Інжіл Дмитрийге жаңа қырынан ашылды да, ол тәубеге келіп, Құдайға қызмет ете бастады. Қазір Дмитрий қауымның аға жетекшісі және Ізгі хабар таратушы, ол Оңтүстіктегі түзету колонияларында жиі болып, уағыз айтады. Басқа екі жетекші де бізге Арбаттан келді. Өзінің айтуы бойынша, Арбатта мас болып, біздің уағызымызға кедергі келтірген 22 жасар Юрий қауымға тек жанжалын жалғастыру үшін ғана келеді. Бірақ бізде пианинода ойнайтын Ленаны көріп, оған ғашық болып қалады да, сол арқылы Құдайды да жақсы көріп кетеді. Бірнеше жылдан соң ол жетекшілік қызметке тағайындалды. Қазір олардың үш балалары бар. Мәскеу облысының аға пресвитері бізден Юрийді басқа бір қауымға жіберуімізді сұрады. Онда отыз әжей бар екен, ал қызмет ететін ешкім жоқ. Біз Юраға батамызды бердік, қазір ол сонда қызмет етіп жүр.

Инженер Евгений мен оның әртіс әйелі де қауымға Арбаттан келді. Олар бір-бірімен қауымда кездесіп, сол жерде отау құрды. Жастардың үйлену тойында Женяның әкесі маған былай деді: «Бұрын мен қызмет бабына байланысты сіздер секілді сенушілерге көп қысым жасаған едім. Бірақ бір кездері менің ұлым да солардың қатарына қосылып, онымен сол қуанышын бірге бөлісетін болармын деп кім ойлаған!» Осылайша Арбат көптеген адамдардың өмірін өзгеріске ұшыратты.

Ақырындап басқа көмекшілер де келе бастады: тағы бір болашақ дьякон – Игорь, музыканттар – Саша, Люба, Павел, Фаина. Ынталы мінәжат етушілер – Марина, Аня, Слава, Таня, Люда, Евгения, жексенбілік мектептің тамаша оқытушылары – Альмира мен Саша, аудармашы Лена және тағы басқа көптеген тамаша адамдар келді. Бір сөзбен айтқанда, қауым үлкейіп, рухани өсе бастады. Тәжікстандық босқындар: Мүкәрам мен Роза, Таулы Қарабахта соғыс басталғанда Әзірбайжаннан қашқан армян қызы

Эллярлар келді. Отбасы, үй-жайлары, істеп жүрген қызметтері бар осы адамдар бәрін тастап, бастары ауған жаққа қашуға мәжбүр болған. Олар дүниелерінің бәрінен айырылды, бірақ олардың жандарына түскен жараны қандай ақшамен есептеуге болады? Құдай оларды қалдырған жоқ: олар жандарына тыныштық, ал қауымнан – өз отбасыларын тапты. Біздің қауымға тамаша дәрігерлер – профессорлар Николай Антонович пен Ирина Константиновналар да келді. Қауымның көптеген мүшелеріне дәрігерлік көмектерін көрсетті.

Артыма көз салып қарасам, әрі қуанамын әрі таң қаламын: осының бәрінің орнығып қалғаны шынымен де рас па? Бәрі сондай әлсіз басталып еді! Сондай сенімсіз және ебедейсіз басталған, ал қазір пісіп-жетілген қауымға айналды! Мұны Құдайдың құдіреті мен Оның араласуынсыз көз алдыға елестету еш мүмкін емес. Иса Мәсіх: «Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Оны тіпті өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады», – деген. Бұл барлық уақытқа да бірдей ақиқат.

Қауымға әр түрлі адамдар келетін болғанымен, онда рухтың бірлігі айқын сезіліп тұрады. Бір уағызшы қауым туралы былай деді: «Қауым – бұл мүшелікке үміткерден оның лайықсыздығы мен дәрежесінің төмендігі талап етілетін әлемдегі жалғыз қоғам. Қауымда біз әлемнің ықпалынан, құмарлыққа мастану мен тұрмыстық күйтшілдіктен айығамыз. Мұнда біздің жанымыз нұрланып, киеленеміз, ішкі дүниеміз тазарады және Құдайға жақындап, Онымен бірігеміз». Өзімді көп нәрсеге үйретіп және үйретуін жалғастырып келе жатқаны үшін мен өз қауымыма өте ризамын. Қауымға өз өмірлерін Құдайға арнауға даяр қаншама тамаша адамдар келді десеңші! Өмірдегі ең зор байлықтың – адамдар екенін мен осы қауымда түсіндім. Менің барлық туыстарым алыста, Өзбекстанда жүрсе де, Мәскеуде мен қамқорлық пен сүйіспеншіліктен кенде болған жоқпын.

Мен тағы да артыма көз салып отырып, Құдайдың ұлы көрегендігі туралы ойлаймын. Ол мені туыстарымның ортасынан бөліп алып, алыстағы Мәскеуге Өзімен кездесуге дайындау үшін алып келді. Айтпақшы, осы кездесудің осыдан жиырма бес жыл бұрын болуы да мүмкін еді, бірақ, өкінішке орай, ол кезде мен мұны түсінбедім.

Бұл оқиға былай болған еді. Мәскеуге алғаш келген жылдары мен мұражай атаулының бәріне қатты қызығушылық танытатынымын

және «бізді жоғарыға көтеретін алдау» деп бейнелеуге болатын өнерге әуестендім. Лермонтовша айтқанда: «Ол жұлдыз секілді баяу жарқырап, бізді қызықтыра шақырып тұрды, бірақ қайда?» Өнер – бұл тамаша, бірақ Құдайға сенімі жоқ адам жүрегіндегі рухани бос кеңістікті толтыруға тырысып, біресе мұражайға, біресе тарихи орындарға сабылып, әбігерге түседі немесе ұдайы бір нәрселерді: не жиһазын, не әйелін, не елін ауыстырумен болады. Әлдекім бұл туралы: адам өзі жоғалтқан жұмақтың орнына айналасына жаңадан жұмақ орнатқысы келеді деп өте тауып айтқан.

Сонымен, мен «Труд» газетінен Кеңестер Одағы бойынша тек Вильнюстегі мұражайда ғана басында тесігі бар ежелгі адамның бас сүйегінің қаңқасы бар деген мақаланы оқыдым. Ал ол жай ғана тесік емес, аңыз бойынша ол адамның басы қатты ауырған, сол кезде жабайылар қыздырылған найзаны оның басынан тесіп өткізген және ол адам одан кейін де сол тесігімен көп жыл өмір сүрген. Мұны естіген мен, әрине, Вильнюске баруға жолға жиналдым және жалғыз кетпей, әлгі бастағы тесіктің маңызының зорлығына көздерін жеткізіп, өзіммен бірге жұмыс істейтін құрбым Алла мен сол кезде Мәскеуге маған келіп жатқан әпкем Зинаны да ертіп алдым.

Міне, біз Вильнюс көшелерін шарлап, әлгі мұражайды іздеп келеміз. Ол туралы ешкім ештеңе білмейді екен. Біз оны іздей-іздей қаланың шетінен бір-ақ шықтық. Сол жерде бастарына орамал тартқан үш жас қыз кетіп бара жатыр екен. Біз олардан мұражайдың мекен-жайын сұрадық. Олар біз де сол жерге кетіп бара жатырмыз деген соң, олардың соңынан ілестік. Жол жөнекей олар бізге еш нәрсе деген жоқ, ал біз олармен бірге бір ағаш үйдің ішіне кірген кезде, онда жиналып отырған көп адамдарды көрдік. Олар бізбен ізет білдіре амандасып, орындықтардың алдыңғы қатарынан орын берді. Мен оның сиыну үйі болғанын кейін барып түсіндім. Сол күні оларда неке қию рәсімі болып жатыр екен, бірақ неге екені белгісіз, күйеу жігіт пен қалыңдық жылап отырды, ал залда отырғандар дабырлап сиынып жатыр. Мұның бәрі маған бір түрлі ерсі болып көрінді. Бірақ, бәрінен де мен уағызшыдан қатты қорықтым: ол уағыз кезінде ұдайы маған қараумен болды және оның көзінен ұшқын шашырап тұрды. Мен ұшқындар туралы бейнелі емес, дәл мағынасында айтып отырмын. Иә, маған қарай ұшқындар шашырап тұрды және мен олар мені күйдіріп кете ме деп қорқумен болдым. Өз өмірімде содан кейін осындай нәрсені көрген емеспін, ал сол кезде өзімді құрбандыққа шалуға дайындап

отырғандай болып көрінген менің арманым қалайда тезірек сол жерден қашып шығу ғана болды.

Ақыры Құдайға құлшылық ету қызметі де аяқталды. Содан соң олар бізді өзге жерде болатын мерекелік асқа шақыра бастады. Сол сәтте мен: «Иә, бәрі сол жерде басталатын болар?» – деп ойлады. Мен тез арада қонақүйге жетуіміз керек дедім де, асыға басып есікке қарай беттедім. Сонда олар: «Қайсы қонақүйге түскендеріңді айтыңдар, біз сендерді үйлену тойына алып келу үшін машина жіберейік», – деді. Енді олардың бізді шынымен жеп қоймақ ойлары бар екеніне менің еш күмәнім қалмады.

Сол түні мен ұзақ уақыт бойы ұйықтай алмай, дөңбекшіп шықтым. Ақыры көзім ілінгенде, мен өзімнің айқайлаған дауысымнан оянып кеттім. Түсімде әлгі көзінен ұшқын атқылаған уағызшыны көрдім. Бұл протестанттарды ересектер мен балаларды құрбандыққа шалады деп бұрмалап көрсететін «Борскийдің үстіндегі бұлттар» фильмінің әсері еді. Егер сол кезде мен Құдайдың маған жіберген белгісін қабыл алып, әлгі тамаша сенуші адамдарға сенім артсам, онда бәрі де басқаша болуы мүмкін еді. Мүмкін, онда мен ақымақтықтан өмірді білмегендігімнен жасаған ауыр қателіктерімді жасамай, өмірім мүлде басқаша өрбіген болар ма еді? «Бірақ та Құдайдың рақымымен қазір қандай болсам, сондай болдым» және өз өмірімдегі болған барлық оқиғалар үшін Құдайға ризамын. Мен өзіме әр түрлі екі полюс секілді екі үлкен өмір сүргендей болып көрінемін: егер «адамдардың қараңғы түнектен жарыққа, шайтанның билігінен Құдайға бет бұруларына көздерін ашу үшін» Иса Мәсіх келмегенде, мәңгілік қараңғылықта қатып өліп қалуға болатын еді.

Менің өмірімде Құдайдың қолы анық көрінген жағдайлар да болды. 1992 жылы Мәскеуге атақты уағызшы Билли Грэм келген кезде елу мың адам жиналған «Олимпийский» спорттық кешенінде куәлік айту бақытына ие болдым. Ал арада жеті жыл өткенде оның қызымен бірге Франфуркте он мың адамның алдында уағыз айттым. Уағыз аяқталғаннан кейін маған Германияда тұратын орыстар келіп, бәріміз бірге сиындық, сөйтіп олар Құдайға бет бұрды.

Құдайдың белгілері де, рухани жеңістер де көп болды және «Оның маған жасаған рақымы бекерге кеткен жоқ», мен емес «менімен бірге болған Құдайдың рақымы» еңбек етті. Мұның бәрі Құдайдың мейірімі.

Аяғына дейін шыншыл болып, менің өмірімде жеңістер мен қатар жеңілістердің де болғанын айта кеткім келеді. Оларға өзімнің

бар жан-дүниемді ашып берген, бірге қызмет атқарған адамдармен айырылысуға тура келген кездер болды. Бұл не: сатқындық па, әлде менің кінәм бе? Сірә, осының екеуі де болса керек. Адамның әр уақытта бірдей інжілдік ілімнің тереңіне бойлауға қабілеті жете бермейді. Тіпті мәсіхшілердің өзіне бұл үшін көп жылдар, тіпті, бүкіл өмірі кетуі мүмкін. Адам рухани сатымен баяу, біртіндеп көтеріледі. Ал жас мәсіхшіге кейде Құдайдың дауысын осы әлемдегі көптеген өзге дауыстардан ажырату өте қиынға түседі. Жақында мен Арбаттағы уағыз арқылы Құдайға келген бір адамның қаза болғаны туралы естіп, қатты қапаландым. Ол маған өзінің қолдан жасалған финка-қанжарын сыйға тартқан Валера атты нашақор болатын. Өзінің айтуы бойынша, ол әлгі пышағын ешқашан жанынан тастамайды екен. Валера маған оны өзінің Мәсіхке бет бұруының белгісі ретінде сыйлаған болатын.

Арбатта ол адамдардың қалтасын қағумен айналысатын. Адамдардың қалың тобырының арасында оны істеу онша қиын шаруа емес. Бірақ бізге жақындап, менің қолымнан Киелі кітапты көрген де ешкімнің қалтасына түспей, біздің топтан аулақ кетіп қалады: қанша дегенмен киелі орын емес пе, ал ұрылар өте ырымшыл болады. Содан соң оны: «Онда не туралы айтып жатыр екен?» деген ой мазалай бастайды. Ол қайтып оралып, біздің уағызымызды аяғына дейін тыңдады да, келесі күні-ақ қауымға келді. Мен оған Коньковадағы қауымның мекен-жайын бердім, сол жерде ол тәубеге келіп, шомылдыру рәсімінен өтті. Валера шомылдыру рәсімінен өткен кезде оның анасы келіп, өзінің бұл жерге тек бір ғана мақсатпен – ұлын адам жасаған жандардың қандай адамдар екенін көру үшін ғана келгенін айтты. Оның екі ұлы бар екен, үлкені адам өлтіргені үшін түрмеде отыр, ал екіншісі – Валера одан да өткен сорақы, жүрген жерін ылғи да сойқандап сүреді. Мен оған: «Олай деменіз, оны осындай қысқа мерзімнің ішінде өзгертуге адамның күшінің жете қоюы мүмкін бе? Қауымға келген бірнеше аптаның ішінде-ақ ол түзеліп шыға келді, ал бұрын оны мектеп те, милиция да, түрме де, нашақорлықтан айықтыру орындары да өмір бойы жөнге сала алмай келген. Әрине, оны адамдар құтқарған жоқ, олар тек қана оның жолында кездесті, оны Құдай құтқарды». Ол өз бауырымен ешқашан араласпаған екен, бірақ тәубеге келгеннен кейін бауыры отырған түрмеге барды, оған Киелі кітапты апарып беріп, ағасымен татуласып қайтты.

Әлі есімде, тәубеге келгеннен кейін аз уақыт өткенде Валера

уағыз айтуға Арбатқа барды. Ол Киелі кітапты басынан жоғары көтерді де: «Мен бұрын ұры және нашақор болдым. Осында, Арбатқа келіп, сіздердің қалталарыңызды қақтым, бірақ Иса Мәсіх менің өмірімді өзгертті. Бұрын мен қасықтан ауыр еш нәрсені көтеріп көрмеген болсам, қазір жүк тиеуші болып жұмыс істеп жүрмін және Мәсіхті танығаным үшін өте бақыттымын!» – деді. Сонда топтың ішінен біреу: «Сен не айтып тұрсың? Ептілікпен біздің қалтамызды қақтым дейсің бе? Сенбейміз!» – деп дауыстады. Валера: «Сенбейміз дейсіңдер ме?» – деп қайталап сұрады да, жан-жағына қарап тұрып, қас пен көздің арасында біреудің әмиянын суырып алып: «Мынау кімнің әмияны?» – деп сұрады. Кенет топтың арасынан бір әйел: «Менікі, менікі, әкетайым-ау, оны қалай шығарып алдың?» – деп таң-тамаша болды. Содан кейін адамдардың оған деген сенімі артып, айтқан сөздерін айрықша зейін қойып тыңдады.

Осы жылдардың ішінде ол көптеген қауымдарды аралады. Ұдайы бір нәрсені іздеумен болды, қауымда музыкалық қызметті жүргізді. Ән салатын және гитарада тамаша ойнайтын. Өзі адал адам, бірақ рухани өмірге толық қанағаттана алмай сенделумен болды. Оның отбасында қиындықтар бар еді. Бірде ол отбасындағы ұрыс-керістен кейін бір уыс дәрі ішіп алды да, далаға шығып, көшедегі шалшыққа құлап қалады. Мас болып құлап жатқан болар деп ойлаған адамдар назар аудармайды. Оны «жедел жәрдем» келіп алып кетіп, емханада ауыр науқастар бөлімінде бір аптадай өмір мен өлімнің ортасында жатты, бірақ дәрігерлерге оны құтқарып қалудың сәті түспеді. Мені жерлеу рәсімін өткізуге шақырды. Ешқашан дәл сондағыдай жаным ауырған емес. Соңғы жылдары біз көріспесек те, неге екені белгісіз, оның өліміне мен өзімді кінәлідей сезіндім. Арбаттың бізді жақындастырып жібергені сондай, мен оның өмірі мен өліміне өзімнің қатыстылығымды сезіндім. Қабір басында оның жиырма екі жасар ұлы тәубеге келіп, Мәсіхке бет бұрды. Мен үшін тек Валера ауыр науқастар бөлімінде жатқан кезінде Құдайдың Өзі оған жақын болғандықтан, оның да Құдайға жақын болғандығы ғана жұбаныш берді.

Бұл сенімділік Құдайдың біздер үшін жасаған айқыштағы ұлы құрбандығы арқылы нығая түседі. Бұл құрбандық неліктен соншама қорқынышты болды? Ол Мәсіхтің барлық адамдармен ынтымақтастығы арқылы түсіндіріледі. Мәсіхтің айқышында ұлы күш пен үлкен құпия жасырылған. Жазушы А. И. Солженицын

түрмеде отырған кезінде, бірде қалай өзін-өзі өлтірмек болғаны туралы есіне алады. Бәрі дайын болған кезде, кенеттен бейтаныс екі тұтқын еденге, оның аяғының алдына айқыштың суретін салады және сол айқыш оны тоқтатып қалады...

Кеңес түрмелерінде басқа тұтқындарға қарағанда сенуші тұтқындарға қатал қарағаны бұрыннан белгілі жайт. Бірақ өзгелер емес, дәл осы сенуші тұтқындар аяғына дейін төзіп шығатын. Өйткені әлемде тіпті ең қиын деген жағдайлардың өзінде аман қалу үшін өз өміріңнің мағынасы бар екендігін білуден артық ешқандай көмек жоқ. Солженицынның «Иван Денисовичтің бір күні» атты повесінде Шухов баптист Алешаға: «Білесің бе, Алеша... Мәсіх саған түрмеге отыруды белгіледі, сен Мәсіх үшін түрмеге отырдың. Ал мен не үшін отырдым? Қырық бірінші жылы соғысқа дайын болмағанымыз үшін бе? Оған менің қандай қатысым бар?» – дейді. Сенуші адамдар көп қиыншылықтар көрді, бірақ Құдай оларды ешқашан назарынан тыс қалдырмай, қоршап-қолдап, тіпті кереметтер жасау арқылы көмектесіп отырды. Сенімі үшін он сегіз жыл түрмеде отырып шыққан Иван Федотов деген бауырымыз түрмеде өзінің басынан өткен бір оқиғаны әңгімелеп берді. Жалғыз адамдық камерада отырған кезінде оның жүрек талмасы ұстап қалады, сол кезде терезенің кішкентай қуысынан бір көгершін ұшып кіріп, оның кеудесіне қонады да, жанталаса қанаттарын қағып, оған дем береді. Осылайша Құдай жаратқан кішкентай тамаша құс оны құтқарып қалады.

Киелі кітапта: «... бүкіл жаратылыстың толғақ азабы секілді бейнет шегіп, ыңқылдай күрсініп жатқанын білеміз», – деп жазылған. Олар адамдар үшін уайымдап, оларға қызмет еткілері келеді және оларды құтқарып та алады. Киелі кітапта Адамның барлық жан-жануарларға ат бергендігі жайлы егжей-тегжейлі баяндалуы тегіннен-тегін емес. Адам жануарлармен сөйлесетін болған, олардың тілдерін түсінген. Ал қазір, өкінішке орай, адамдар жан-жануар түгілі, бір-бірлерін жөнді түсінбейді.

Бірде мен он тоғыз түрлі тілде сөйлей алатын сенуші бауырымыз Дмитрийдің біздің аулада мысықпен сөйлесіп отырғанын көрдім. Ол ырғақты дауыспен сөйлеп отырды және маған мысық оны өте жақсы түсініп отырғандай болып көрінді.

Ал менің күйеу балам Тельман жерді және өсімдіктерді өте жақсы көреді. Мен оның таңертеңгісін гүлдермен сөйлесіп отырғанын бірнеше рет байқадым. Ол мектепте мұғалім болып

жұмыс істесе де, жер туралы әңгімелегенді өте ұнатады. Өткен жылы ол маған қуана: «Жүзіммен ақыры ортақ тіл табыстым, ол көп сөйлескенді ұнатпайды, мен оны түсіну үшін көп күш жұмсадым. Ал ана арықтың жағасында өсіп тұрған ағаштар биыл маған ренжіп, амандаспай жүр. Мен оларды діңгек алу үшін отырғызғанмын, биыл оларды кесуім керек, ал олар мұны сезіп қойды. Бұрын мен таңертең далаға шыққанымда ағаштардың бүкіл бұталары сыбдырлап, менімен амандасатын, ал қазір олар қатып қалғандай үндемейді. Тіпті бұталарындағы ұялардың бәрін құлатып тастады, биыл құстардың өз бұталарына ұя салуларына болмайтынын ескерткілері келеді», – деді. Ағаштар адамдарға өкпелейді және құстарға ескерту жасай алады... Құдай жаратылмыштарының арасындағы қандай терең өзара байланыс!

Құдай әлемі тамаша және оның ішіндегі ең тамашасы және маңыздысы – бұл сүйіспеншілік: Құдайдың адамға деген және адамның Құдайға деген сүйіспеншілігі, адамдардың арасындағы сүйіспеншілік. Біз Можайск еңбекпен түзеу колониясына уағыздық сапармен барған кезімізде мен кітапханашыдан: «Сіздерде қандай кітаптарды көбірек оқиды?» – деп сұрадым. Сонда ол: «Көбіне сүйіспеншілік туралы», – деп жауап берді. Бүкіл әлемнің адамдары тіпті өздеріне махаббат мейрамы – махаббат күні, әулие Валентин күнін жасап алды. Махаббат – Құдай табиғатының басты қасиеті. Сондықтан адамның өмірінде махаббатқа деген сөнбейтін іңкөрлік өмір сүреді.

Сіздерге сүйіспеншілік жайлы бір әңгіме айтып берейін. Мен оны өздеріңізге таныс, сталиндік лагерьлерде болып қайтқан Гюли Федоровнадан естіген болатынмын. Міне, оның әңгімесі: «Лагерьде біз бір-біріміздің жеке өмірлеріміз жайлы әңгіме бөлісіп, бір-біріміз жайлы көп нәрсеге қанығатынбыз. Тек мұнда не үшін отырғанымызды ғана білмейтінбіз. Біздің арамызда Ира атты жас қыз болды. Сол қыз ғана бізге өзінің жеке өмірі туралы еш нәрсе айтпайтын. Ол түрмеде жиырма жыл отырып шықты. Билік басына Хрущев келіп, жазықсыз сотталғандар ақталып жатқан кез болатын. Бірде Ира, мен және Галя деген сотталып шыққан тағы бір әйел үшеуіміз екі жылдан кейін кездейсоқ кездесіп қалдық. Бұл кездесуге қуанған біз дәмханаға барып бір шиша шарап алдық та, өткенімізді есімізге ала бастадық. Сонда біз Ираға: «Саған қандай айып таққанын енді айтатын шығарсың?» – дедік. «Иә, енді айта аламын, – деді ол. – Мен шет тілдері институтын бітіріп, ағылшын

елшілігіне аудармашы болып жұмысқа орналастым. Бірде сол жерге ағылшын лорды келіп, маған ғашық болып қалды, сөйтіп екеуіміз үйлендік. Біздің қосылғанымызға үш ай болған кезде кеңес өкіметінің елшілігі оны жиырма төрт сағаттың ішінде еш себепсіз, ештеңені түсіндірместен елден шығарып тастады. Ол маған: «Сақ бол, сендерде бір сұмдықтар болып жатыр. Мен кете салысымен сені де қамауға алатын болар деп ойлаймын. Менің Англиядағы мекен-жайымды жаттап ал және өзің жайлы хабарла», – деп айтып қана үлгерді. Бірақ сол кезде менің бұған сенгім келмеген еді, кейін үш күннен соң мені қамауға алды, ал арғы жағын өздерің де білесіңдер. Міне, менің бар тарихым осы», – деді.

Сол кезде біз Галя екеуіміз бір дауыстан: «Оның мекен-жайы сенің есіңде ме?» – деп сұрадық. «Есімде, – деді Ира, – бірақ одан не пайда? Арада жиырма екі жыл өтіп кетті және ол қарапайым адам емес, лорд қой. Сірә, ол ендігі үйленіп, мені ұмытып та кеткен болар, өйткені біз бар болғаны үш-ақ ай бірге тұрдық емес пе. Бұл бос әурешілік». Біз бой бермей жатып оның мекен-жайын алдық, содан соң батылдық үшін деп тағы бір стақаннан шарап ішіп алдық та, бірден орталық поштаға барып, оған жеделхат жолдадық. Арада біраз күн өткенде одан: «Мен өмір бойы тек сені ғана жақсы көрдім және сені іздеумен болдым. Күтем», – деген жауап хат келді. Ол өзі келмей, Ираны кездесуге дайындау үшін өзінің жеке ұшағымен адам жіберді.

Ира әлгі адам келген кезде біздің бірге болуымызды өтінді. Өзін өте ыңғайсыз сезінді: күні кешегі түрме төсегі, әжетхананың ауыр шелектері және кенеттен – жеке ұшақпен Англияға сапар шегу. Бәріміз жиналып күтіп отырмыз. Бір кезде сымбатты ағылшын жігіті кіріп, бізбен амандасты да: «Миссис Петрова қайсыңыз?» – деп сұрады. Біз отырған орындығымыздан құлап қала жаздадық, біздің Ирка ма – миссис? Бұрын кітаптардан оқығанымыз болмаса, біз мұндайды бірінші рет көріп отырмыз. Ол Ираға: «Барлық құжаттар даяр, ұшақ әуежайда күтіп тұр, бірақ, кешіріңіз, сіз маған өз киім-кешектеріңізді көрсете алмас па екенсіз?» – деді. Ира атам заманнан келе жатқан шиқылдаған шифоньерін ашып, ішінде ілулі тұрған жалғыз қызыл кеудешесі мен қара жүн орамалын көрсетті. Сонда ағылшын жігіті Ирадан өзімен бірге дүкенге баруды ұсынды да: «Үйде бәрі дайын тұр, біз тек жолға – бір киерге ғана киім аламыз», – деді. «Березка» деп аталатын шет елдіктерге арналған жабық дүкенге бардық. Сол жерден киініп шыққанда

Ираны мүлде танымай қалдық. Оның үстіндегі сусар тонының өзі он мың доллар тұратын. Міне, біздің Ира дәл ханшайым секілді өзінің жеке ұшағының баспалдағымен көтеріліп бара жатыр, ал біз оның артынан қарап тұрып: «Бұл түсіміз емес пе?» – деп ойладық.

Кейін ол бізге суреттерін салып, хат жазып жіберді. Күйеуінің шешесімен бірге өзін қалай күтіп алғанын жазыпты. Ира оны бірден таныпты: «Тек шашының ағарғаны болмаса, бұрынғы қалпы екен», – дейді. Оның алғашқы айтқан сөздері мынау болыпты: «Мен сені ұзақ іздедім, ал сен соншама уақыт үнсіз болдың! Әйелімнің қайда екенін сұрап, кеңес елшілігіне хаттар мен жеделхаттарды қарша бораттым. Сенің тірі екеніңді білдім. Тіпті, сен екі жыл бостандықта болған кезінде де іздеуімді жалғастыра бердім және елшіліктен сені іш сүзегінен қайтыс болды деген хабар алдым. Бірақ сенің тірі екеніңді жан-жүрегіммен сезіндім. Сондықтан да үйленбей, жиырма екі жыл бойы сені күтумен болдым».

Ира өзінің хан сарайы секілді үлкен үйде тұратынын жазыпты. Бірақ, түрмедегі көргендерімді ешқашан ұмытпаймын дейді. Онда адамдар бөшкедегі балықтар секілді сығылысып жататын, бір қырынан екінші қырына тек бұйрық бойынша ғана бұрылу мүмкін болатын. Қасында жатқан адам өлсе, бұған адамдар қуанатын, өйткені жаңа адам әкелгенше бір түн болса да еркін жатуға мүмкіндік туатын. Әсіресе олар өлген адамдарға қызғана қарап: «Оған жақсы болды, ол азаттық алды!» – десетін. Міне, біздің Иранның басына осындай бақыт қонды», – деді Гюли Федоровна әңгімесін аяқтап. – Бірақ, егер бұрын басынан әлгіндей қиындықтарды өткізбегенде, өз басына қонған осы бақытты бағалай алар ма еді, білмеймін». Осындай сүйіспеншілік пен адалдықтың болғаны қандай жақсы. Өйткені бұл, әсіресе біздің уақытымызда сирек кездесетін болғандықтан, жанымызға қатты әсер етеді. Осы әңгімені тыңдай отырып, мен Құдайдың сүйіспеншілігі мен адалдығы және Оның: «Мен сенен бас тартпаймын, ешқашан жалғыз қалдырмаймын», – деген уәдесі туралы ойладым.

Мен осы жолдарды жазып отырған кезде Гюли Федоровна қайтыс болды. Оның тағдыры өте ауыр болған. Алғашқы күйеуі тастап кетті, екінші рет басқа біреуге күйеуге шыққанында оған өшіккен алғашқы күйеуі Гюлиді Формоза аралынан келген жапон барлаушысы деген жаламен екеуін де түрмеге қаматты. Ол түрмеде жатқанда босанып, жеті айдан кейін әлгі баласы шетінеп кетеді. Екінші күйеуі де түрмеде өлген. Ол үшінші күйеуімен қартайған шағында қосылды.

Бұл оның бала кезінен келе жатқан досы еді. Гюли ақталғаннан кейін, оған деген көзқарасы жақсы тергеуші оның алғашқы күйеуінің жазған арызын көрсетіп, нақақтан жала жапқандығы үшін түрмеге отырғызуды ұсынады. Бірақ ол: «Қажеті жоқ, оның әйелі, балашағасы бар, обал ғой. Бұл тек жамандықты көбейтеді. Мәсіх: «Бір-бірлеріңе кешірімді болыңдар», – деген дейді».

Ол үш рет өз-өзін өлтірмек болып, үш ретінде де сәтсіздікке ұшырайды. Соңғы рет, жіпке асылып тұрған кезінде ол: «Өрекеттенбей-ақ қой, одан ештеңе шықпайды. Шешең әлі тірі ғой. Саған Мен Өзім келемін», – деген дауысты естиді. Оны байқап қалған адамдар құтқарып алады. Содан соң ол абайсызда шелек тартып кетіп, терең құдыққа құлап түседі. Бірақ одан да тірі қалады. Ал лагерьде «беделді тұтқындар» ұрлап алған бір қап картопты кімнің алғанын айтпай қойғаны үшін қарауылдар оны аяусыз ұрып-соғып, өлген адамдармен бірге сарайға лақтырып тастайды. Түн ортасында есін жинаған да өзінің астында жатқан мұздай «бөренелерді» қолымен сипап көре бастайды. Содан кейін өзінің тырдай жалаңаш, өліктердің ортасында жатқанын түсінеді. Еңбектеп есікке жетеді де, сарайдан шығады. Денесі ап-арық, ұзын шаштары жалбырап келе жатқан оны көрген күзетші қатты қорқып: «Өрмекші, өрмекші жорғалап келе жатыр!» – деп айқайлап жібереді. Осылайша ол тағы да аман қалады. Ал зонада саптан бір адым шығып кеткені үшін сол жақ кеудесінен оқ тиеді. Кеудесінде тыртық қалғанымен, оқ жанап өтіп кетеді. Оның басынан не өтпеді десеңізші: суықты да, аштықты да, тепкіні де көрді, тастай суық карцерде егеуқұйрықтардың арасында да жатты, бірақ оны Құдай сақтап келді. Оның басындағы тағдыр өте ауыр болды, оны көтеруге әркімнің бірдей қабілеті жете бермейді. Бірақ, жүкті түйесіне қарап артады деген ғой. Ол жүрегі кең, қайырымды адам болатын, барлық қиындықтарда оған дәл осы қасиеті көмектесіп отырды.

15 ақпанда мен Гюлиді туған күнімен құттықтап бардым. Әрі сол күні діни мейрам болатын. Үстел басында отырғанда оның күйеуінің туыстары менен құттықтау сөз айтуымды сұрады. Мен ескіславяндық «сретение» сөзінің кездесу дегенді білдіретінін айттым. Бұл мейрам қандай кездесудің құрметіне белгіленген? Біздің сансыз көп кездесулеріміздің ішіндегі ең бастысы – бұл осы жер бетінде сеніміміз арқылы Тәңіріміз Иса Мәсіхпен кездесу. Осы кездесу біздің басқа кездесулеріміздің барлығын және оның ішіндегі ең бастысы – Құдаймен кездесуімізді айқындап береді. Сол

сәтте мен мұның оған айтып отырған соңғы сөздерім болатынын білмеген едім. Келесі күні ол кісі қайтыс болды. Кездесуге кетті. «Жақсы атақ қымбат иісмайдан артық, адамның өлген күні туылған күнінен артық», – деп Сүлеймен қалай дәл тауып айтқан. Гюли өлімді қалап еді, енді, міне, оның қиыншылықтары аяқталды. Оның өмірінен алынған осы оқиғалар ол туралы жылы естелік болып қалса жақсы болар еді. Ол дарынды, жан-жақты адам болатын. Әйгілі американдық биші және ақын Есениннің әйелі – Айседора Дункан оны кішкентай кезінде өзінің театрында билеуге шақырды. Гюли Федоровна көптеген белгілі артистермен дос болды, бірақ ол түрмеден шығып келген кезде, өздерінің беделдеріне нұқсан келтіруден қорыққан олардың бәрі онымен кездесуден қашқақтады, өйткені Гюли «халық жауы» еді. Тек Любовь Орлова ғана оны үйіне шақырып, паналатты. Ал қазір ол «ауру да, жылап-сықтау да, қайғы-қасірет те болмайтын» жерде тыныш жатыр.

Гюли Федоровнаның тағдыры Ресейдің қайғы-қасіретке толы тарихымен сипаттас. Ол секілді көптеген адамдар қуғын-сүргінге ұшырап, соғысты, түрме мен ашаршылықты бастарынан өткерді. Онымен салыстырғанда біздің қазіргі қиыншылықтарымыз айтуға да тұрмайтындай болып көрінеді. Қазір біздер өз қиындықтарымызға кінәлілерді іздегеннің орнына, өз күнәларымыз бен халқымыздың күнәлары туралы ойланғанымыз жөн. Біз: Ата-бабамыздай біз де күнәға баттық, заңсыздық істеп, зұлымдық жасадық, – деп халқының атынан сиынған ұлы дін қайраткерлері секілді тәубеге келуіміз керек. Тек сонда ғана біз еліміздегі жағдай жақсарады деп күте аламыз. «Олар Иемізге сенбесе, қалай Оған сиынады? – деп сұрайды елші Пауыл, – Ол туралы естімесе, қалай сенеді? Оны ешкім уағыздамаса, қайдан естиді?»

Бүгін біз вокзалда болдық. Онда адамдар Ізгі хабарды қалай зейін қойып тыңдады десеңізші! Соңғы апталарда мұндай жағдайларды жиі байқап жүрмін және мұның Шешенстанда болып жатқан соғыспен тікелей байланысы бар ғой деп ойлаймын. Мен адамдардың Ізгі хабарды қандай кездері жақсы қабылдайтындарын байқап жүрмін: 1991 жылғы бүлік кезінде және одан кейін, 1998 жылдың 17 тамызындағы экономикалық құлдыраудан кейін және қазір, Шешенстанмен соғысып жатқан кезде. Бұл мүлде түсініксіз нәрсе емес, бірақ қызықтырарлық дерек және бұл орыстарша айтқанда: «Күн күркіремейінше, еркектің шоқынбайтынының» айқын бір дәлелі.

1991 жылы Ақ үй алдындағы Манежде солдаттарға төрт мың Інжіл таратқанымызды Құдайға алғысымды айта отырып есіме аламын. Манежде қорқынышты, өлі тыныштық орнаған. Алаңда танкілер тұр. Айналада адамдар көп болғанымен, ешкім бір-бірімен тіл қатыспайды, бәрі үнсіз. Өлі есімде, мен бір биіктеу жерге шығып алып, Киелі кітапты жоғары көтердім де, солдаттарға: «Бізді өлтірмеңдер, Құдай қан төгілгенін қаламайды. Мәсіх біздің бір-бірлерімізді сүюіміз үшін Өзінің жанын қиды. Біз бәріміз бауырлармыз және біздің Көктегі бір-ақ Әкеміз бар!» – дедім.

Маған осы өлі тыныштықта біреу өзімді қақ маңдайымнан атып салатындай болып көрінді. Мен мұны өзімнің болмаған батырлығымды көрсету үшін емес, осындай кездерде Құдайдың адамның бойына таңқаларлық батылдық беретінін дәлелдеу үшін айтып отырмын. Бүлік кезінде осы алаңға шығуды ұсынған Киелі кітап қоғамының қызметкері, беделді де құрметті адам менің Киелі кітап туралы емес, тек қана Ельциннің жарлығын оқып беруімді өтінді. Онда барлық бүлікшілер өкіметті заңсыз басып алушылар болып жарияланған болатын. Бірақ мен оған өзімнің Ельциннің жарлығы үшін өлгім келмейтінін, мұнда тек Мәсіх үшін ғана келгенімді айттым. Сол кезде менің Мәсіх үшін ештеңенің, тіпті, өлімнің өзі қорқынышты емес екеніне көзім жетті.

Ал Ақ үйдің алдында бәрі басқаша болды. Онда демократтар жиналған еді, олар бір-бірлерімен әңгімелесіп, бір отбасының мүшелеріндей болып тұрды. Сол кезде адамдар Ізгі хабарды қалай зейін қоя тыңдап, оны қалай таратып алып кетті десеңізші!

Құдайға шүкір, тоқсаныншы жылдардың басында көптеген адамдардың көздері ашылып, өздерінің ата-бабаларының істеген зұлымдықтарына жағаларын ұстады. Бірақ, өкінішке орай, адамның табиғаты тұрақсыз және екі жүзді. Киелі кітапта халық алдымен: «Тәңір мадақталсын!» – деп Исаға құрмет көрсетсе, кейіннен: «Айқышқа шегеленсін!» – деп айқайлады. Осылайша, біздің бір мезгілде Құдайға да қызмет еткіміз келеді және көппен көрген ұлы той деп, қызыл тудың астында жүре бергіміз келеді.

Қай жағына шығу керектігіне таңдау жасау қажеттілігі тек Ресейдің ғана емес, бүкіл халықтардың және әрбір адамның алдында тұр. «Мен саған өмір мен өлімді ұсындым. Өзің және үрім-бұтағың өлмеуі үшін өмірді таңда».

Осы күз бен қыс ішінде Ленинград вокзалында солдаттарға жүздеген Інжілді таратқанымыз үшін Құдайға алғысымды айтамын

және мұның міндетті түрде жақсы жемісін әкелетініне сенемін. Бірде залдың жартысы әскерге шақырылған дағыстандықтарға толып отырды. Маған өз уағызымның бағытын сәл өзгертуге тура келіп, оларға Аллах, пайғамбарлар, Мұхаммед және Мәсіх туралы әңгімеледім. Дағыстан мен Шешенстаннан келген адамдардың жүректері ашу-ызаға толы: орыстар олардың елдерін талқан етті, ал олардың түсінігі бойынша Мәсіх – орыс болып есептеледі, ондай болса Мәсіхтің оларға қандай қажеті бар?

Уағыз кезінде әлгі дағыстандықтар маған: «Бізде әйелдер бастарына орамал салып жүреді», – деді. Менің мойнымда орамал бар еді, соны алдым да: «Қазір, балалар, орамалды басыма салып алайын», – дедім. Сол кезде олардың арасынан бір жас жігіт маған жақындап: «Рұқсат болса, мен оны біздің жақтағыдай етіп салып берейін», – деді де, орамалды басыма мұсылманша, маңдайымды жаба тартып берді. Бұған қарап залда отырғандар қолдарын соғып: «Біздікі! Біздікі» – деп айқайласты. Уағыздан соң дағыстандықтардың көпшілігі Інжілді алып жатты, ал мен олардың бірінің екіншісіне: «Бұл кітапты кір қолымызбен ұстауымыз дұрыс емес, қолымызды жууымыз керек еді», – деп жатқанын естідім.

Мұсылмандардың ішінде уағызды тәжіктер бәрінен жақсы тыңдайды, оларға мұны тіпті Құран тіліне аударудың да қажеті жоқ. Осыдан бір апта бұрын, уағыздан кейін маған Шали атты бір тәжік жігіті келіп, мұсылмандардың киелі соғысы – шейіт туралы айтып берді. Сол соғыста оның үш бауыры қаза болыпты. «Мен бауырларымды мақтан тұтамын, – деді ол, – өйткені олар жұмаққа кетті. Бірақ, мына сіздердің істеп жүргендеріңіз жақсы шейіт. Сіздер ешкімнен жасырынбай, «соғысты» ашық жүргізесіздер. Ал ана шейітте сенің артыңнан оқ атады, ал оның кім екенін көре алмайсың... Күндердің күнінде Алланың сотына барған кезде Ол: «Сен менің Құран кітабымды білесің бе?» – деп сұрайды. Мысалы, мен: «Жоқ, менің оны оқуға мүмкіндігім болмады: мен араб тілін білмедім және бізді кеңес өкіметі жетпіс жыл бойы Құдай жоқ деп үйретті», – деймін. Сол кезде Аллаһ менің өмірім жазылған фильмді көрсетеді де: «Қалайша сенің мүмкіндігің болмады? Ленинград вокзалында мен саған мұғалімді жібердім ғой», – дейді». Мен нағыз мұсылман адамның осылай ой толғағанына таң қалдым. Егер барлық жерде киелі соғыс, оның сөзі бойынша – «шейіт» осы вокзалдағыдай жүретін болса, онда оның бауырлары өлмеген болар еді. Ол бізге уағызымыз үшін алғыс айтып, Інжілді алып кетті.

Сірә, бауырларының қазасы маза бермей, ол ұдайы «шейіт» деген не деген ойда жүрсе керек. Өкінішке орай, «шейіт» сөзінің шынайы мағынасы «талпыныс» екенін және бұл «дүниеге» қарсы күрес екенін мұсылмандардың көпшілігі бірдей біле бермейді. Құдай жаратқан әлем өздігінен жаман емес, бірақ адамдардың бір-бірлерімен ара-қатынастары мен олардың істері көбіне Құдайдың еркіне қайшы келеді. «Дүние» адамдарды өзіне тартады, әділетті өмір сүруден алшақтатып, оларды сараң, қатігез және тәкаппар етеді. Ал шейіт осы жамандықтарға қарсы күрес болып табылады. Адамдар көбінесе өздерінің жек көрушілігін мұны жақсылық үшін жасап жүрмін деп дәлелдеуге тырысады.

Тағы басқа бір тәжік – Кеңестер Одағының халық әртісі Жорабек Мурадов, мен оған Өзбекстандағы бір тәжіктің үйлену тойында Киелі кітапты сыйлағанымда, ол мұны жанында отырған қала басшыларына қуана көрсетіп шығып: «Қымбатты тәжік бауырлар, егер біз осы кітапты оқып шығып, осында жазылғандай өмір сүретін болсақ, онда біз ешқашан бір-бірімізбен соғыспаған болар едік және біздің елімізге көптен күттірген тыныштық орнар еді», – деді. Ал: «Бірақ бұл кітап мәсіхшілдік туралы айтады ғой?» – деген сұраққа, ол: «Бұл кітап сіздер мен біздер туралы айтады. Тәжіктер – еврейлерді Бабыл тұтқынынан босатуға қатысқан көне киелікітаптық халық. Ал Киелі кітаптағы Ишая пайғамбардың жазбасындағы Иерусалим ғибадатханасының құрылысына барлық жағдайды жасаған Кир патша – біздің арғы атамыз. Израильге концерт қоя барғанымда, үлкен ашық алаңға жиналған халықтың алдында мен бұл туралы былай дедім: «Тыңдаңдар, еврейлер, біз сіздермен бауырлас халықпыз және сіздер біздің алдымызда қарыздарсыздар, өйткені осыдан екі жарым мың жыл бұрын сіздерді Бабыл тұтқынынан босатып алдық және сіздердің ғибадатхана салуларыңызға біз көмектестік». Сол кезде бүкіл зал орындарынан тұрып, бұл сөздерді ду қол шапалақтаумен қарсы алды. Ал қала әкімі маған қаланың символдық кілтін тапсырды». Үйлену тойынан әлгі әртіс өзінің сансыз тыңдармандарының алдында Киелі кітапты кеудесіне аялай қысқан күйінде қайтты. Оның бұл кітапты қайдан алғанын адамдардың көпшілігі білетін, сондықтан да олар: «Китоб, китоб!» («Кітап, маған да сондай кітап берші!») – десіп мені қоршап алды. Бір сағаттың ішінде ол менің соңғы бірнеше жылда істегенімнен артық нәрсе жасады. Бірақ, мен Құдай Сөзін таратудағы ұзақ та тынымсыз еңбексіз өзім Құдай сыйы ретінде қабылдаған осы оқиға

да болмас еді деп ойлаймын. Менің бауырымның баласы оны тәжік шекарасына дейін шығарып салып, үйге өте қуанышты күйде қайтты, өйткені өзі пір тұтатын адамы Киелі кітапты және мені көп мақтапты. Ал жақында ғана менің әлгі бауырымның баласы маған: «Тәте, сіз өзіңіздің мәсіхшілдігіңізбен және Киелі кітабыңызбен бізді ұятқа қалдырып жүрсіз!» – деген болатын.

Менің көптеген немере, жиен балаларым бар. Құдайға шүкір, олардың басым көпшілігі Мәсіхке бет бұрды: екеуі рухани семинарияны бітірді, ал төртеуі және немере бауырым мен оның қарындасы Киелі кітап колледжінде оқиды, жиенім Лейла менімен бірге рухани семинарда сабақ береді. Бірақ, әсіресе үйінде менің туыстарым мен ирандық көршілері жиналып бірге сиынып, Киелі кітапты оқитын үлкен ағам үшін қуаныштымын. Ал осыдан аз-ақ уақыт бұрын ол: «Сенің Мәсігің кім? Ол біздің ұлы пайғамбарымыз Мұхаммедтің қарапайым бақташысы болған!» – дейтін. Ал мен оған: «Дұрыс айтасың, Мәсіх шынында да Бақташы болған және тек Мұхамедтің ғана емес, біздің бөріміздің Бақташымыз болды. Дәуіт патша Оны мейірімды Бақташы деп атаған», – деп жауап бердім. Егер жақындарыңыз Мәсіх туралы тыңдағылары келмей, сіздерді қудаласа, үміттеріңіз үзілмесін. Уақыт – бұл дәнді қоректендіретін құнарлы топыраққа ұқсайды. Бір күні ол бой көтере өсіп шығып, жемісін береді.

Сірә, Құдай Сөзінің адамдар жанында қаншалықты таңқаларлық дәрежеде әрекет еткендігі тек мәңгілікте ғана ашылатын болар. Осыдан екі ай бұрын менің келінім өзбек тіліндегі «Мәсіхтің астарлы әңгімелері» кітапшасын өзінің алыс ауылда тұратын он екі жасар кішкентай сіңлісіне бергені туралы айтты. Ол ештеңе айтпастан, Иса Мәсіхтің астарлы әңгімелері туралы қызықты тілмен жазылған және соңғы бетінде олардың адамдарды таңдау жасауға және Исаның жолына түсуге шақыратыны туралы айтылатын кітапшаны сіңлісіне тастап кетеді. Бір күні исламды берік ұстанатын әдебиет пәнінің мұғалімі оларға сабақтан тыс сағатта оқу үшін балаларға кез келген тақырыпта әдеби шығарма жазып келуге тапсырма береді. Сол кезде әлгі қыз Мәсіхтің астарлы әңгімесін оқып береді. Апайының: «Мұны сен бізге не үшін оқыдың?» – деген сұрағына ол бұл астарлы әңгімелердің таңдау жасауға және жақсылық пен жарық жолына, Иса Мәсіхтің жолына түсуге шақыратынын айтады. Бұл үшін қызды мектептен шығарып жібереді және кейін оны ешкімнің «інжілдендірмегеніне» және уағыз жүргізу үшін ешкімнің арнайы жіберме-

геніне көз жеткізгеннен кейін ғана өзер деп қайтадан мектепке алады. Жырақтағы бұл ауылда уағызшы түгілі тірі мәсіхшінің өзі де ешқашан болып көрмеген еді. Мінеки, баланың жанында керемет жасайтын кітап оның қолына кездейсоқ түсіп қалды да, оның бірден осы кереметті басқалармен бөліскісі келді. Мен өзім ешқашан да көрмеген осынау тамаша қыз алыс ауылда Құтқарушы жайында айтып, өзінің Мәсіх өсиетін орындап жүргенін және сол арқылы Ол үшін азап тартып үлгіргенін білмейді. Біз тірі уағыз арқылы жете алмаған жерлерімізде кітап өз жұмысын жасайды. Ол, садақтан атылған жебе секілді, өзінің діттеген жеріне тиеді.

Мен Құдайға отбасымдағы, өз отанымдағы және осында, Мәскеу көшелері мен вокзалдарындағы осы еңбек үшін, өзімнің өмірімнің әлдебіреуге керектігі және оның дәл осылай өрбігені үшін алғысымды айтамын. Құдайдың жүзімдігінде еңбек ету – бұл үлкен бақыт және Тәңірдің шапағаты. Достарым шақырған кезде Америкаға кетіп қалмай, осында қалғаныма шүкіршілік. Қайта құру кезінде адамдар шетелге көптеп кетіп жатты. Ол кезде менің сенімге жаңа келген кезім болатын. Бір күні мені мәсіхшілер жаңұясы – Дима мен Люся үйлеріне шақырды. Олардың төменгі жастағы алты балалары бар еді. Мен өзіммен бірге тағы бір сенбеуші адамды ертіп бардым. Олар өте жұпыны тұрады екен, темір төсектерінен басқа ештеңелері жоқ, бірақ, үйлері жылуға толы, әрі көңілді еді. Кейінірек мен осы отбасының дастархан үстінде қант болғанына соншалықты қуанған кездерін көрдім, ал сол біз келген күні үстел үстінде кішкентай торт тұрды. Есіктің ар жағынан анасының балаларына, бұл торт қонақтар үшін, сендерге тек қонақтардан кейін ғана қалғанын беремін деп жатқанын естідім. Әрине, бұл жағдай маған қатты әсер етіп, мен бұл отбасын өте жақсы көріп, олармен достасып кеттім. Сол үйде мен Гая атты тағы бір сенушімен таныстым. Олардың бәрі шет елге кетуге бел буды, ол кезде адамдар, әсіресе сенушілер Америкаға Израйл визасы бойынша мыңдап кетіп жатқан болатын.

Көпшілікке еліктеп, мен де көшу үшін құжаттарымды өткізіп қойдым. Арада үш ай өткенде АҚШ-та тұруға рұқсат қағаз және американ елшілігіне шақыру қағазы келді. Сол кезде мен күн сайын Арбатқа шығып уағыз жүргізетінмін, шақыру қағазын алған кезде, ең алдымен Америка туралы: «Ол жерде мен не істеймін, онда Арбат жоқ қой?» деп ойладым. Мен Американың қандай екенін білмейтінмін, Батыста да ешқашан болып көрген емеспін,

бірақ ол жақта мұндай Арбаттың жоқ екенін анық білетінмін. Ал ол жаққа материалдық пайда үшін бару – бос әурешілік. Егер Арбат болмағанда, мен мүмкін басқа әлемді, басқа өмірді көру үшін кетіп те қалған болар ма едім. Бірақ, менің Арбатта тапқан бақытымды еш нәрсемен салыстыруға келмейтін, сондықтан да Ресейде қалып қойдым, тіпті, американ елшілігіне барған да жоқпын. Маған достарым Америкадан хат жазып, телефон шалып тұрады. Жақында Галя: «Сенің Америкаға кетіп қалмағаның жақсы болды, сен сол жақта көбірек керексің» деп жазыпты. Америкаға барғанда өмірімнің қандай болатынын білмеймін, ал бұл жерде мен Құдайдың батасына ие болдым – мұны мен өте жақсы білемін! Өз өмірімнің ең жарқын жылдарын өткерген Мәскеуді жақсы көремін және Ресейде үлкен рухани ояныш болатынына қатты сенгім келеді.

Сіздер менен бұл кітапты не үшін жаздың деп сұрарсыздар? Мұның жауабы оның атында тұр: мен үшін Мәсіх – бұл мәңгілік көктем. Мен көктемде тәубеге келдім. Құтқарылу мейрамы күні өзім тұратын үйден елу метір қашықтықта орналасқан Илья пайғамбардың ғибадатханасына бардым. Көшеде адамдар көп болатын, діни қызметші ғибадатхананың балконына шықты да, халықты: «Мәсіх қайта тірілді!» деп құттықтады. Сол кезде менің жан-дүнием: “Шынында да қайта тірілді!” деп жауап қатып, қуаныштан жүрегім кеудеме сыймай кетті. «Әрбір мейрамның жаны – сол мейрамның себепкерінің қатысуы» (Филарет Московский). Мен осы қатысуды сондай айқын сезіндім! Маған осы құттықтаудың мағынасы тек сол кезде ғана толық ашылды: жарық дүниеде «Мәсіхтің қайта тірілгенінен!» артық бақыт жоқ. Қайта тірілген Мәсіх бізді де қайта тірілтеді және өлген кезде Мәсіхтің мені жерде қалдырмай, мәңгілікке өзіне алып кететініне сенемін. Мен осы кездесуді күтемін.

Дәл сол көктемде менің өмірімде тағы бір айрықша оқиға болды. Құдайға жаңа бет бұрып, жан-дүнием айрықша қуаныш пен сүйіспеншілікке толы болып жүрді. Бұл мамыр айының басы болатын. Бір күні мен түн ішінде сиынып отырғанда, мені осынау тымық түн мен өмірдің құпиялылығы үлкен ойға батырды. Өмір деген не?... Көздерімнен жас моншақтап ағып жатты. Менің осы түннің ішінде еріп, жоқ болып кеткім келді. Қант немесе тұздың суға ерігені секілді. Сол сәтте жүрегімнің түкпірінен менің жаным: «Тәңірім, егер Сен шынымен де бар болсаң, менің Сені көргім келеді!» – деді ышқына. Неге бұлай дегенімді білмеймін. Бірақ,

мен Құдайдың бар екенін дәлелдейтін қандай да бір кереметті көруді сұрамағанымды анық білемін. Бұл сөздер жүрегімнен менің ырқымсыз шығып кетті. Олар, тіпті, Құдайға да емес, айқын тыныстап тұрғандай болған осы түнге бағышталғандай болды. Кенет, мен өзім де күтпеген жерден: «Көресің!» – деген дауысты естідім. Бұл еркектің де, әйелдің де үні емес еді, ол жүректен шықты. Мен селк ете қалдым да, бір нәрсенің болатынын бірден түсіндім және бұл Құдаймен байланысты болғандықтан, бұл жағдай болған кезде мен қорыққанымнан жүрегім жарылып кететін болар деп ойлады. Іштей: «Тек қорықпасам болғаны», – деп қайталай бердім. Ол түні ештеңе болмады да, ақыры мен ұйықтап кеттім.

Арада бірнеше күн өткенде, күндізгі сағат төрттер шамасында мен жаңбыр жаумас па екен деген оймен аспанға қарау үшін бөлменің терезесіне жақындадым. Күн бұлтты болатын. Бір жаққа баруға асығып тұр едім. Терезеден аспанға көз салсам, аспанда кеудесінен жоғары қарай Иса Мәсіхтің бейнесі көрініп тұр. Оның таң қаларлықтай үлкен көздері маған қарап тұрды. Бет-жүзі ап-айқын. Мен Оған Оны күніне үш реттен көріп жүргендей қарап тұрдым. Мен: «Міне, керемет! Аспанда Мәсіх тұр! Бірақ Оның қолайсыз уақытта көрінгенін қарашы, менің асығыс шаруаларым бар еді» деп ойлады. Оған тағы біраз уақыт қарап тұрдым да, Оны тастап, жұмысыма жүгіріп кеттім. Оның келбетінен тыныштық лебінің есіп тұрғаны сондай, мен Оған қанша уақыт қарап тұрсам, Ол маған сонша уақыт аспанда тұра беретіндей болып көрінді. Бірақ менің күйкі тірлігім одан маңыздырақ болып шықты. Мен Оны аспанда қалдырып, өзімнің түкке тұрмайтын әлдебір шаруаларыммен айналысып кеткенім сондай, кешке дейін әлгі оқиғаны есіме алуға да мұршам келмеді. Мүмкін, Құдай әдейі бәрін осылай ыңғайластырған болар, өйткені мен Одан: «Тек қорқып қалмасам болды» деп сұрадым ғой. Кешкісін үйде, кешкі асымды ішуге отырған кезде, жүрегімнің түкіпірінен: «Көрдің бе?» деген әлгі дауысты тағы да естідім. Сол кезде мен бәрін: сол түнді, төккен көз жасымды, мінәжатымды және әлгі дауысты есіме түсірдім және тек сол кезде ғана өзімнің нені бұлдіргенім санама жетті. Бір уағызшы: «Егер адамдар аспаннан періштені күн сайын түскі сағат он екіде көре беретін болса, онда олардың таңданыстары ұзаққа бармас еді, содан соң олар аспанға тек періштеге қарап уақытты білу үшін ғана көз салған болар еді» деп қалай тауып айтқан.

Мен бұл туралы ешқашан айтпасам да, осы оқиға Арбатта

маған көп көмегін тигізді. Бұл құпияммен сенушілердің өзімен де тек ерекше жағдайларда ғана бөлісетінмін. Кейде Арбатта өздерінің пәлсапалық пікірлерімен адамдарды және менің әлі қатаймаған сенімімді шайқайтын «білгір» адамдар кездесіп тұратын. Сондай кездерде есіме аспаннан көрінген тірі Мәсіх түсетін. Сол сәтте бәрі өзгеріп шыға келетін: менің бойыма тың күш құйылып, ерекше бір сенімділікпен сөйлей бастағанымда, адамдардың бәрі әлгі «білгіштен» кетіп қалуын өтіне бастайтын. Мен сенушілердің күн сайын кез келген қалыпты жағдайларда-ақ кереметтерді көретініне нық сенімдімін. Және ең басты керемет – бұл біздің жүрегімізге орнығатын сүйіспеншілік.

Жер бетінде үстемдік құратын зұлымдықты тек сүйіспеншілік қана жеңе алады. Тек сүйіспеншілік қана біздің өмірімізді бақытты да мағыналы етеді. Мынандай бір аңыз бар: елші Жохан әбден қартайып, өлер шағы жақындағанда шәкірттерінің бірі одан: «Жохан, сіз неге ұдайы тек сүйіспеншілік туралы: Құдайдың бізге деген және адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі жайлы айта бересіз? Өзге бір нәрсе туралы неге айтпайсыз?» – деп сұрайды. Сонда жас кезінен бастап Мәсіхті сүйген Жохан: «Өйткені одан басқа ештеңе жоқ – тек сүйіспеншілік қана», – деп жауап береді.

Жер бетіндегі әрбір адам сүйіспеншіліктен және сүйіспеншілік үшін жаратылған, өйткені ол – Құдайға ұқсас және Оның бейнесі. Әрбір адам – «баға жетпес қазына», олардың әрбіреуі жайлы жеке-жеке кітап жазуға болады. Бірақ, адамның жады өтпелі болып келеді. Құдай бізге: «Өзіңді мәңгілік сүйіспеншілікпен жақсы көрдім», – дейді. Сіздерге осы кітаптың беттерінен Құдайдың бізге деген ұлы сүйіспеншілігі туралы айтқым келді.

Мәсіх – менің өмірімнің жалғыз мағынасы. Ол – менің қайта тірілуім және мәңгілік көктемім.

